

**Р.Т. Айтбай, Ә.Қ. Қасымова, А.О. Ешмұқамбетов**

# **ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ**

**Жалпы білім беретін мектептің  
6-сыныбына арналған оқулық**

## **6**

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді**






**Алматы «Атамұра» 2018**

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72  
А 32

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

**Оқулықтағы шартты белгілер:**

-  – сұрақтар мен тапсырмалар
-  – тест сұрақтары
-  – шығармашылық тапсырмалар

**Айтбай Р.Т., т.б.**

**А 32** Дүниежүзі тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/Р.Т. Айтбай, Ө.Қ. Қасымова, А.О. Ешмұқамбетов. – Алматы: Атамұра, 2018. – 160 бет.

ISBN 978-601-331-148-7

«Дүниежүзі тарихы» құлиеленушілік құрылыс жойылған кезеңнен феодалдық қатынастардың ыдырай бастауына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл оқулықта Еуропа және Азия елдеріндегі феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы және құлдырауының себептері баяндалады.

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72

ISBN 978-601-331-148-7

© Айтбай Р.Т., Қасымова Ө.Қ.,  
Ешмұқамбетов А.О., 2018  
© «Атамұра», 2018

## КІРІСПЕ

Орта ғасырлар – бүкіл дүниежүзі тарихының ежелгі дүние мен жаңа тарих аралығындағы кезеңі. Бұл Еуропада он екі ғасырға тең, ал Шығыс елдерінде одан да ұзақ. Аталған дәуірге тән көне белгілер кейбір елдерде әлі күнге дейін сақталып келеді. Орта ғасырларда феодализм пайда болып, үстемдік құрды және ыдырай бастады. Ол адамзат қоғамында жаңа экономикалық, қоғамдық-саяси өмірдің пайда болуымен және дамуымен сипатталады. Орта ғасырларда адамзат қоғамы өзіне дейінгі өткен өмірдің материалдық және рухани мәдениетін одан әрі дамытып, үлкен жетістіктерге жетті.

Орта ғасырлар дәуірінде қалаларда өнім өндіретін ұсақ кәсіпорындар көбейді, мәдениет дамыды. Мануфактуралар өсіп шықты, болашақ буржуазиялық (капиталистік) қоғамның шаруашылық және әлеуметтік негізі – өнеркәсіп пен жұмысшы табы пайда болды.

Дүниежүзі тарихының ортағасырлық кезеңін оқытуда төмендегідей мақсаттар қойылады:

- Оқушылардың бойында тарихи сананы қалыптастырып, дүниежүзі елдерінің орта ғасырлардағы тарихы мен мәдениетін таныстыру.

- Адамзаттың орта ғасырлардағы құндылықтарын игеруге бағытталған зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларын дамыту.

Оқу пәнінің міндеттері:

- Оқушылардың адамзат өркениетінің орта ғасырларда жеткен нәтижелері туралы түсінігін қалыптастыру.

- Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім беру.

- Орта ғасырлардағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар қызметіне сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту.

- Тарихи зерттеу жүргізе білуге баулу.

- Орта ғасырлар тарихы пәнінен алған білімді өмірде қолдана білуге үйрету.

- Өз ойы мен тұжырымын жеткізе білу және топпен жұмыс жасау біліктілігін жетілдіру.

Оқулық 11 тарау, 30 параграфтан тұрады. Оқулықта берілген материалдар оқушылардың орта ғасырлардағы дүниежүзі тарихының негізгі оқиғаларын терең білулеріне көмектеседі. Өр тақырыптың мәтініндегі курсивпен жазылған терминдердің мағынасын 147–155-беттерден анықтауға болады. Тақырып соңындағы сұрақтар мен тапсырмаларды орындау олардың білімін жетілдіре түседі.



## §1. «ОРТА ҒАСЫРЛАР» ТҮСІНІГІ

Бүгінгі сабағымызда «орта ғасырлар» түсінігін анықтаймыз. Оның қандай кезеңдерден тұратынын білеміз және орта ғасырлар тарихына арналған деректермен танысамыз.

**Негізгі ұғымдар:**

ерте орта ғасырлар,  
дамыған орта ғасырлар,  
кейінгі орта ғасырлар,  
деректер.

«Орта ғасырлар» дегенде көз алдымызға сауыт-сайман киген рыцарьлар мен тас қамалдар, отқа өртелген ғалымдар, крест ұстаған діндарлардың бейнесі келеді.

«Орта ғасырлар» деген сөз тіркесі қайдан шықты? Оның төл атауы латынша *медиум* – *орта, аевум* – *ғасыр*. Бұл тіркес алғаш рет Италияда XV–XVI ғасырларда қолданылған.

Гуманист-тарихшылар бұл атауды Батыс Еуропа тарихының антикалық дәуірінен Қайта өрлеу (Реннесанс) кезеңіне дейінгі аралықты сипаттау үшін пайдаланған.

**Орта ғасырлар тарихының кезеңдері.** Орта ғасырлар тарихы үш кезеңнен тұрады. Біріншісі – *ерте орта ғасырлар*. Бұл кезеңде феодалдық өндіріс тәсілі қалыптасты. Екіншісі – *дамыған орта ғасырлар*. Үшіншісі – *кейінгі орта ғасырлар* феодализмнің ыдырауымен және капиталистік өндіріс тәсілінің туа бастауымен сипатталады.

Ерте орта ғасырлар	Дамыған орта ғасырлар	Кейінгі орта ғасырлар
V–XI ғасырлар	XI ғ. аяғы – XVI ғасырдың басы	XVI–XVII ғасырдың ортасы

*Ерте орта ғасырларда* ірі жер иелері пайда болды. Феодалдар шаруа қауымдарын өздеріне бағындырды. Оларға жер берді, ол үшін үлкен көлемде салықтар алды. Малын бақтырып, егінін салғызды. Ал *дамыған орта ғасырларда* шаруалар феодалдарға толық тәуелділікке түсті. Олар жерді феодалдардан жалға алып, өнім өндірді. Феодалдарға өнім түрінде салық төледі. Оның көлемі барған сайын өсе түсті.

Феодалдардың өздері де бір-біріне сатылы бағыныштылықта болды (*король, ірі феодалдар, дінбасылары, рыцарьлар т.б.*). Ақша-тауар







Орта ғасырлардағы шаруалар еңбегі

қатынасы күшейді, қалалар өсіп, әлеуметтік жағдай шиеленісе түсті. Осыдан келіп феодалдық қоғамның сипаты өзгере бастады. Наразылықтар, шаруалар мен қала тұрғындарының көтерілісі жиіледі. *Кейінгі орта ғасырларда* феодализмнің қайшылықтары күшейе түсті. Наразылықты басу үшін күшті мемлекет, күшті билік керек болды. Осыдан келіп бұрынғы бытыраңқы мемлекеттерді бір орталықтан басқарылатын мемлекеттерге айналдыру жолындағы әрекеттер күшейді. Орталықтанған мемлекеттерде көтеріліс пен наразылықты болдырмай, феодалдарға өз байлығының «қызығын көруіне» мүмкіндік беретін күшті үкімет – феодалдық абсолюттік (жеке-дара басқару, жеке билік) үкімет билік жүргізді.

Ортағасырлық мемлекеттер әсіресе ерте орта ғасырларда құрылған ірі мемлекеттік бірлестіктер мықты болмады. Мысалы, Ұлы Карл империясының аумағы өте үлкен болды, алайда оның ішкі экономикалық байланыстары мығым емес еді. Себебі империяға біріктірілген көптеген халықтар бір-бірін түсінбеді. Олар шаруашылықтары мен әдет-ғұрыптары жағынан бір-бірінен тым алшақ еді. Сондықтан бұл мемлекет ұзақ өмір сүре алмады, ақырында бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетті.

Бір орталықтану ортағасырлық мемлекеттер үшін дұрыс қадам болды. Бұл, *біріншіден*, феодалдық өзара қырқысу соғыстарына тежеу салды. *Екіншіден*, басқа мемлекеттердің ел ішіндегі алауыздықты пайда-





Ролланд бастаған франктердің өздеріне шабуыл жасаған жергілікті тұрғындармен Пиреней тауындағы шайқасы.  
*XIV ғасырдағы миниатюра*

ланып, күйзелген елді жаулап алу әрекетіне тоқтау салды. *Үшіншіден*, ауылшаруашылығы өнімдерін мол өндіруге жол ашылды. *Төртіншіден*, қалалар өсті, қолөнер, сауда дамыды.

**Орта ғасырлар тарихының деректері.** Біз орта ғасырлардағы оқиғаларды *деректер* арқылы білеміз.

Еуропаның ерте орта ғасырлар кезеңінің оқиғаларына арналған *«Ниbelунгтар туралы жыр»*, *«Ролланд туралы жыр»* т.б. шығармалар. *«Ниbelунгтар туралы жырда»* халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі оқиғалар баяндалған. Жырдың негізіне V ғасырдағы франктер мен бургундықтардың (ниbelунгтар) ғұндармен қарым-қатынасы және өзара соғыстары арқау болған.

*«Ролланд туралы жырда»* франк королі Ұлы Карлдің және оның қолбасшысы Ролландтың Испанияға жорығы баяндалған. Бұл жорықта ержүрек Ролланд ерлікпен қаза тапқан. XII ғасырда жазылған жырда халықтың патриоттық сезімі бейнеленген.

V–XI ғасырлардағы жазба деректерге II Юстинианның *«Азаматтық құқықтар жинағы»* кіреді. V–IX ғасырлар аралығында Рим империясының аумағында орналасқан герман, кельт тайпаларының әдет-ғұрып заңдары жазылды. Олар: *Бургунд, Вестгот, Салийлық, Саксондық ақиқаттар*.





Шаруашылық саласына байланысты деректерге *жер тізімі* мен *кадастры* (халық санағы мен салық төлемдері) жатады. Бұл топтағы аса маңызды дерек – ағылшын корольдігіндегі халық санағына арналған «Қаһарлы сот кітабы».

Қоғамдық-саяси жазбалар (*хартиялар*) да маңызды дереккөз саналады. Мәселен, Франция королі VI Людовигтің Лорис қаласына берген хартиясы, византиялық «*Энарх кітабы*» мен XIII ғасырдағы «*Париж қаласының қолөнер кітабы*». Монархиялық биліктің қалыптасу кезеңінде деректердің жаңа түрі парламенттік хаттамалар мен статуттар (ережелер) қалыптасты. Бұлардың қатарына Франция Бас штаттарының хаттамалары, Кастилия т.б. кортестерінің шешімдері кіреді.



«Қаһарлы сот кітабы»

Шығыс елдерінің деректеріне: ерте орта ғасырлардағы Қытай жылнамалары, араб географтары мен саяхатшыларының еңбектері, жер бөлу жөніндегі құжаттар, құқықтық заңдар, «Монғолдардың құпия шежіресі», «Яса» («Жасақ») т.б. кіреді.

#### Ойталқы

Тарихи деректерсіз өткен кезең туралы толық мәліметтер алу мүмкін бе?

1. «Орта ғасырлар» термині қашан пайда болды?
2. Тарихтың орта ғасырлар кезеңінде адамзат дамуының қандай сатысына тоқталамыз?
3. Орта ғасырлар деректерінің ежелгі антикалық деректерден ерекшелігі неде болды? Салыстырып көрсетіңдер.
4. Орта ғасырлар тарихы кезеңдерінің деректері қандай құжаттардан құралды?

\* Орта ғасырлар кезеңдерінің ерекшеліктерін кестеге түсіріңдер.

Ерте орта ғасырлар	Дамыған орта ғасырлар	Кейінгі орта ғасырлар



## §2. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ҚОНЫС АУДАРУ ДӘУІРІ ЖӘНЕ БАТЫС РИМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты Батыс Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу. Сабақ барысында Батыс Рим империясының құлауына герман және ғұн тайпаларының тигізген әсерін білетін боламыз.

### Негізгі ұғымдар:

Батыс Рим империясы, ғұндар, Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі, Аттила.

### Батыс Рим империясындағы дағдарыс.

IV ғасырдың аяғында Батыс Рим империясының аумағы ұлан-ғайыр еді. Оның құрамына Еуропаның батыс бөлігі, Дунайдың оңтүстік жағалауындағы жерлер, Балқан түбегі, Жерорта теңізіндегі аралдар, Солтүстік Африка және Мысыр, Қара теңіздің шығыс жағалаулары, Кіші Азия, Сирия, Палестина,

Месопотамияның бір бөлігі кірді. III ғасырдың аяғынан бастап, Батыс Рим империясы дағдарысқа ұшырай бастады. IV ғасырда Батыс Рим империясы әлсіреді. Оның бірнеше себептері болды. Ең басты себебі – құлдар еңбегінің тиімсіздігі еді. Құлдар өнімді көп өндіруге мүдделі болмады. Еңбегіне ақы алмай, тек тамағы үшін ғана ауыр жұмыс істеуге мәжбүр болған құлдар қасақана еңбек құралдарын бұлдіріп, зиянкестік жасады, жұмыстан жиі бас тартты.

Император Диоклетиан (284–305) кезінде Батыс Рим империясының мемлекеттік құрылысы өзгеріске ұшырады. Сенат іс жүзінде маңызынан айырылып, өз орнын императорлық кеңеске берді.

Салық заттай және ақшалай төленетін. Заттай алынатын салыққа: нан, ет, тұз, шарап, зәйтүн майы, сірке суы жатқызылды. Бүкіл империяда халық санағы жүргізілді. Империядағы жердің көлемі есепке алынып, 5 жылда бір тексеріліп тұратын болды. Жұмыс күштеріне қарай салық салынды. Қолөнершілер мен саудагерлер ақшалай салық төледі. Империя тұрғындары мемлекеттің пайдасы үшін әртүрлі жұмыстар атқарып отырды. Мәселен, көпір, жол, сарайлар т.б. салды.

Император Константин империя аумағында христиан дінін уағыздауға еркіндік берді. Балалар, естеріңе түсіріңдер, бұрын христиан дінін ұстанғандар қудаланатын еді. Себебі Рим империясында ресми дін пұтқа табыну болатын. Константиннің анасы христиандыққа бүйрегі бұрғандықтан, ол да христиан дініне өтеді. Константин христиан ілімі империя тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді деп сенді. Алайда христиан діні мемлекеттік дін болып тек 381 жылы император





Константин қайтыс болғаннан кейін ғана жарияланды. Бұл оқиғаның Рим тарихында зор маңызы бар еді.

Империяның құрамында жаңа қуатты қоғамдық ұйым қалыптасты. Бұл ұйымның басқару жүйесі сатылы түрде құрылып, иеліктерінде көп жерлері болды. Христиан шіркеуінің басшысын «*papa*» деп атады. Шіркеу мемлекеттік діни ұйым ретінде бүкіл империя аумағында үстемдік етті. Оған бағынбаған өртүрлі топтар *күпірлер* (еретиктер) аталып, шіркеу тарапынан қудалауға түсті.

Сөйтіп, құлдар мен қарапайым еңбекші халық шіркеуге де сыйсыпат, алым-салық төлеп тұрды. Дінбасыларға деген наразылық қалың бұқара арасында *күпірлер қозғалысын* туғызды.

Ұлы қоныс аудару дәуіріне дейінгі варварлардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылығы. Рим империясының солтүстік көршілері (гректер мен римдіктер оларды «*варварлар*» деп атаған) *германдықтар*, *кельттер*, *славяндар* еді.


Варвар деген гректің «*жатжерлік адам*» деген сөзінен шыққан. Бұл тайпалардың даму деңгейі өртүрлі еді. Империяға ену қарсаңында көпшілігі мемлекет құру алдындағы сатыда тұрады.

Кельттер б.з.б. VI–III ғасырларда қазіргі Германия мен Франция, Испания, Ирландия, Англия, Швейцария және Солтүстік Италия аумағын мекендеді. Олардың қоғамдық құрылысының ертеден келе жатқан түрі рулық қауым еді. Ру көсемдері төңірегіне тұрақты жасақ жинады. Кельт қоғамының бай топтары билікті *друидтер* деп аталған абыздармен



V ғасырдағы  
Герман деревнясы





Ертедегі герман қауымы шағын ауылдарда тұрды. Ауылдар бау-бақшалары бар бірінесе ауладан құралды. Өрбір қауым мүшесі егістіктің өзі немденген бөлігін өңдеді

бөліскен. Абыздар сот қызметін де атқарып, тайпалар арасындағы даулы мәселелерді шешіп отырған. Кельттер ортағасырлық Еуропаның әсіресе француздар мен ағылшындар, ирландықтар және испандықтардың этникалық қалыптасуына өз үлесін қосты.

Ежелде герман тайпалары Рейн, Висла, Дунай өзендерінің, Солтүстік және Балтық теңіздерінің жағалауын, Скандинавия түбегінің оңтүстік бөлігін мекендеген.

Б.з.-дың I ғасырының соңына қарай герман тайпалары өздерінің өндіргіш күштерін айтарлықтай дамытты. Олар жер өңдеу әдістерін жақсартып, ірі қара мал өсірді. Қолөнер жақсы жетістіктерге жетті. Темір рудасын өндіру саласы дамыды. Рим империясымен шекаралас аудандарда римдік саудагерлермен қарым-қатынас орнады. Германдықтар тұрмысының жақсаруы олардың санын көбейтті. Енді жер тапшылығы байқалды. Жер өзекті мәселеге айналды. Олар империяның

Хрестоматияның 5–6-беттеріндегі «Тацит германдықтардың тегі мен мекенжайлары туралы» атты құжатты оқыңдар.

өңделген, құнарлы жерлерін басып алуға ұмтылды. Осы мақсатпен қатты күйзеліске ұшыраған Батыс империяға герман тайпалары – *вандалдар* (батыс готтар), *остготтар* (шығыс готтар), *ағылшын-сакстер*, *франктер* және тағы басқалар шабуылдарын күшейтті.

**Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі. Ғұндар мен герман тайпалары.** IV–VII ғасырлар Еуразия мен Еуропа тарихына «Халықтардың ұлы қоныс аудару» дәуірі ретінде кірді. Бұл антикалық дәуірдің құлдырауы мен жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасу кезеңі еді. Ұлы қоныс аудару





дәуірін IV ғасырдың ортасында Орталық Азиядан шыққан ғұн тайпалары бастады. (*Қазақстан тарихынан ғұндар туралы білгендеріңді еске түсіріңдер*).

IV ғасырда ғұндар рулық-тайпалық қатынаста өмір сүрген. 374 жылы ғұндар

көптеген тайпаларды бағындырып, Батыс Рим империясына орналасып алған герман тайпаларын ығыстыра бастады. 375 жылы остготтарды бағындырған ғұндар вестготтарға шабуыл жасайды. Ғұндардан қашқан вестготтар 376 жылы Рим императорымен келіссөз жүргізіп, империя жеріне қоныстануға рұқсат сұрайды. Бірақ олар Римде тұрақтап қала алмады, азық-түлік қоры таусылды, оның үстіне империя тұрғындары варварларға қарсы күресін тоқтатқан жоқ еді. Сол себепті вестготтар Оңтүстік Галлияға өтіп кетті. 418 жылы Оңтүстік-батыс Галлияда Вестгот корольдігі пайда болды.

«Вестгот королі Аларих 410 жылы Римді жаулап алды. (Хрестоматияның 7–8-беттеріндегі «...готтардың 410 жылы Римді алуы туралы» деген құжатты қараңдар.)

#### Ойталқы

Ғұн тайпаларының жорығы Батыс Рим империясының құлауына ықпал етті деген тұжырыммен келісесіңдер ме?

429 жылы вандалдар ғұндармен бірге келген аландармен қоса Солтүстік Африкаға өтті. Вандалдарды король *Гейзерих* басқарды. Ол Солтүстік Африканың едәуір бөлігін басып алып, 429 жылы Вандал корольдігін құрды.

Еуропа жеріне келген ғұндар Атила (Еділ) тұсында күшейді. V ғасырдың ортасында Тиса жағалауында ғұн мемлекеті өмір сүрді. Атила Еуропадағы сол кездегі қуатты билеушіге айналды. Паннониядан ғұндар Балқан мен Кіші Азияға жорықтар жасап тұрған.

455 жылы вандалдар Римді жаулап алып, тонады (хрестоматияның 9-бетіндегі ... вандалдардың Римді тонағаны туралы деректі оқыңдар).

Атила Еуропадағы үстемдік үшін күресе отырып, Галлиядағы Вестгот, Бургунд және Франк корольдіктерінің бай жерлеріне ие болуға ұмтылды. Ғұндармен бірге жорыққа одақтас герман тайпалары, *остготтар*, *аландар* және т.б. аттанды.

451 жылы Галлия қалалары: Мец, Шпейер, Реймс өртке оранды. Ғұндар Парижге жетпеді. Сол жақтан олар Орлеанға шабуыл жасады. Орлеан мықты бекініс және биік қамал мұнараларымен қоршалған болатын. Атилага Орлеанды алу қиынға соқты. Сондықтан ол қаланы алу әрекетін тоқтатады.



Осы жылы Каталаун даласында римдіктер мен ғұндар арасында үлкен шайқас болды. Шайқас нәтижесінде екі жағы да әлсіреді. 453 жылы Атилла қайтыс болған соң, құдіретті Ғұн мемлекеті ыдырап кетті.

**Батыс Рим империясының күйреуі.** 476 жылы Батыс Рим империясының тағына 16 жасар Ромул Август отырғызылады. Халық оны менсінбей *Августул* деп атады. Римдік қолбасшылардың бірі *Одоакр (Әдекер)* герман тайпаларынан құрылған әскерлерінің қоныстануы үшін Италияның үштен бірін беруді талап етті. Император бұл талабын орындамаған соң *Одоакр* әскерімен көтеріліске шықты. 476 жылы императорды тақтан құлатып, жер аударды. Одоакр өз жауынгерлеріне және көмекке келген құлдарға байлардан тартып алынған жерлерді бөліп берді. Осы жыл тарихта *құлиеленушілік құрылыстың жойылған* және Батыс Рим империясының құлаған жылы деп саналады. V ғасырдың аяғына қарай ғұндардың ығыстырумен Рим империясының жеріне басып кірген франктер Галлияда, остготтар Италияда, ағылшын-сакстер Британия аралдарында өз мемлекеттерін құрды.

Әсіресе Хлодвиг басқарған Франк корольдігі ерте ортағасырлық мемлекеттер арасында өте қуатты еді (франктер туралы хрестоматияның 25–28-беттеріндегі деректерді оқындар).

#### Ойталқы

Герман тайпалары шабуыл жасамағанда Батыс Рим империясы құлар ма еді?

- ?? 1. Батыс Рим империясы қашан құлады?  
 2. Батыс Рим империясының әлсіреуіне себеп болған жағдайларды анықтаңдар.  
 3. Хрестоматиядағы Тациттің еңбегіне сүйеніп, ежелгі германдықтардың шаруашылығы мен тұрмысы жайлы кесте жасаңдар.  
 4. Кельттер мен германдықтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылығын салыстырып, сипаттама беріңдер.
- ? 1. IV ғасырдың аяғында Батыс Рим империясының құрамына кірген жерлер (тест тапсырмасында бірнеше дұрыс жауабы болуы мүмкін)

- а) Солтүстік Африка  
 ә) Мидия  
 б) Бактрия  
 в) Кіші Азия

- г) Кушан  
 ғ) Парфия  
 д) Сирия  
 е) Урарту





2. Б.з.-дың I ғасырының соңына қарай герман тайпалары

- а) өзара жаулаушылық соғыстар жүргізді
- ә) жер өңдеу өдістерін жақсартты
- б) Кіші Азия түбегіне басып кірді
- в) Батыс Рим империясына тәуелді болды
- г) ірі қара мал өсірді
- ғ) римдік саудагерлермен қарым-қатынас жасады

3. 410 жылы Римді басып алды

- а) Агамемнон бастаған гректер
- ә) Аларих бастаған вестготтар
- б) Атила бастаған ғұндар
- в) Гейзерих бастаған вандалдар
- г) Эрманарих бастаған остготтар
- ғ) Теодорит бастаған вестготтар

\* Ғұндарға қатысты мына кестені (инсерт) толтырыңдар.

Ғұндар туралы бұрынғы білетін-деріңді жазыңдар.	Қандай қызықты жаңа мәліметтер білдіңдер?	Ол деректер сендерді қызықтырды ма?	Тағы не білгілерің келеді?

**§3. ВИЗАНТИЯ – РИМНІҢ МУРАҒЕРІ**

Бүгінгі сабағымызда Византияның ішкі саясатын сипаттап, оның ұзақ өмір сүруінің себептерін анықтаймыз. Көрші елдермен қарым-қатынасын қарастырамыз.

**Рим империясының екіге бөлінуі.** Рим империясының шығыс аймақтары экономикасының даму деңгейі жағынан батыс аймақтардан әлдеқайда алда болды. Сол себепті император *Константин* 324 жылы астананы Рим қаласынан Босфор бұғазындағы *Византий* деген шағын қалаға көшірді. 330 жылы ол қаланың аты *Константинополь* деп өзгертілді. Константинопольдің астанаға айналуы оның географиялық орнына байланысты еді. Ол Еуропадан Азияға, Қара теңізден Эгей теңізіне апаратын аса маңызды сауда жолдарында жатты.

**Негізгі ұғымдар:**

Византия империясы, василевс, патриарх, «Азаматтық құқықтар жинағы».

395 жылы Рим империясы ресми түрде Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп кетті. Константинополь *Шығыс Рим империясының* астана-



сы болып қалды. Бұл қала бұрын Византий деп аталғандықтан, Шығыс Рим империясы тарихта *Византия империясы* деп аталды.

Византияның құрамына Балқан түбегі, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Мысыр, Месопотамия мен Арменияның біраз бөлігі, Жерорта теңізінің шығысындағы аралдар мен Қырым, Кавказдағы иеліктер кірді. Халықтың құрамы ала-құла болды: гректер, еврейлер, арабтар, иллирийліктер, дактар, армяндар, грузиндер т.б. VII ғасырға дейін латын тілі мемлекеттік тіл болғанымен, көпшілік грек тілінде сөйледі.

**Византия империясының экономикалық жағдайы.** Шығыс Рим империясы ерте орта ғасырда Батысқа қарағанда әлдеқайда бай еді. Империяны Мысыр пен Фракия астықпен қамтамасыз етіп отырды. Қалалары қаңырап бос тұрған Батыс Еуропаға қарағанда Византияда тіршілігі қайнап, қолөнері дамыған сауда орталығына айналған Александрия, Иерусалим, Константинополь сияқты қалалар көп болды. Константинополь Шығыс пен Батыс арасындағы «алтын көпір» атанды. Бұл қаладан өлемнің түкпір-түкпірінен – Қытайдан, Түрік қағанатынан, Ираннан, Үндістаннан, Батыс Еуропадан, Африкадан келген саудагерлерді кездестіруге болатын. Византияның алтын ақшасы *номисма* барлық елдерде ең сенімді ақша саналды.

Византия империясының жері құнарлы, ауа райы егіске қолайлы еді. Сол себепті империя аймақтарында жылына 2–3 рет өнім жиналатын. Егіншілікпен қатар, Византияда бау-бақша өсіру кең өріс алды. Суармалы жерлерде жүзім, зәйтүн, құрма, көгөністер өсірілді. Мал шаруашылығы да жақсы дамыды. Византияның ауылшаруашылығында құл еңбегінен гөрі ерікті жер иеленушілер мен шаруалар еңбегі басым болды. Сондықтан да Византиядағы ауылшаруашылығы Батысқа қарағанда дөуір жоғары деңгейде дамыды.

#### Византия империясының күшеюі



**I Юстиниан тұсындағы Византия.** Византия империясы *I Юстиниан* (527–565) билік құрған кезінде күшейді.



Мемлекеттік құрылымы жағынан Византия империясы бір адамның шексіз билігіне бағындырылған монархия болды. Барлық өкімет билігі *василевстің* (византиялық император атағы) қолына шоғырланды. Жұрт Құдайдан кейін императорға табынатын. Ол Шығысқа төн сән-салтанат құшағында өмір сүрді. Император билігін мұрагерлікпен иелену заң жүзінде бекітілмеді. Сондықтан шамасы келген бүлікші жеңіске жетіп, тақты басып алса, заңды мемлекет басшысы болып шыға келетін.



Византия қоғамында «*димдер*» деп аталған саяси партиялардың ықпалы зор болды. Олардың ішінде әсіресе венеттер (көгілдір) мен прасиндер (жасылдар) партиялары ерекше оқшауланатын. 532 жылы осы партиялардың басшылығымен болған *Ника* (жеңу) *көтерілісі* әрең дегенде басылды.



I Юстиниан

I Юстиниан билік құрған кезде христиан діні үстем жағдайға ие болып қана қойған жоқ, ол бірден-бір мемлекеттік дін деп жарияланды. Христиан шіркеуі императорлардың одақтасына, мемлекеттің тірегіне айналды. Империя ынтымағын нығайтқан саяси билік пен дін бірлігінің нышаны ретінде I Юстиниан 532–537 жылдары Константинопольде Өулие София соборын салғызды.



Константинопольдегі Өулие София соборы





Хрестоматияның 11-бетіндегі Ника көтерілісі туралы деректі оқыңдар.

VI ғасырдың аяғынан бастап Византия шіркеуінің ең жоғарғы басшысы Константинополь *патриархы* болды. Императорлар шіркеулерге жер бөліп

беріп отырды, оларды салықтан босатты.

Шығыс Рим империясының Батыстан бір ерекшелігі – Византия халықтарының бәріне бірдей ортақ әрі міндетті заңдар мен құқықтар негізінде өмір сүруі болды. I Юстиниан билігі кезінде жазылған «*Азаматтық құқықтар жинағы*» византиялық заң шығарушылық ой-пікірдің жетістігі. Ол заңдар императордың шексіз билігін, құлиеленушілік құрылысты нығайтуды, меншік құқын қорғауды көздеді.

Хрестоматияның 13–14-беттеріндегі Юстинианның кодексінен үзінді оқыңдар.

Сондай-ақ жекеменшікті қорғау, мұрагерлікті реттеу, отбасы құқын сақтау, сауда-саттықты дамыту жолдары тұжырымдалды. I Юстиниан заңдары император билігін, империя-

ны басқаруды нығайтты, экономиканың дамуына үлес қосты.

I Юстиниан 534 жылы Солтүстік Африкадағы вандалдар корольдігін талқандады. 535–555 жылдары Италияны остготтардан тазартты, Испания үшін вестготтармен шайқасты. 540–562 жылдар аралығында Иранмен соғысты.

**Византия мен славяндар.** V ғасырдың аяғынан бастап Византияға солтүстіктен славян тайпалары үлкен қауіп төндірді. Олар Дунайдан өтіп, тіпті Константинопольге дейін жорықтар жасап отырды. VI ғасырдың аяғына қарай славян тайпалары Византия жеріне басып кіріп, Фракияда, Македонияда орнығып алды. 681 жылы Византияның солтүстік-шығысында алғашқы славян мемлекеті – Болгария патшалығы құрылды.

VIII ғасырдың аяғында Византияға тағы да бір славян тайпасы – орыстардың шапқыншылығы басталды. Олар Қара теңіздің оңтүстік жағалауындағы Византия иеліктеріне шабуыл жасап тұрды. 860 жылы орыстар Константинополь қаласына дейін келіп, Византиямен келісім жасасып, кері қайтты. 907 жылы орыстар тағы да қала маңындағы елді мекендерді тонап кетті. Константинополь түбінде орыстар «грек отының» көмегімен талқандалды. 988 жылы Киев Русі Византиядан христиан дінін қабылдады. Тек осы кезден кейін ғана екі елдің арасында достық қатынастар басталды.

**Византия мен Түрік қағанатының дипломатиялық қарым-қатынасы.** Византия Түрік қағанатымен қарым-қатынас жасаған. Император II Юстин кезінде Византия мен Түрік қағанатының арасында сәтті





келіссөздер жүргізілді. Түрік қағаны Иштеми Константинопольге көпес Маниах басқарған елшілік жіберді. Византия императоры бұл елшілікті құрметпен қарсы алып, қайтарында Византия елшісі Земархты қосып, Түрік қағанатына аттандырды. Земарх елшілігі Каспий теңізін жағалап, Хорезм арқылы Сырдарияға жетті. Түрік қағаны Иштеми Византия елшілігін құрметпен қарсы алды. Екі ел арасындағы келіссөздерде сауда және сасанилік Иранға қарсы бірлесіп қимылдау туралы сөз болды. Қаған сарайы Византияға қолдау көрсететіндігін білдіргенімен, Иран мен Византия арасындағы қатынасқа араласпады.

**Араб шапқыншылығы.** VII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Византияға арабтар қауіп төндірді. Арабтар Византиядан оның ең бай жерлерін – Сирия, Палестина, Жоғарғы Месопотамия, Мысырды тартып алды. Араб әскері Константинопольді бірнеше рет қоршап, шабуылдағанымен, оны басып ала алмады. Арабтардың Византия жерін оңай басып алуына халыққа салынатын салық мөлшерінің шектен тыс өсуі себеп болды. Олар арабтарды өздерінің азат етушісі ретінде қарсы алып отырды.

VII ғасырдың аяғында арабтар Византияның Солтүстік Африкадағы жерлерін де тартып алды. Сыртқы шапқыншылық салдарынан империя аумағы үш есе кеміді. Тек VIII ғасырдың ортасында ғана Византия арабтарға қарсы күресте біраз жеңістерге жетіп, Сирияға басып кірді.

Суретке қарап және қосымша интернет деректерін пайдаланып, грек отын қалай қолданғаны туралы айтыңдар.



«Грек отын» қолдану (XIII ғ. миниатюрасы). Жау кемесін жоятын жанғыш қосынды арнаулы түтіктермен шашылды



**Ойталқы**

Византияның күшеюіне император I Юстинианның саясаты ықпал етті деген тұжырыммен келісесіңдер ме?

1. Византия империясының халықаралық жағдайы мен шаруашылығының дамуына қандай қолайлы жағдайлар мүмкіндік берді?  
 2. Византияның сыртқы саясатының қандай ұтымды және ұтымсыз жақтары болды?

1. VII ғасырдың 30-жылдарынан Византия империясына қауіп төндірді (тесттер жауабында бір немесе бірнеше дұрыс жауабы болуы мүмкін).

- |              |             |
|--------------|-------------|
| а) дактар    | в) арабтар  |
| ә) еврейлер  | г) орыстар  |
| б) болгарлар | ғ) түріктер |

2. Арабтардың Византия империясынан тартып алған жерлері

- |              |                        |
|--------------|------------------------|
| а) Сирия     | в) Жоғарғы Месопотамия |
| ә) Парфия    | г) Мысыр               |
| б) Македония | ғ) Палестина           |

1. Параграфтағы мәтінді пайдаланып, «Византия империясының көрші елдермен қарым-қатынасы» атты кестені толтырыңдар.

Славяндармен	Түрік қағанатымен	Арабтармен

2. Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті сөздер мен уақыт мерзімін қойып толтырыңдар.



- 1) Рим империясының ... аймақтары экономикасының даму деңгейі жағынан варварлар шапқыншылығынан зардап шеккен ... аймақтардан әлдеқайда алда тұрды.
- 2) ... жылы Рим империясы ресми түрде ... және ... болып екіге бөлініп кетті. ... Шығыс Рим империясының астанасы болып қалды.
- 3) Византияда тіршілігі қайнап, қолөнері дамыған, сауда орталығына айналған Александрия, ..., ... сияқты қалалар көп болды.

#### §4. КИЕВ РУСИНИҢ ҚҰРЫЛУЫ

Бүгінгі сабағымызда Киев Русінің құрылуы тарихымен танысамыз. Княгиня Ольганың Константинопольге сапары Киев Русін қалай өзгерткенін білеміз. Киев Русінде христиандықтың қалай қабылданғанын, діннің мәдениет пен қоғам дамуына тигізген әсерін анықтаймыз.

**Шығыс славян тайпалары.** VI ғасырда Киевтен Воронежге дейінгі орманды дала алқабын шығыс славян тайпалары мекендеген. Шығыс славян тайпаларының жерінде құрылған мемлекет «Русь» деп аталды. IX ғасырдың басында шығыс славян тайпалары екі мемлекеттік одақ құрды. Біріншісі – полян тайпаларының одағы, астанасы Киев қаласы, екіншісі – солтүстікте Ильмен көлінің маңындағы кривич және басқа тайпалар одағы.

#### Негізгі ұғымдар:

христиан діні,  
шығыс славяндар,  
рухани мәдениеті,  
славян әліпбиі.



Славяндар қонысы. И.И. Пчелконың картинасы.





19-беттегі суретке қарап, ежелгі славяндардың тұрмыс-тіршілігі жайлы айтыңдар.

Шығыс славян шаруашылығының негізі *егіншілік* болған. Қара топырақты оңтүстіктегі жерлерді көбінесе қос өгіз жеккен соқамен, ал

солтүстікте және орманды жерлерде бір ат жеккен соқамен жыртқан. Еккен егіндері: қарабидай, арпа, сұлы, тары, бұршақ, зығыр және шалқан. Егінді *«тіршілік»*, яғни *«жито»* деп атаған.

Шаруа шаруашылықтарында жылқы, сиыр, қой, ешкі, шошқа, үй құстары өсірілген. Балық аулау, аңшылық және омарташылық ауылшаруашылығының қосалқы бөлігі ретінде жүргізілген.

Туыстас рулар бірлестігінен тайпалар құрылған. Әрбір тайпада қоғамдық маңызды мәселелерді шешетін вече (халық жиналысы) шақырылып отырған. Тайпалар басшылығына әскери *көсем (князь)* сайланған.

**Киев Русінің құрылуы.** IX ғасырдың екінші жартысында 862 жылы шығыс славян тайпалары өздерін басқару үшін Скандинавиядан (Солтүстік Еуропадан) князь Рюрикті билікке шақырды. Рюриктерді шақыруының негізгі себебі, біріншіден, сол кездегі Еуропада үстемдік жасап отырған викинг тайпасына тойтарыс беру болса, екіншіден, «Ильмен көлінің бойындағы тайпалар арасындағы бақталастықты жою» деп жазады сол кездегі жылнамаларда.

IX ғасырдың соңында Рюриктің туысы Олег Киевті жаулап алады.



Ежелгі Киев

Киев князьдары Аскольд пен Дирді өлтіріп, 882 жылы древлян, северян және радимичтер тайпаларын бағындырды. Князь Олег Киев жерін 33 жыл бойы басқарды. Днепр өзенінің орта ағысында славян тайпаларын бағындырып, мемлекет құрды. Рюриктің баласы *Игорь (912–945)* Олегтен кейін Киев Русі мемлекетін басқарды. Князь Игорьден бастап орыс князьдары Рюриктер әулетінен шыққан деп саналады.

Киев Русіне Киев князы билік етті. Ол елді князьдар мен жасақшылардан құралған *Кеңес (Боярлар Думасы)* арқылы басқарды. Жасақтар *үлкен жасақ және кіші жасақ* деп бөлінді.

Киев Русі мемлекетінің астанасы – ежелгі *Киев* қаласы.





945 жылы Игорьді древлян тайпалары салық жинау кезінде өлтіреді. Игорьдің жесірі Ольга кейіннен древляндардан күйеуінің кегін алады.

Игорьдің баласы Святослав 945–972 жылдары Киев Русінде билік жүргізді. Алайда оның жас болуына байланысты княгиня Ольга билікке араласты. Византия мен Киев Русінің арасындағы байланысты жақсарту мақсатында княгиня Ольга 957 жылы Константинопольге сапармен барды. Византия императоры VIII Константин Багрянородныйдың құрметті қонағы болды. Константинопольде Ольганы христиан шіркеулерінің биіктігі мен өдемілігі, ішкі сән-салтанаты таңғалдырды. Ольга христиан дініне өтуге шешім қабылдайды. Княгиня Ольганы христиан дініне қабылдау рәсімін императордың өзі мен патриарх Феофилакт ұйымдастырды. Бұл сапар Киев Русіне Византия мәдениеті мен христиан дінінің таралуына ықпал етті. Игорьдің баласы *Святославтың* тұсында Киев Русінің қуаты артады. Әскери жорықтар жасап, көрші тайпаларды бағындыру арқылы мемлекеттің жері кеңейеді. Бірақ Киев князьдығында бақталастық күшейіп, Святославтың екі баласы Ярополк пен Олег бірін-бірі өлтіріп, Киев Русі тағына кіші баласы *Владимир* отырады.

**Киев Русінің христиан дінін қабылдауы.** *Владимир* (978–1015) кезінде Киев Русі күшейді. Киев Русі мен Византия арасындағы экономикалық және мәдени байланыс дамыды. Шығыс славяндар пұтқа табынған. Киев Русі 988 жылы князь Владимирдің тұсында христиан дінін қабылдады.

Христиан діні үстемдікке ие болғаннан кейін шіркеу князьдардан ірі жерлерді сыйлыққа алды және мемлекеттік табыстардан ондық салық алып отырды. Киев Русінде Киев митрополитына (шіркеу басшысы) бағынатын епископтар (дінбасылары) басқаратын епархиялар (шіркеулік-өкімшілік) пайда болды. Христиан дінін қабылдағаннан кейін Киев Русінің халықаралық беделі өсе түсті.

**Ярослав Мудрый тұсындағы Русь (1019–1054).** Ұлы князь Ярослав Мудрый Орыс мемлекетінің нығайып, гүлденуіне негіз қалады. Еділ бойына Ярославль қаласын салдырды. Мемлекет жері кеңейді. XI ғасырда ол солтүстік-батыста Ладога және Онега көлдерінен оңтүстікте Қара теңіз жағалауына дейін, Дунай сағасына, Карпат бойынан Дон өзенінің бас жағына, Еділ өзеніне дейінгі кең-байтақ жерді алып жатты.

Ярослав Мудрый орыс мәдениетінің дамуына жағдай жасады. Монастырьлар жанынан мектептер ашылды.



Ярослав Мудрый



Сәулет өнері дамыды. Киев қаласында алтын қақпалы София соборы салынды. Бұл собор Киев қаласында күні бүгінге дейін тұр.

Ярослав Мудрый кезінде орыс саудагерлері Еуропа, Шығыс елдерімен сауда қатынастарын жасап отырды. Киев қаласы сауда орталығына айналды. Оның тауарлары Бағдат, Александрия, Хорезм қалаларында сатыла бастады. Балқан түбегіндегі Сербия және Болгария, Чехия мен Словакия, Польша мемлекеттерімен мәдени және сауда қатынасы жасалды.

Киев Русі князь Владимир Мономахтың тұсында күшейе түсті. Владимир Всеволодович Мономах (1053–1125) Киевте 1113–1125 жылдары билік етті. Князь Мономахтың тұсында Русьтің саяси және экономикалық жағдайы нығайды. Ол ежелгі орыс мемлекеті жерінің аумағын ұлғайтып, князьдардың өзара қырқысын тоқтатты. Киевтің ұлы князы Владимир Мономах 1113 жылы қала мен деревнядағы әлеуметтік шиеліністі әлсірету мақсатында Устав қабылдады.

**Ежелгі Киев Русінің мәдениеті.** Қазіргі орыс, украин және белорус халықтарының мәдениеті ежелгі Киев Русі мемлекетінің мәдениеті негізінде қалыптасқан. Рухани мәдениетке жазу, жылнамалар, сәулет, сурет және қолөнер жатады. Ертедегі шығыс славяндар шаруашылығы материалдық мәдениеттің дамуына жол салды.

Христиан діні арқылы бұл дінді бұрын қабылдаған Балқан түбегіндегі Болгар патшалығымен тығыз байланыс орнап, болгарлар – Кирилл және Мефодий жасаған славян әліпбиі (афавит) қолданыла бастады.

Ежелгі Киев Русінің жеріндегі археологиялық қазба жұмыстары кезінде Новгород қаласынан қайың қабығына жазылған грамоталар, хаттар, шаруашылық құжаттар, шаруалардың арыздары табылды. Монастырьларда көптеген жазба тарихи құжаттар сақталған.

Монастырьлардан табылған жазба деректерді, оқиғалар жазбасын орыстар летопись – жылнама деп атаған. Бізге келіп жеткен сондай жылнамалардың бірі – «*Бағзы бір замандардың хикаясы*» («Повесть временных лет»). Мұны жазған Киев – Печер монастырының монахи Нестор. Бұл жылнама Киев Русі мемлекетінің құрылуы, славян тайпаларының көшпелі тайпалармен соғысы, алғашқы князьдар туралы жазылған тарихи дерек, жазба ескерткіш болып табылады.

Ежелгі Киев Русіндегі монастырьлар жанындағы мектептерде оқу, жазу, дін ілімі, өн үйретілді. Мектепте ер балалар мен қыздар бөлек оқытылды. 1086 жылы Мономахтың туысы Киев қаласында қыздарға арнап мектеп ашқан.



Орыс халқы христиан дінін қабылдағаннан кейін, басқа славян халықтары сияқты оларда да сәулет өнері дамыды. Мәселен, Византияның дәстүрлі сәулет өнері негізінде салынған Успен соборы, Спас-Преображенский монастыры, София соборы т.б. Орыс, украин және белорус жерінде салынған барлық православие шіркеулері бір-біріне ұқсас болып келеді. Орыс мемлекетіндегі сәулет өнерінің өзіндік ерекшеліктері болды.

**Ойталқы**

Киев Русінің мәдениетіне христиан дінінің ықпалы зор болды деген пікірмен келісесіңдер ме?

- ??
1. Киев Русі қай ғасырда құрылды?
  2. Неліктен княгиня Ольга христиан дініне өтуге шешім қабылдады?
  3. Киев Русінің құрылуына себеп болған тарихи жағдайларды тізіп кесте жасаңдар.
  4. Ярослав Мудрый тұсындағы Орыс мемлекетінің жағдайына сипаттама беріңдер.

- ?
1. Шығыс славяндардың негізгі кәсібі
    - а) малшаруашылығы
    - ә) ауылшаруашылығы
    - б) егіншілік
    - в) омарташылық
    - г) аң аулау
  2. Қай князьдың тұсында Киев Русінің қуаты артты
    - а) Святослав
    - ә) Игорь
    - б) Ярослав
    - в) Всеволод
    - г) Кий

- \*
1. Киев Русінің құрылуы жайлы БӨСЭ талдау кестесін толтырыңдар.

БӨСЭ мағынасы: Б – басқару жүйесі, Ө – өлеуметтік, С – саяси, Э – экономикалық.

Тарихи жағдайлар	Өсері
Б (басқару)	
Ө (өлеуметтік)	
С (саяси)	
Э (экономикалық)	

2. «Орыс мемлекетінің мәдениетіндегі жетістіктер» кестесін толтырыңдар.

Рухани мәдениеті	Материалдық мәдениеті





§5. ФЕОДАЛДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ МЕН  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі сабағымызда феодализм түсінігімен, феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктерімен танысамыз. Жердің неліктен табыс пен байлық көзіне айналғанын, бытыраңқылықтың феодалдық қырқысу соғыстарына жеткізген әсерін анықтаймыз.

**Негізгі ұғымдар:**

феод, феодализм, натуралды шаруашылық, дворяндар, рыцарьлар, шаруалар.

**Феодализм түсінігі.** Орта ғасырлардың негізгі белгісінің бірі жерге жеке феодалдық меншіктің орнауы. «Феод» атауы «жерге мұрагерлік иелік ету» деген латынша ұғымды білдіреді. Ал бұл жердің иесін «феодал» деп атаған. Феодализмнің мәні – жер кімнің иелігінде болса, биліктің де соның қолында бо-

луы. XVII ғасырдағы француз тілінің түсіндірме сөздігінде «феодализмге» берілген тұңғыш анықтамада «феодтың иесіне берілетін заңдық құқықтардың жиынтығы» деп сипатталған.

Феодалдық құрылыстың негізгі белгілері Батыс Еуропа елдерінде IX–X ғасырларда қалыптасты. Оның ең басты белгісі – жердің негізгі табыс пен байлық көзіне айналуы. Кімнің жері көп болса, сол құрметті адам болды. Ақсүйек шонжарлар мен корольдер, әскер қолбасшылары қауым жерлерін, жаулап алынған жерлерді өздерінің мұрагерлік меншігіне айналдырды. Ірі жер иелеріне өздерінің жер иеліктерін ұлғайтуға мемлекет көмектесті.

Король мен ақсүйек шонжарлар бірте-бірте ірі жер иеленушілерге айналды. Король, ақсүйектер мен әскер қолбасшылары – мырзалар артық жерлерін өз қызметкерлеріне, бағынышты феодалдарына (вассалдарына) үлестіріп берді. Алғашқыда әскери қызмет атқарғаны үшін жер сыйға берілсе, кейін мұраға қалдырылды. Сыйға берілген жер «феод», ал ол үлестің иесі «феодал» деп аталды. Бір феодалдың жер үлесі ұлан-ғайыр көп болса, екінші феодалдың жері аздау болды. Феодалдар жерді онда өмір сүретін жүздеген, мыңдаған шаруаларымен қоса иемденді. Сондықтан орта ғасырда «қожайынсыз жер болмайды» деген нақыл тарады.

Феодалдар өз жерлерінде ерікті шаруалардың еңбегіне негізделген шаруашылық құрды. Осындай шаруашылық феодалдық поместье (от-






Астық жинау

чина) деп аталды. Феодалдық поместье VIII–IX ғасырларда Франк мемлекетінде қалыптасып, Батыс Еуропа елдерінде кеңінен таралды. Мұндай шаруашылықта шаруалар жер иелеріне тікелей тәуелді еді. Феодалдық вотчинадағы жер 2 бөліктен тұрды: 1) қожаның жері *домен* деп аталды; 2) тәуелді шаруалардың пайдалануындағы *қлестік жерлер*. Кейбір шаруалардың шағын, дербес шаруашылықтары да болды. Бірақ олар жерсіз күн көре алмағандықтан, поместьенің иесіне тәуелділікке түсті. Феодалдар мемлекеттің көмегімен шаруаларды өздеріне кіріптар етті.

Шаруалар поместьедегі шаруашылық жұмыстарын өз еңбек құрал-жабдықтарымен жүргізді. Олар неғұрлым көп өнім өндірсе, соғұрлым өзіне де көп өнім қалатын. Сондықтан да шаруалар өз еңбегінің нәтижесіне мүдделі болды.

**Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері.** Феодалдық құрылыстың келесі бір белгісі – шаруашылықтың натуралды, яғни томаға-тұйық сипаты. Феодалдың өміріне қажетті бұйымдар мен азық-түліктердің бәрі оның поместьесінде (иелігі) өндірілді. Феодал поместьесіндегі шаруалар малдың жүнінен жіп иіріп, мата тоқыды, одан

#### Натуралды шаруашылықтың белгілері





Соқамен жер жырту

25–26-беттердегі суреттерге қарап, ортағасырлық шаруалардың тұрмыс-тіршілігі жайлы айтыңдар.

киім-кешек тікті, үй жиһаздарын, ыдыс-аяқ пен құрал-саймандарды өздері жасады. Шаруалар да, олардың қожайындары да еш нәрсені сатып алмады, «бәрі өзімізде бар» деген үрдісте

өмір сүрді. Тек өздері өндірмейтін тұз бен темірді ғана олар азық-түлікке, малға айырбастан алатын. XI ғасырға дейін ел ішіндегі саудасаттық өте төмен дәрежеде болды.

VI–X ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде осындай натуралды шаруашылық үстемдік құрды. Мұндай шаруашылық кезінде еш нәрсе сатылмады және сатып алынбады.

Феодалдық бытыраңқылықтың себебін анықтаңдар.

**Феодалдық бытыраңқылық.** Натуралды шаруашылық жағдайында жеке феодалдық иеліктер арасындағы экономикалық және саяси байланыстар өте мардымсыз болды.

Батыс Еуропада ірі жер иелігі бар феодалдар жеке-дара шаруашылық жүргізе алды. Мұнда табиғат жағдайы қолайлы, жері құнарлы, өзен-суы жеткілікті, шабындығы мол болды. Осының бәрі феодалдың байлығын молайтып, оның үкіметтен тәуелсіз өмір сүруіне мүмкіндік жасады. Феодалдық иеліктердің саяси және мәдени орталықтарына айналған қалалар өсіп-жетілді. Феодалдық иеліктер өзінше тәуелсіз мемлекет іспетті еді.

IX ғасырда Карл империясынан Франция, Германия, Италия бөлініп, жеке корольдіктер құрды. Олардың әрқайсысы көптеген иеліктерге





бөлінді. Көптеген феодалдардың жер көлемі король иелігінен де асып түсті. Өрбір ірі феодалдың өз өкімшілігі мен соты, әскері болды. Оларды қол астындағы шаруаларды бағыныштылықта ұстауға өрі сыртқы жаудан қорғануға пайдаланды. Ірі феодалдар көршілерімен соғысу немесе бітім жасау мәселелерін өздері шеше беретін. Күшейіп алған жекелеген феодалдар өздерін корольмен тең санай бастады.

Осының бәрі IX–XI ғасырлардағы Батыс Еуропада феодалдық бытыраңқылықтың негізгі белгілері болды.

**Феодалдық қырқысулар.** Бытыраңқылық кезінде феодалдар үнемі өзара қырқысу соғыстарын жүргізіп отырды. Олардың мақсаты – бай көршісін тұтқындап, құн талап ету, тонаушылықпен олжа табу болды. Феодалдар соғыс кезінде қорғану үшін мықты қамалдар (замоктар) тұрғызып, сонда тұрған. Қамалдар алғашқыда ағаштан, кейін тастан салынды. Мықты етіп салынған қабырғаларына бірнеше жерден мұнаралар орнатылып, қамалдың айналасынан су толтырылған орлар қазылды. Ордың үстіндегі жиналмалы көпір түнде және жау шапқанда көтеріліп қойылды. Жаудың қамалға кіруі үшін мықты темірмен қапталған қақпаны бұзуларына тура келді. Бүкіл қамал құрылысының ең биігі бас мұнара еді. Мұнараның іші бірнеше бөлмелерден тұрған. Онда феодал өз отбасымен өмір сүрген. Қамалдың астында суы бар құдық, азық-түлік қорларын сақтайтын қамба орналасты. Сонымен қатар қолға түскен тұтқындарды ұстайтын зындан да бар еді.

Өзара қырқысулардан өсіресе қорғанатын қамалы жоқ шаруалар зардап шекті. Қырқысу соғыстары феодалдық шаруашылыққа зиянын тигізді. Егістіктер тапталып, елді мекендер өртелді. Бұл қырқысуды тоқтатуға шіркеу барынша күш жұмсады. Ол Христостың туған күні, пасха мейрамы кезінде соғысты күнә деп жариялады. Өзара қырқысуларды тоқтатуға корольдер де мүдделі болды.

#### Ойталқы

Натуралды шаруашылықтың феодалдық бытыраңқылыққа ықпал еткенін дәлелдендер.


1. Феодалдық құрылыстың құлиеленушілік құрылыстан ерекшелігін көрсетіңдер. Феодалдық құрылыс оған дейінгі құрылыстарға қарағанда озық болғандығын қалай анықтаймыз?
2. Орта ғасырлардағы «қожайынсыз жер болмайды» деген мәтелді қалай түсінеміз?
3. Феодалдық қырқысулардың зардаптарын анықтаңдар.
4. Феодалдардың өзара қырқысуларын тоқтатуға корольдер неге мүдделі болды?



- \* 1. Мына терминдердің бір-бірінен айырмашылығын жазыңдар.

Феод	Феодал	Феодализм

2. Еуропадағы феодалдық бытыраңқылықтың белгілерін төменде берілген кластер арқылы ашып көрсетіңдер (жұмыс дәптерінде орындаңдар).



## §6. ФЕОДАЛДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Бүгінгі сабағымызда феодалдық саты, феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымымен танысамыз. Үстемдік етушілер мен бағыныштылардың (феодалдар мен шаруалардың) өзара қатынасын анықтаймыз.

### Негізгі ұғымдар:

феодалдық саты,  
вассал, шаруалардың  
міндеткерліктері,  
феодалдық қырқысулар.

**Феодалдық саты.** Феодалдық құрылыстың тағы бір ерекшелігі – феодалдар атақ-лауазымы бойынша бірнеше сатыға бөлінді. Ол бөліну тарихта *феодалдық саты* деп аталды. Ең жоғарғы сатыда басты феодал – *король* тұрды. Ол жоғарғы сот және әскердің қолбасшысы міндеттерін де атқарды. Келесі сатыда корольдің бағыныштылары *герцогтер* мен *графтар* тұрды. Герцогтер мен графтардың қол астына жүздеген елді мекендер қарады. Олардың билігінде үлкен әскер жасағы болды.

Графтардан кейінгі сатыда олардың бағыныштылары – *барондар* мен *виконттар* тұрды. Олар жиырма-отыз елді мекенді басқарып, сол шағын әскер бөлімін жасақтауға мүмкіндік алды. Барондар ұсақ феодалдардың – *рыцарьлардың* (салт атты әскер) мырзасы еді. Ал рыцарьлар әлі рыцарь атағын ала қоймаған қатардағы жауынгерлердің мырзасы атанды.

Мырзалардың бір-біріне сатылы бағыныштылығы әр елде әртүрлі болды. Мысалы, Германияда феодалдық сатыдағылардың бәрі өздерін төменнен жоғары қарай корольге бағыныштымыз деп есептеді. Ал Фран-





цияда «менің бағыныштымның бағыныштысы маған бағынышты емес» деген қағиданы ұстанды. Бірақ барлық елдердегі феодалдық сатыға ортақ тәртіптер де болды. Соғыс уақытында әр феодалдың қару-жарағымен өз мырзасына барып сапқа тұруға міндетті болды.

Мырза мен *бағынышты феодал (вассал)* арасында келісімшарт жасалатын. Вассал мырзаның алдында тізерлеп тұрып, адал қызмет етуге ант беретін. Мырза өзіне бағынышты феодалға қамқорлық жасап, қолдау көрсетуге уәде ететін. Уәдесін бағыныштыға бір уыс топырақ пен ағаш бұтағын тапсырумен бекітті. Бұл келісімдер ауызша, сөз жүзінде жасалғандықтан жиі-жиі бұзыла беретін. Бағыныштылар иеліктеріне шабуыл жасап тұрды.

Шаруалар феодалдық сатыға кірмеді. Оған тек феодалдар ғана кірді. Шаруалардың міндеті феодалдарды азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету болды.

Батыс Еуропада IX–X ғасырларда жер иеленушілер меншігіндегі жер мөлшері, тәуелді адамдары мен әскери қызметкерлерінің саны бойынша жікке бөлінді. Сөйтіп, феодалдардың бір-біріне бағыныштылық жүйесі құрылды. Феодалдық саты деп аталатын бұл жүйе феодалдық қатынастарды нығайту мақсатына қызмет етті.

**Феодалдардың тұрмысы мен әдет-ғұрыптары.** Феодалдар өз иеліктеріндегі шаруашылықты басқарды. Жекелеген аймақтардың қуаттылығы феодалдардың іскерлігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты еді. Халқының алдында беделі күшті, шебер басшы – феодалдың шаруашылығы өркендеп, дами түсті.

Феодалдар, әрине, өздері тікелей егін егіп, мал баққан жоқ. Бірақ шаруалардың жұмысты жақсы істеуін ұйымдастыру, бақылау да оңай емес еді. Феодалдар шаруалардың есебінен байып отырды, бірақ олар арамтамақ болған жоқ. Олар мырзалар мен тәуелді шаруалардың, тіпті бүкіл елдің



Феодалдық саты

бір-бірінің мырзаларының



Мырзаның аңға шығуы







Сауыт киген  
рыцарь

қамын ойлады. Әрине, феодалдардың арасында қулары мен сұмдары да болды. Бірақ елді еңбекқор, іскер феодалдар көркейтті.

Феодалдар тек шаруашылықты ұйымдастырушы ғана емес, әскер басшылары да болды. Әскери іспен айналысатын феодалдар X ғасырдың аяғынан бастап *рыцарьлар* деп аталды. Рыцарь болу үшін үміткердің жер үлесі, яғни «феоды» болу керек еді. Себебі ол жер үлесінен түсіп жатқан табысының есебінен әскерді қажетті ат, ер-тұрман, қару-жарақпен өзі қамтамасыз етуі керек болатын.

Рыцарьлардың басты кәсібі – соғыс. Сондықтан олардың барлық өмір салты соғыс талаптары мен тәртіптеріне бағындырылды. Олар әскери жаттығулар жасады, әртүрлі сайыстар өткізіп тұрды. Бос уақытында феодалдар аң аулаумен айналысты. Рыцарьлар әрі мерген, әрі балуан болуы тиіс делінді.

Рыцарьлардың мінез-құлық ережелері мен міндеттері олардың кодексінде (ережелер, көзқарастар, тәртіптер жинағы) тұжырымдалды.

Рыцарьлардың ортағасырлық қоғамдағы рөліне баға беріңдер.

Ол бойынша рыцарьлар өз мырзасына адал болуға ант берді. Рыцарьлар соғыста батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетуге тиісті болды. Кодекс бойынша рыцарьлар әлсіздер мен зәбір көрушілердің, христиан шіркеуінің қорғаушысы саналды. Рыцарьларда сұлу әйелге табыну салты болды.



Рыцарьлар сайысы

Осман империясындағы *«сипахилер»*, Жапониядағы *«самурайлар»* ортағасырлық Батыс Еуропадағы рыцарьлар іспетті еді. Кейін XIV–XVI ғасырларда тұрақты армияның құрылуына, оқпен атылатын қарудың тарауына байланысты рыцарьлардың әскердегі рөлі төмендей бастады. Бірақ рыцарьлар біржола жойылып кеткен жоқ. Олар *дворяндарға* айналды.


**Шаруалардың жіктелуі.** Феодалдық құрылыс кезіндегі шаруалар *басыбайлы* және *ерікті* болып екіге бөлінді. Басыбайлы шаруалар феодалдарға толық тәуелді болды,



олардың өз беттерімен шешім қабылдап, әрекет етуіне тыйым салынды. Феодалдар ондай шаруаларды сатуға, айырбастауға, сыйлауға ерікті еді. Басыбайлы шаруа қашып кетсе, қожасы оны тауып алып, өзіне қайтаратын. Басыбайлы шаруалар қатарына бірте-бірте бұрынғы құлдар да қосылды. Шаруалардың бұл тобы Францияда «сервтер» деп аталды.

Шаруалардың екінші тобына жататын жекебасы ерікті шаруалар Англияда «вилландар» еді. Олардың жағдайы біраз жеңілдеу болды. Олар өз қарамағындағы мүліктерін, еңбек құрал-жабдықтарын еркін жұмсай алды. Ерікті шаруалар өз жер үлесін мұрагерлік жолмен балаларына қалдыруға құқылы болатын.

### Шаруалардың феодалға өтейтін міндеткерліктері



**Шаруалардың міндеткерлігі.** Шаруалар өз қожайындары мен корольдерге көптеген міндеткерліктер өтеді. Қақтығыс кезінде ұсақ жер иелері қуатты көрші феодалдың немесе монастырьдың қамқорлығына мұқтаж еді. Бірақ ол қамқорлық үшін феодалға келісілген міндеткерліктерін өтеп отырды. Сондай-ақ өз жері жоқ шаруалар феодалдардан алған жер үлесі үшін бірқатар міндеткерлік атқарды. Оны өтеудің бірнеше түрі болды. Басты түрі – еңбекпен өтеу. Ол «барщина» деп аталды. Шаруалар заттай алым-салық – «оброк» та төлеп отырды. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстар



Феодалға азық-түлік салығын өткізу

Суретке қарап, сол кездегі адамдардың өмірін қалай сипаттауға болады?



атқарды. Мысалы, жылына бірнеше күн бойы тегіннен-тегін көпір салуға, жол жөндеуге, жүк тасуға қатысты.

### Ойталқы

Феодалдар мен шаруалар құқықтарының ерекшелігі неде?

- 11 1. Орта ғасырлардағы феодалдық қоғам туралы не айта аламыз?  
2. Шаруалар қандай міндеткерліктер атқарды?
- 12 1. Феодалдық сатының баспалдақтарында тұрғандардың бәрі өздерін төменнен жоғары қарай корольге бағыныштымыз деп есептеген ел  
а) Франция в) Германия  
ә) Англия г) Италия  
б) Польша
2. Өскери іспен айналысатын феодалдар  
а) герцог в) виконт  
ә) граф г) рыцарь  
б) барон
3. Франциядағы басыбайлы шаруалар  
а) феодалдар в) вилландар  
ә) сервтер г) барондар  
б) виконттар
4. Англиядағы жекебасы ерікті шаруалар  
а) вилландар в) виконттар  
ә) феодалдар г) барондар  
б) сервтер
5. Феодалдық сатыны жоғарыдан төмен қарай ретімен қойыңдар.

1.	Барондар
2.	Рыцарьлар
3.	Герцогтер
4.	Король

6. Өскери іспен айналысатын феодалдардың қай елге қатысты екенін анықтаңдар.

I. Рыцарьлар  
II. Самурайлар  
III. Сипахилер





	Жапония	Осман империясы	Батыс Еуропа
а)			
ә)			
б)			

## §7. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН ӨНЕР ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі сабағымызда ортағасырлық қоғамдағы қолөнер мен сауданың рөлін анықтаймыз. Ортағасырлық қалалардың, өнердің (сәулет, сурет өнері) даму ерекшеліктерін сипаттаймыз.

XI ғасырға қарай ауылшаруашылығында еңбек өнімділігі артты. Мұның өзі қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлінуіне әкелді. Осы ғасырда қолөнер мен сауданың орталығына айналған қалалар пайда болды.

### Негізгі ұғымдар:

қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлінуі, университеттер, жылнамалар.

Көптеген қалалар бұрынғы Рим дәуірінен қалған еді. Италияда – Рим, Англияда – Лондон, Францияда – Париж т.б. Олар ақсүйектер мен діни шонжарлардың мекенжайлары немесе қамалдары болды.

Қолөнершілер жасаған бұйымдар шаруалар қолынан шыққан заттарға қарағанда әлдеқайда берік те өдемі еді. Тәжірибелі шеберлердің бұйымдарын барған сайын көп адам керек ете бастады. Бірақ алым жинау кезінде ісмерлер жасаған бұйымдардың едәуір бөлігін феодалдар тегін иеленіп қоятын. Сондықтан қолөнершілер поместьелерден қашып кетіп, тапсырыс берушілер мен сатып алушыларды іздестіріп, бір орыннан екінші орынға ауысып отырды. Бертін келе кезбе қолөнершілер тұрақтады. Қолөнершілердің қоныстары жол тораптарының, өзен өткелдерінің бойында және қолайлы теңіз айлағына таяу жерлерде қалыптаса бастады. Мәселен, Оксфорд пен Кембридж, Майндағы Франкфурт. Қалалардың негізі ірі монастырьлар мен атақты феодалдар бекіністерінің төңірегінде қаланды. Олар Страсбург, Аугсбург, Гамбург қалалары. *Бург* «қамал» дегенді білдірді. Шіркеу төңірегінде қалыптасқан қала аттарына қосарлап *санкт, сан, сен (эулие)* деген тіркес жалғастырылды. Мысалы, Сен-Жермен.

**Қала халқының тұрмысы.** Қазіргі заманғы қалалармен салыстырғанда ортағасырлық қалалардағы халық саны онша көп болған жоқ. Өдетте ол 5–6 мың адамнан аспады. Батыс Еуропаның тек Лондон немесе Париж



Қалалық өмір ортағасырлық шаруашылықтың дамуына қалай әсер етті?

сияқты бірен-саран қалаларында ғана ондаған мың тұрғын халық болды. Қаладағы ең кең жер – базар алаңы еді. Оған таяу жерде қаланың бас шіркеуі *собор* орналасты. Қала тұрғындары

алаңға *қалалық кеңес үйін – ратуша* салды. Қала халқының негізгі кәсібі қолөнер мен сауда бола тұрса да, қала тұрғындары көп уақытқа дейін ауылшаруашылығынан қол үзген жоқ. Қала дуалдарының алдында өңделген егістік жерлер, бау-бақшалар жатты, жайылымдық жерлерде табын-табын мал жүрді.

**Білім.** Өсіп келе жатқан қалаларға және король өкіметіне сауатты адам қажет еді. Саудадан түсетін пайданы есептеу, қалалық кеңестерде іс жүргізу қажеттігі туды. Қалаларда шіркеу мектебінен басқа да мектептер ашыла бастады. Олар жекеменшік немесе қала кеңесі қаржыландыратын мектептер болатын. Шіркеу мектептеріне қарағанда, бұл мектептер жазу мен арифметиканы тәуір оқытты, табиғаттану жөнінде мағлұматтар берді. Еуропада XII ғасырда тұңғыш жоғары мектептер – *университеттер* пайда болды. Олар атақты мұғалімдері бар қалаларда ғана ашылды. Оқу латын тілінде жүргізілді, сондықтан бұл университеттерде көптеген елдердің жастары оқи алатын еді.

XIII ғасырда Англияда атақты ғалым *Роджер Бэкон* (1214–1292) өмір сүрді. Ол бақылаудың және тәжірибенің көмегімен ғана білім алуға болады деп дәлелдеді.



Орта ғасыр студенттері.  
*Орта ғасыр*  
*миниатюрасы*



Ғылым мен білімнің дамуына кітап басып шығару ісінің қалыптасуы зор үлес қосты. Еуропадағы ең алғашқы кітапты неміс шебері *Иоганн Гутенберг* 1445 жылы басып шығарды.

**Әдебиет.** Ақындар халық өлеңдері мен аңыздарды жинады, феодалдардың соғыстағы ерлігі және басынан кешкен ғажайып оқиғалары туралы романдар мен дастандар жазды. Ақындар қияли рыцарьдың бейнесін өсірелеп, ержүрек, қайырымды және әділ етіп көрсетті.

Халыққа кең тараған рыцарьлық дастан «Ролланд туралы жыр» XII ғасырдың бас кезінде Францияда жазылды.

Франция қалаларында ондаған жылдар бойы мысалдар мен ертегілерден құралған «*Түлкі туралы роман*» дастаны жиі айтылып жүрді. Дастанда жалқау ірі феодал – Аю, шіркеудің топас қызметкері – Есек, жемтік іздеп, шарқ ұрған жауыз рыцарь – Қасқыр, ақылды, тапқыр қала тұрғыны – Түлкі бейнеленді. Түлкі Қасқырмен тартыста үнемі жеңіп шығады. Ал Қораз, Қоян, Ұлу бейнелеріндегі кедейлерді жәбірлегенде оның өзі қиын жағдайға душар болады.

**Жылнамалар.** Қоғамдық ой. Орыс мемлекетінде князьдың, әрбір ірі қаланың жылнамасы болды, онда өтіп жатқан оқиғалар баяндалды. Жылнамашылар көбіне оқиғалардың күн сайынғы желісін сипаттай отырып, шайқастар, дипломатиялық келіссөздер туралы егжей-тегжейлі есептер жазды.

1185 жылы Киевте белгісіз автор жазған «*Игорь жасағы туралы жыр*» – Ежелгі Русьтегі ең елеулі поэзиялық шығарма. Жырда Игорь Святославович пен қыпшақ ханы Қоншақ басқарған әскерлердің соғысы суреттелген. Басқа орыс князьдарының көмегіне сүйенбеген Игорь Святославович шайқаста күйрей жеңіліп, Қоншақ ханға тұтқынға түседі. Сондай-ақ жырда өзара қырқысқан Киев Русі князьдарының тарихы, қыпшақтардың үстемдігі баяндалған. Туынды көркем тілмен жазылған, жоқтау, жұбату, мадақтау т.б. жанрлар шебер қолданылған фольклорлық-эпикалық шығарма.


**Сәулет өнері.** XI ғасырда Батыс Еуропада үлкен құрылыс басталды. Қарапайым ағашпен жабылған жайдақ төбелер тас күмбездермен алмастырылды. Оны қалың қабырғалар ғана көтере алатын еді. Сол уақыттағы құрылысшылар Ежелгі Римнің сәулет өнерінен көп үлгі



Кітап басып шығару







Испанияның Бургос қаласындағы готикалық собор

дермен безендірілді.

Роман шеберлері адам денесін көбіне жүдеу, бет-бейнесін кескінсіз, титықтаған етіп бейнеледі. Адамның қиналысын немесе шаттығын ба-рынша жеткізу үшін олар адам бейнесіне көбіне жұпыны пішін берді.



Мыстан құйылған төрт ат мүсіні. Венецияға Константинопольден әскери жорық кезінде әкелінген

алды, сондықтан да XI–XII ғасырлардағы құрылыстарды *роман* (латын сөзі «Рома» – Рим) ғимараттары деп атайды.

XII ғасырдың аяғынан бастап мырзалардың өктемдігінен құтылған қала тұрғындары сауда үйлерін, ратушалар, соборлар, ауруханалар, қонақүйлерін сала бастады.

XII–XV ғасырлардағы құрылыстар *готикалық* деген ат алды. Құрылысшы шеберлігінің одан әрі өсе түсуі ауыр доға тәріздес күмбездерді неғұрлым жеңіл, шошақ күмбезбен алмастыруға мүмкіндік берді. Енді қалың қабырғаның керегі болмай қалды. Қаракөлеңке роман храмынан өзгешелігі – готикалық соборлар үлкен терезелерімен жарқырап көрінеді.

**Мүсін өнері.** Орта ғасырлардағы мүсін өнері сәулет өнерімен тығыз байланысты болды. Соборлар құдайларды, епископтарды, корольдерді бейнелейтін мыңдаған бедерлермен және мүсін-

Роман мүсіндеріне қарағанда, готикалық мүсіндерде адам бейнесі дәлірек берілген, киім қыртыстары, денесінің кескін-пішіні айқын байқалады. Дарынды шеберлер өмірде көргендерін нанымды бере білген. Адамның сырт келбетімен қатар, ішкі сұлулығына зейін қоюшылық аңғарылады.

**Бейнелеу өнері.** Роман храмдарының қабырғалары суретке толы болатын, ол суреттерден құлшылық етушілерге «әулиелер» мен Құдайдың сұсты бейнелері қарап тұратын. Ал готикалық соборлардың қабырғаларында бейнелеу өнеріне орын аз берілді. Аса үлкен терезелері қорғасын құрсаулармен бекітілген мозаика сы-



нықтарынан құрастырылған суретті өшекейге толы болатын. Витраж арқылы храм ішіне түскен күн сәулесі колоннада, төбе мен еденде жалт-жұлт ойнап, храмға ерекше салтанатты көрік берді.

Бейнелеу өнерінің аса зор жетістігі кітап миниатюрасы болды. Ашық салынған суреттерде орта ғасырлардағы адам өмірінің барлық жағы бейнеленді. Суретшілер көпке дейін алыстағы мен жақындағыны көлемі жағынан бірдей етіп бейнеледі, сондықтан да нәзік нәрсенің өзі де тұрпайы сияқты болып көрінетін. Витражда, миниатюраларда шаруалар мен қолөнершілердің еңбек үстіндегі жағдайы көрсетілді.

### Ойталқы

Ортағасырлық және қазіргі Еуропа қалаларының ерекшелігі неде?

- ?! 1. Қалалардың неліктен және қалай пайда болғанын түсіндіріп беріңдер.  
 2. Қалалардың пайда болуы қоғамға қандай өзгерістер әкелді?  
 3. Қалалардың пайда болуына және өсуіне байланысты қандай еңбек бөлінісі өмірге келді?  
 4. Қала мектептері мен университеттерінде оқыту қалай жүргізілгенін өңгімелеп беріңдер.
- ? 1. Ескі қалалар қайтадан қалпына келтіріліп, жаңа қалалар бой көтерген мерзім  
 а) XI ғасыр  
 б) X–XI ғасырлар  
 ә) IX–XIII ғасырлар  
 в) XIII–XV ғасырлар
2. Еуропада алғашқы университеттер пайда болған кезең  
 а) XIII ғасыр  
 б) X ғасыр  
 ә) XII ғасыр  
 в) XI ғасыр
3. «Ролланд туралы жырда» баяндалған оқиға  
 а) жалқау феодалдар өмірі  
 б) жақсы тұрмысқа ұмтылатын кедейлер тірлігі  
 в) Испанияға жасалған басқыншылық жорық  
 г) жайдары, тапқыр шаруа туралы
4. Ортағасырлық мүсіншілер бейнеледі  
 а) адамның адамгершілігін және сезім байсалдылығын  
 б) Құдайлардың күдіретін  
 в) ананың мүсінін  
 г) антикалық дәстүрді



5. Бейнелеу өнерінің аса зор жетістігі

- а) кітап миниатюрасы  
 ә) шіркеулерді безендіру  
 б) витраждар жасау  
 в) портрет салу

\* 1. Әдеби шығармалардың қайсысы Францияға қатысты екенін көрсетіңдер.

- I. «Ролланд туралы жыр»  
 II. «Робин Гуд»  
 III. «Игорь жорығы туралы жыр»  
 IV. «Түлкі туралы роман»  
 V. «Утопия»

2. Кестені толтырыңдар. Романдық және готикалық үлгінің ерекшеліктерін көрсетіңдер.

Стиль	Архитектура	Мүсін өнері	Бейнелеу өнері
романдық			
готикалық			





## §8. ИСЛАМ ДІНІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ. АРАБ ХАЛИФАТЫ

Бүгінгі сабағымызда ислам дінінің пайда болуымен, араб халифатының құрылуымен танысамыз. 610–1258 жылдар аралығында қандай басты оқиғалар орын алғанын білетін боламыз. Ислам дінінің күні бүгінге дейінгі өміршеңдігін айқындаймыз.

**Ислам дінінің пайда болуы.** Ислам діні Арабия түбегінде пайда болды. VI ғасырда арабтар көшпелі малшаруашылығымен және егіншілікпен айналысты. Көшпелілерді *бедуиндер* деп атады. Малдан жылқы, қой, ешкі, түйе өсірілетін. Тайпалар руларға бөлінді. Тайпа басшысы – *шейх*, ал ру басы *сауд* деп аталды.

Қызыл теңіздің жағалауында Византиядан Африкаға және Үндістанға баратын сауда жолдары болды. Осы жолдардың бойында арабтардың сауда тұрақтары орналасты. Оның ірісі Мекке қаласы еді. Көпестер көрші елдерге жылына бірнеше рет үлкен керуендер жіберіп отырды. Меккенің орталық алаңында Қағба, оның төрінде қасиетті «қара тас» тұрды. Ал айналасында араб тайпалары Құдайларының мүсіндері қойылған еді. Өр тайпа өз Құдайына құлшылық етті. Бұл арабтар арасында алауыздықты күшейте түсті.

Араб тайпаларының бірігуіне жаңа дін – ислам діні жәрдемі тигізді. *Ислам дінінің негізін қалаушы* – Мекке қаласынан шыққан *Мұхаммед (с.ғ.с.)* пайғамбар. Ол 570–632 жылдары өмір сүрген.

Мұхаммед бір ғана құдіретті Алладан басқа Құдай жоқ деп пайымдады, ал өзін «*Құдайдың елшісі – пайғамбармын*» деп атады. Ол 610 жылдан бастап арабтардың өзара жауласуын қойып, бір дінді қабылдап, ислам дініне енуін уағыздады.

Мұхаммедтің діни уағыздарына қарсы болған Мекке қаласының билеушілері қасиетті Қағбаны басып алып, пайғамбардың қаладан кетуін талап етті. Мекке қаласында өзіне қолдау таппағаннан кейін, Мұхаммед пайғамбар 622 жылы Арабияның екінші қаласы Ясрибке (қазіргі Медине)


**Негізгі ұғымдар:**

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар, хижра, үшір, иқта, халиф, өмір, Араб халифаты.



Араб теңгелері





VII–IX ғасырларда арабтардың жаулап алуы

барып паналауға мәжбүр болады. Мұсылмандардың тарихында осы жыл «хиджа» (қоныс аудару) мұсылмандық жыл санаудың басы болып есептеледі. Ясриб қаласы бұдан кейін «пайғамбар қаласы» «Медине» деп аталды. Сол жерде Медине халқынан қолдау тауып, Меккеге қарсы жорыққа дайындалады. Осы жорықта жеңіске жеткен Мұхаммед Меккені ислам дінінің орталығы деп жариялайды. Қағба әрбір мұсылман жылына бір рет барып, Алла алдында өз парызын өтеуге тиісті қасиетті орынға айналады.

630 жылы араб тайпаларының көпшілігі ислам дінін қабылдап, Мұхаммед билігін мойындады. Халықтың көбі Меккені ислам дінінің орталығы деп таныды. Қағба тасы тұрған жер исламның қасиетті орнына айналды. Сауд Арабиясы еліндегі ислам дінінің орталығы Мекке қаласына барып қайтқандар «қажы» атанады. Ислам деген сөз Құдайға бағыну дегенді білдіреді. Мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құран (арабшадан аударғанда «оқу» деген сөз).



Исламның бес негізгі парызы бар: 1) Аллаға иман келтіру; 2) бес мезгіл намаз оқу; 3) ораза ұстау; 4) зекет беру; 5) Меккеге қажылыққа бару.

Мекке қаласын бағындырған Мұхаммед тек ислам дінін уағыздап қоймай, мемлекеттің саяси билігін өз қолына алды. Елдің билігі қасиетті *Құран* шарияттары арқылы жүргізілді. Мысалы, қолға түскен ұрының қолы немесе саусағы кесілді.

Жер мемлекеттік меншік саналып, Аллаға адал қызмет атқарған адамдарға беріліп отырды. Жер алғаны үшін оның иесі «үшір» (ушур) салығын төлеуге міндетті еді. Малшылар да белгілі мөлшерде салық төледі. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың билігімен өз мемлекетіне адал қызмет атқарғандарға берілген жер *иқта* деп аталды. Мұхаммед (с.ғ.с.) Арабия түбегін түгелдей бағындырып, Ислам мемлекетін құрды.

Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін, оның ізбасарларына *халиф* (пайғамбар ісін жалғастырушы, жолын қуушы деген мағынаны білдіреді) деген атақ берілді. *Араб халифатын* Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың серіктері Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли басқарды.

Омардың кезінде арабтар 640 жылы Сирияны, Палестинаны, ал 640–642 жылдары Мысырды, одан әрі Солтүстік Африканың батысын, 634–651 жылдары Иранды толығымен өздеріне бағындырды. Омар халиф Иерусалимде әл-Ақса мешітін салдырды. Бір кездегі қуатты сасанидтік Иран өмір сүруін тоқтатты. Шығыста Араб халифаты Орталық Азия жерін жаулап, Мерв (Мары) қаласы халифаттың орталығына айналды. Сөйтіп, Үндістаннан Атлант мұхиты жағалауына дейінгі жер Араб халифаты мемлекетіне бағындырылды. Араб әскерінің ерекшелігі сол, олар негізінен ерікті адамдардан құрылды. Мықты атты әскер жасақталды. VIII ғасырдың басына дейін арабтар жаулап алған жерлерінде жергілікті тәртіптерді қалдырып, христиандардың, иудейлердің, зороастрийліктердің діндеріне төзімділік көрсетіп, тиіспеді. Мұндай саясат арабтардың жеңіске жетуіне мүмкіндік берді.

#### Ойталқы

Қалай ойлайсындар, ислам діні болмағанда Араб мемлекеті құрылар ма еді?

**Араб халифатының кеңеюі және басқару жүйесі.** Барлық жаулап алынған жер мемлекеттік меншікке айналдырылды. 661–750 жылдары билік басына *Омейя әулеті* келді. Бұлар сириялық арабтар еді. Халифат астанасы *Дамаск* қаласы болды.





VIII ғасырдың басында арабтар Солтүстік Африканың жағалауын, 711–718 жылдары Гибралтар бұғазы арқылы Пиреней түбегіндегі Испанияны жаулап алып, Франция жеріне дейін жетті.

705–715 жылдары Орталық Азияда Хорезмді, Хиуа мен Бұхараны, Сайрамды өздеріне қаратты. Орталық Азияны бағындыру үшін арабтарға түріктер және Қытаймен соғысуларына тура келді.

Балалар, сендер Қазақстан тарихынан білесіңдер, 751 жылы Тараз қаласына жақын жерде «Атлах» шайқасы болды. Бұл шайқас қытай әскерлері мен арабтар арасында болып, арабтар жеңіске жетті.

Шайқаста түргештер мен қарлұқтар арабтарды қолдап, Қытайға қарсы соғысты. Осылайша Оңтүстік Қазақстанның бір бөлігі де халифаттың құрамына кірді.

Халифаттың жері *бес* жергілікті *басқару аймағына* бөлінді.

#### Араб халифатының саяси жүйесі



Арабтардың ұлан-байтақ аумақты жаулап алуының себебін анықтаңдар.

Халифатқа қарамағындағы аймақты басқарып тұру үшін өте көп әскер керек еді. Бүкіл халифаттағы әскердің басшысы халифтың өзі болып, бас қолбасшы рөлін атқарды. Әрбір әмірлікте жергілікті әскери басқару жүйесі жүргізілді. Әскер бастығы дәрежесі жағынан аймақтағы екінші адам болып саналды. Омейя әулетінің негізгі әлеуметтік тірегі арабтың феодалданған ақсүйектері болды.





Араб көпестерінің керуені

Омейя әулеті билік құрған Араб халифатында қоғамдық мекемелер мен мешіттер салуға көп көңіл бөлінді. Сауда және қолөнер айтарлықтай дамыды. Сауда айналымына алтын динар мен күміс дирхем енгізілді.

Омейя әулеті кезінде Араб халифаты орта ғасырлардағы ең ірі мемлекеттердің бірі болды. Бірақ ұзақ жылға созылған ішкі бақталастық Араб халифатын әлсіретті. 750 жылы Әбу Мүслим бастаған көтерілістің нәтижесінде Омейя әулеті билік басынан қуылып, оның орнына *Аббас әулеті* келді. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың немере ағасы Аббас-тан тарадық дейтін араб халифтары (әулеті) үстемдік құрған алғашқы жүз жылда халифаттағы феодалдық қатынас күшейіп, сауда өрістеді. Аббасилік халифат әсіресе Харун ар-Рашид (768–809) пен Мамун (813–833) тұсында кемеліне келді. Халифат Азия, Африка, Еуропа құрлықтарын қамтыған әлемдік державаға айналды. Бұл құрлықтардағы халықтардың өздеріне тән тарихи, мәдени, діни ерекшеліктері болды. Олар әртүрлі тілде сөйлеп, өз салт-дәстүрін ұстанды. Бұл сияқты ала-құлалық түбінде халифаттың күйреуіне әкеліп соғатын. Мұндай тағдырдан Халифат та қашып құтыла алмады. VIII–X ғасырларда Халифат бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті. Олардың ішіндегі ірілері *Бағдад халифаты* (750–1258), *Фатимилер халифаты* (909–1071), *Кордова халифаты* (756–1031), *Саманилер мемлекеті* (875–999) т.б. болды.

#### Ойталқы

Араб мемлекетінің ыдырауына жол бермеуге болар ма еді?







тептерде Құранды оқытуға басты назар аударылды. Ислам діні рухани қазынаның көзі саналды.

Мәдениеттің дамуына шаруашылықтың табысы өз есерін тигізді. Суармалы жерлерге сұлы, бидай және құрма, қант құрағы өсірілді. Азияның басқа жерлерінен арабтар күріш, мақта және т.б. дақылдарды өсіруді үйренді.

Қолөнер жоғары деңгейде дамыды. Мақта мен жүннен жеңіл және сапалы, мықты маталар тоқылды. Ирандық кілем тоқушы шеберлердің даңқы дүниежүзіне кең тарады. Сирияда ашық түсті жібек маталар, шыны ыдыстар өндірілді. Дамаск қаласында қару-жарақ жасалды.

Араб көпестері сауданы кеңінен өрістетті. Олар шөл далалар мен биік тау асуларын басып өтіп, Қытайдан жібек пен ыдыс-аяқ тасыды. Теңіз жолдарын пайдаланып, Үндістаннан маталар мен асыл тастар әкелді. Араб көпестері Батыс Еуропа мен Еділ жағалауларында да жиі болды. Орталық Азия елдеріне келіп, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда сауданың дамуына ықпал етті.



Араб құмырасы

«Адамның ең басты көркі – білім» деді арабтар. Халифатта математика, астрономия, география ғылымдары дамыды. Бағдад қаласында үлкен кітапхана жұмыс істеді. Онда грек ғалымдары еңбектерінің қолжазбалары сақталған.

Араб математиктеріне Евклидтің еңбектері белгілі болған. Арабтар үнді сандарын пайдаланып, алгебраның негізін салған. Үнді сандарын



Арабтардың мейрам кезіндегі шерулері. Орта ғасыр миниатюрасы



Мұсылман әлемі дүниежүзілік өркениеттің дамуына қандай үлес қосқанын анықтаңдар.

арабтардан еуропалықтар алған, олар өлі күнге дейін бұл сандарды арабтық деп атайды. Мысалы, біз қолданып жүрген 1, 2, 3 т.б. таңбалары.

Бағдат пен Дамаскіде обсерватория болды. Күрделі аспаптарды пайдалана отырып, астрономдар жер көлемін есептеп шығара алды, аспан әлеміндегі жұлдыздардың орналасу тәртібін сипаттап жазды. Орталық Азиядан шыққан *Әбу Райхан әл-Бируни* (973–1048) жердің күнді айналатындығы туралы болжамын айтты. Бұл болжамды ол Коперниктен 500 жыл бұрын, денелердің Жерге қарай тартылуын Галилей мен Ньютоннан 600 жыл бұрын болжаған.

Еуропалықтар арабтардан карта сызуды, түсбағдар (компас) мен глобусты пайдалануды үйренді. Орталық Азиядан шыққан ұлы ғалым *Ибн Синаны* (980–1037) Еуропада «Авиценна» деп атаған. Көптеген ғылым саласынан жетістікке жеткенімен, Ибн Синаның басты жетістігі латын тіліне аударылған медицина жөніндегі шығармалары еді. Бұл шығармалар XVII ғасырға дейін Еуропа дәрігерлерінің қолдан тастамайтын кітабы болды. Ол бұрын белгісіз болып келген көптеген ауруларды сипаттаған.

Арабтар жер-жаһанды аралап, Қытай, Үндістан, Орталық Азия және Қазақстан жерінде болып, көптеген кітаптар жазып қалдырған. Батыс Еуропа елдерінде болғанда жүрген жерлерінің карталарын жасаған. Араб әдебиетінің ең үздік туындысы – бізге келіп жеткен «*Мың бір түн*» хикаяты. Араб поэзиясы, араб ақындарының өлеңдері күні бүгінге дейін дүниежүзі халықтарына өйгілі.



Ибн Сина



Әл-Масуди





Африка мен Пиреней түбегіндегі араб елдерінде ірі мәдени жетістіктер дүниеге келді. Еуропадағы ең жоғары мәдениет ошағы арабтардың иелігіндегі *Кордова мемлекетінде* шоғырланды. Мұнда ірі университеттер бой көтерді (Кордова университеті т.б.). Араб ғалымдарының астрономия саласындағы еңбектері Еуропа астрономиясының негізін салды. Осы күнге дейін көптеген жұлдыздардың аттары, ғылыми, мәдени терминдер араб тіліндегі атауын сақтап қалған. Философияның ілгерішіл бағытын осы араб ғалымдары дамытты. Әлем кеңістігі жөніндегі ілімді де алғаш арабтар дүниеге әкелген. Бұл салада кордовалық философ *Ибн Рушд* (1126–1198) елеулі еңбек етті. Ибн Рушд Кордова халифаты кезеңінде Испанияда өмір сүрген. Оның Аристотель шығармаларына жазған түсініктемелері еуропалық философтардың ежелгі грек философиясымен танысуға елеулі ықпал етті. Мұнда Птолемей еңбектеріне негізделген ғылыми география өркендеді. Араб тарихшысы, географы *әл-Масуди «Замана тарихы»* атты 30 томдық тарихи-географиялық энциклопедия жазды. Араб саяхатшылары Еуропаға, славян елдеріне барып, олар туралы қызықты мәліметтер жинады, көптеген елдер мен теңіздердің карталарын жасады.

Еуропалықтар халифат елдерінің мәдениетімен негізінен арабтар жаулап алған Испания арқылы танысты. Кордовадағы университетте араб ғалымдары ғылымның әр саласынан дәріс оқыды. Сол кездегі орасан үлкен кітапханалар осы кезге дейін сақталған.

Араб сәулетшілері тамаша сарайлар, мазарлар мен қамалдар, мешіттер салды. Мысалы, Иерусалимдегі атақты *әл-Ақса* мешіті исламдық сәулет өнерінің озық туындыларының бірі болып саналды. VIII ғасырда салынған Кордова мешіті, XIII ғасырда Гранадада тұрғызылған Алгамбра сарайы бүгінге дейін сақталған.

Арабтардың үйлері тасқа қашалған ою-өрнектермен, қабырғалары мен едендері жылтыраған кірпіштермен, мозаикамен өрнектелді. Ислам діні адам кейпін, сондай-ақ жануарларды бейнелеуге тыйым салды. Алайда өнердің тоқыма, зергерлік сияқты түрлері, сәулет өнері биік сатыға көтерілді. Шеберлер нәзік өрнектің алуан түрін туғызды. Араб өріптерімен әсемдеп жазу немесе өсімдік және геометриялық пішіндерге негізделіп жасалған күрделі өрнек түрі *«арабески»* деп аталды.

Араб мәдениеті қазақ жеріне де игі әсерін тигізді. Ислам дінінің таралуымен араб тілі мен жазуы енді. Ежелгі түркі жазуы біртіндеп ығыстырыла бастады. Исламның орнығуы жергілікті мәдениетпен қабысқан араб-мұсылман мәдениетін қалыптастырды. Арабтар біздің жерімізде мешіттер салып, медреселер ашты. Арабша оқып, білім алған қандастарымыздың есімдері әлемге әйгілі болды. Олар әлемнің екінші ұстазы





атанған *Әбу Насыр әл-Фараби*, ғұламалар *Әбу Ибраһим Ысқақ әл-Фараби*, *Әбул-Қасым әл-Фараби*, *Қожа Ахмет Ясауи*, *Жүсіп Баласағұни* және т.б. еді. Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист ғалым, ойшыл, философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Ол түркі ойшылдарының ең атақтысы, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Өздігінен көп оқып ізденген ойшыл құнды еңбектер жазып қалдырған.

**Ойталқы**

Мұсылман мәдениеті әлем мәдениетіне қалай әсер етті?

1. Арабтардың дүниежүзіне әйгілі болуына қандай жағдайлар әсер етті?  
 2. Мұсылман мемлекеттері мәдениеті неліктен жоғары дамыды деп ойлайсыңдар?

1. «Арабтардың мәдениеті» кестесін толтыра отырып, мәдениет саласында қандай жетістіктерге жеткенін анықтаңдар.

Дін	Қолөнер	Астрономия мен математика	Тарих және география	Әдебиет	Бейнелеу өнері

2. Тарихи тұлғалар мен оларға берілген сипаттаманы сөйкестендіріңдер
- |              |                                       |
|--------------|---------------------------------------|
| 1. Әл-Масуди | а) Оны Еуропада «Авиценна» деп атаған |
| 2. Ибн Сина  | ә) Араб тарихшысы, географы           |
| 3. Ибн Рушд  | б) Кордовалық философ                 |
3. Обсерватория болған қалалар
- |                |           |
|----------------|-----------|
| а) Үргеніш     | в) Багдад |
| ә) Каир        | г) Дамаск |
| б) Александрия |           |
4. Араб сәулет өнерінің үздік туындылары
- |                           |                    |
|---------------------------|--------------------|
| а) Әл-Ақса мешіті         | в) Алгамбра сарайы |
| ә) Кордова мешіті         | г) Калян мешіті    |
| б) Исмаил Самани кесенесі |                    |



§10. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫНЫҢ  
СЕБЕПТЕРІ, БАРЫСЫ МЕН САЛДАРЫ

Бүгінгі сабағымызда крест жорықтарының неліктен ұйымдастырылғанын, оның барысы мен салдарын білетін боламыз.

Крест жорықтары деп Еуропа феодалдарының XI ғасырдың аяғынан XIII ғасырдың соңына дейін Таяу Шығысқа – *Сирия, Палестина, Мысыр, Балқан түбегі, Кипр аралы, Кіші Азияға* жасаған әскери жаулаушылық жорықтарын айтамыз. Бұл жорықтар 1096–1270 жылдар аралығын қамтыды.

Крест жорықтарының басталуына Таяу Шығыстағы шаруашылықтың өрлеуі мен Батыс Еуропадағы экономикалық тоқыраудың нәтижесінде өрістеген әлеуметтік шиеленістер себеп болды. Қуатты Багдад халифаты 1055 жылы түпкілікті ыдырауға ұшырады. Салжұқтар 1071 жылы Манцикерт түбінде Византияны жеңіп, Сирия мен Палестинаны басып алды.

Византия басынан ауыр кезеңді өткізіп жатты. Император Алексей Комнин папа II Урбанға елші жіберіп, көмектесуін сұрады.

**Шіркеу – шығысқа жорықты ұйымдастырушы.** Католиктік шіркеудің өз мақсаты болды. Шығысқа жорық арқылы ол бытыраңқы Еуропадағы саяси билікті өз қолына алғысы келді. Өзінен бөлінген шығыс шіркеуін қайтаруды ойлады.

Ислам әлеміне қарсы жорыққа аттануды II Урбан папа бастады. Ол 1095 жылы Клермон қаласында (Франция) шіркеу жиынында мыңдаған дінбасылар мен халықтың алдында сөз сөйледі. Халықты Византияның түрік салжұқтарына қарсы күресіне көмектесуге, Иса пайғамбар жерленген


**Негізгі ұғымдар:**

крест жорықтары,  
рыцарьлар жорығы,  
крест жорығының  
салдары.



1096 жылы Иерусалимге жорыққа аттанған халық жасақшылары.

*Орта ғасыр миниатюрасы*



### Бірінші крест жорығы

Иерусалимді мұсылмандардан азат етуге шақырды. Папа бұл жорыққа қатысқандардың барлық күнәсі кешіріледі, шайқаста қаза тапқандар о дүниеде пейішке барып, рақатқа бөленеді деп жариялады. Папа киелі жердің байлығы мен құнарлылығы туралы да айтты.

II Урбанның жалынды сөзі жиынға қатысушыларға ерекше әсер етті. Олар тізерлеп отырып, Иса пайғамбардың табытын азат ету үшін өмірлерін аямайтыны туралы ант берді. «Құдай осыны қалайды» деп айқайлап жүріп, сол жерде маталардан крест қиып алып, оны киімдеріне тіге бастады. Сондықтан бұл *Крест жорықтары* деп аталды.

**Кедейлердің Шығысқа жорығы.** Шіркеу крест жорықшыларына көптеген жеңілдік жасады. Олар қарыздарын төлеуден босатылды, олардың дүние-мүліктері мен отбасылары шіркеу қамқорлығына алынды. Папаның Шығыс елдерінің шұрайлы жері туралы, онда кедейлердің тез байып кететіні туралы үндеуі кедейлер арасында рақат өмірге бөлену үмітін туғызды. Осындай уағыздың нәтижесінде, 1096 жылдың көктемінде Франция мен Германияның ондаған мың кедей шаруалары төу етуге





«жорыққа» аттанды. Аш-жалаңаш кедейлер жолдарындағы венгрлердің, болгарлар мен гректердің жерлерінен өтіп бара жатып, жергілікті халықтардың азық-түлік, мал-мүліктерін тартып алды, тонаушылыққа ұшыратты, қарсыласқандарын өлтіріп, зорлық-зомбылық жасады.

1096 жылы қазан айында салжұқ түріктерінің әскері Кіші Азияға басып кірген кресшілерді толық дерлік қырып жіберді. Діни ерлік жасап, байлыққа батуды аңсаған батыстың кедей шаруалары мен рыцарьлары осылай сәтсіздікке ұшырады.

Осы бірінші крест жорығы кезінде Батыс Еуропа елдерінің феодалдары бастаған, жақсы қаруланған әскері Шығыста қырылып жатқан кедейлерге көмекке аттанды. 1097 жылдың басында Константинопольге келіп жеткен кресшілер өздерін дәрекі ұстады: жергілікті халықты тонап, ұлттық дәстүрлерін мазақ етті. Шығыс Рим императоры әртүрлі айла-тәсілдермен кресшілер жасақтарын Кіші Азияға бет бұрғызды.

**Рыцарьлардың крест жорығы.** Ұзақ қанды шайқастан кейін кресшілер Антиохияны басып алды. Ол жерде кресшілердің бір көсемі өз князьдығын құрды да, Иерусалимге бармай, сонда қалды. Тағы бір көсем армяндардың Эдесса деген бай қаласын басып алды. Осы арада кресшілердің тағы бір мемлекеті – Эдесса графтығының негізі қаланды.

1099 жылдың шілде айында кескілескен шабуылдан кейін кресшілер Иерусалимді алды. Кресшілер қалада шектен тыс қатыгездік әрекеттер жасады. Олар әйел-еркек, бала-шаға, кемпір-шал демей, қала халқын шетінен қыра бастады. Тіпті жас балалардың басын тасқа соғып өлтірді. Қала халқының үйлерін мүліктерімен қоса кресшілер иемденіп алды. Кресшілер Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы шағын жерде өз



Кресшілер кемесіне жүк тиеу. XV ғасырда салынған сурет

Дін атын жамылған крест жорықтарының себебі мен салдарына өз көзқарасыңды білдір.

мемлекеттерін құрды. Олардың ішіндегі ең бастысы *Иерусалим корольдігі* болды. Батыс Еуропа феодалдары жаулап алынған елдердің халқын қанды қырғынға ұшыратты, зорлық-зомбылық жасап, құлдық езгіге түсірді.

Жаулаушылық жорықтардың нәтижесінде кресшілер Жерорта теңізінің шығыс бөлігін басып алды. Финикия, Сирия, Палестина жерлері, Иерусалим, Антиохия, Триполи, Эдесса, Сидон, Акра қалалары бағындырылып, солтүстіктен оңтүстікке созылған жерді қолға қаратты.

Палестина мен Сирия халықтары басқыншы кресшілерді жек көрді, оларға қарсы күресті тоқтатпады. Сөйтіп, басқыншылар өздеріне жау елде үнемі қауіп-қатерде өмір сүрді. Франциядағы Клерво монастырының аббаты Бернар христиандарды қолына қару алып, қайтадан Палестинаға аттануға шақырды. Бұл шақыруды француз королі VII Людовик пен неміс императоры III Конрад қабыл алып, 1147 жылы *екінші крест жорығын* жасады. Олар Кіші Азияда салжұқтардан жеңіліп қайтты.

1187 жылы Мысыр сұлтаны *Салах ад-Дин* кресшілерді Палестина мен Сириядан қуып шықты. Иерусалим қайтадан мұсылмандар қол астына көшті. Енді оны қайтарып алу үшін Германия, Англия, Франция корольдері 1189–1192 жылдары *үшінші крест жорығын* жасады. Ол жорық та нәтижесіз аяқталды. Христиандар теңіз жағалауындағы еңсіз жерді ғана иемденді. Иерусалим мұсылмандардың қолында қалды.



Салах ад-Динның Иерусалимді алуы. XV ғасыр миниатюрасы



### Қамал-қалаға шабуыл жасау



1202 жылғы *төртінші крест жорығын* Ш Иннокентий папа ұйымдастырды. Кресшілер қасиетті жерге теңіз арқылы бармақ болып, Венецияның кемелерін жалдады. Ақысын төлеуге ақшалары жетпей қалған соң, Венецияның әміршісі кресшілерді өздерімен бөсекелес Шығыс Рим империясының астанасына басып кіруге көндіреді. Сөйтіп, кресшілер христиандар қаласы Константинопольді басып алып, оны талан-таражға салды. Еуропаның ең бай қаласын иемденген кресшілер Византияда өз мемлекетін құрып, Палестинаға бармай қалды. Олардың мемлекеті *Латын империясы* деп аталып, 1261 жылға дейін өмір сүрді.

Қасиетті жерді азат етеміз деген кресшілер алғаш басып алған жерлерінен айырыла берді. Папалар мен корольдер 1217–1221 жылдары *бесінші*, 1228–1229 жылдары *алтыншы*, 1248–1254 жылдары *жетінші* жорықты ұйымдастырды. Француз королі IX Людовик 1270 жылғы *сегізінші* крест жорығы кезінде қайтыс болды. Барған сайын ол жорықтарға қатысуға тілек білдірушілер қатары азая берді. Кресшілер арасында алауыздық, өзара қырқысулар орын алды.

**Крест жорықтарының салдары.** Крест жорықтары Батыс Еуропа елдері тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркениеттің дамуына едәуір кедергі келтірді. Жорықтар Еуропа елдерінің ғана емес, Шығыстағы мұсылман елдерінің де шаруашылығына, мәдениетіне орны толмас зиян әкелді. Көптеген өнер туындылары қирады, кітаптар мен құнды деректер жойылып кетті.

Сурет бойынша қамалға шабуыл жасаушылардың қару-жарағы туралы айтыңдар.





Дегенмен бұл жорықтардың Батыс Еуропа елдері үшін біраз пайдалы жақтары да болды. Біріншіден, Жерорта теңізіндегі сауданың қыза түсуіне ықпал етті. Бұл саудада Солтүстік Италия қалалары үстемдікке ие болды. Екіншіден, Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғары дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін игерді. Кресшілер мұсылман халықтарынан тамақ ішер алдында қолдарын жууды, ауық-ауық ыстық моншаға түсіп, ішкіімдерін, төсек-орындарын ауыстырып тұруды, әдемі киінуді, ас ішкенде шанышқыны пайдалануды үйренді. Үшіншіден, еуропалықтар Шығыстан жаңа егіс дақылдарын көріп, Еуропада күріш, лимон, өрік, қарбыз өсіре бастады. Еуропалықтар Шығыс халықтарынан жібек мата тоқуды, айна жасауды, металды сапалы өңдеуді үйренді.

### Ойталқы

Бүгінгі күні әлемде дінге қатысты соғыстар болып тұра ма?

21. 1. Крест жорықтары дегенді қалай түсінесіңдер? Крест жорықтарының себептерін анықтаңдар.
  2. Неге бірнеше рет крест жорықтары жүргізілді?
  3. Крест жорықтары жүргізілген елдерді картадан көрсетіңдер.
2. 1. Шығысқа жорықты ұйымдастырушы католик шіркеуінің мақсаты
    - а) Еуропадағы саяси билікті өз қолына алу
    - ә) христиан дінін тарату
    - б) Иса пайғамбардың табытын азат ету
    - в) Шығыс елдерін басып алу
  2. Кресшілердің Жерорта теңізі жағалауында құрған мемлекеті
    - а) Иерусалим корольдігі
    - ә) Палестина
    - б) Эфес
    - в) Испания

1. Крест жорықтарының тиімді, тиімсіз жақтары туралы пікірталас.

Крест жорықтарының тиімділігі	Крест жорықтарының тиімсіздігі
Дәйектер	Дәйектер
Дәлел, мысал келтіру	Дәлел, мысал келтіру
Қорытынды тұжырым	Қорытынды тұжырым



## 2. Оқиғалардың ретін анықтаңдар.

	Кресшілер Палестина мен Сириядан қуылды
	Екінші крест жорығы
	Кресшілер Иерусалимді алды

3. Крест жорықтарының Еуропа мәдениетіне тигізген ықпалы жайлы әссе жазыңдар.

### §11. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫНАН КЕЙІНГІ ХРИСТИАНДЫҚ ЕУРОПА ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ

Бүгінгі сабағымызда крест жорықтарының христиандық Еуропа мен мұсылман әлемін қалай өзгерткенін білетін боламыз. Діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтаймыз.

#### Негізгі ұғымдар:

діни-рыцарьлық ұйымдар, католик шіркеуі, қуатты король билігі.

**Еуропаның экономикалық жағдайы.** Крест жорықтары әскери жорық ретінде сәтсіз аяқталды. 1291 жылы кресшілердің соңғы тірегі – Акра құлады. Еуропалықтардың Шығыс елдерінде бекіп, тұрақтауының мүмкіндігі жойылды. Тек Венеция мен Генуяның көпестері бұрын византиялықтар мен арабтар үстемдік құрған Жерорта теңізіндегі саудаға ие болып, зор пайда түсірді. Шығысқа еуропалықтардың енуі олардың бұл аймақ туралы танымын кеңейтті. Еуропа тұрғындары өздеріне бұрын белгісіз болып келген дақылдарды өсіре бастады. Шығыс елдерінің ауылшаруашылығы техникасын пайдаланды (жел диірмені). Ең қызығы, Шығыста мұсылмандардың кентерлерді хат тасуға пайдалануын еуропалықтар да үйренді.

Жорықтан келген еуропалық феодалдардың шығыстың сан алуан тауарларына: тамаққа қосатын әртүрлі дәмдеуіштерге, қымбат маталарға, болаттан жасалған жоғары сапалы қарулар мен кілемдерге сұраныстары артты. Мұның өзі Еуропада сауданың одан әрі дамуына әсерін тигізді. Еуропаның саудасы екі бағытта жүрді. Біріншісі – Жерорта теңізі арқылы Испания, Оңтүстік және Орталық Франция, Италия елдері өзара сауда байланыстарын орнатты. Сондай-ақ Византия, Қара теңіз бойы және Шығыс елдерімен сауда жасасты. Бұл бағытта Италияның қалалары үстемдік етті.

Келесі бағыт Балтық және Солтүстік теңіз бойын қамтыды. Бұл бағыттағы саудаға Рустің солтүстік-батыс облыстары, солтүстік Германия, Скандинавия елдері қатысты. Саудаға түскен тауарлар: балық, аң терілері,



жүннен тоқылған маталар, ағаш т.б. еді. Еуропа елдері саудасының және жалпы экономикасының дамуына *жәрмеңкелер* үлкен ықпал етті. Жәрмеңкелер Франция, Италия, Германия мен Англияда өткізіліп тұрды. Мәселен, жыл бойы жұмыс жасап тұратын Франциядағы *Шампань жәрмеңкесіне* елдің түкпір-түкпірінен және шетелдерден көптеген көпестер келіп тұрған. Еуропа базарларында Шығыс тауарлары көбейді.

Ақша-тауар қатынасы дамыды. Шаруалардан алынатын заттай салықтың орнын ақшалай салық ығыстырды. Енді шаруалар басыбайлылықтан өз еркіндіктерін ақшаға сатып алып, қалаларға кетулеріне мүмкіндік алды. Шаруалар қауіп-қатерге толы алыс жерлерден байлық пен бақыт іздегеннен гөрі өз елдерінде табыстың көзін табуға тырысты.

Еуропада ауылшаруашылығы жаңа деңгейге көтерілді. Бұрынғы батпақты, орманды жерлердің кей бөлігі егістік жерлерге айналдырылды. Сұлының орнына бидай, қарабидай көбірек өсірілді. Егін қос өгіз жегілген, темір соқамен жыртылған екі-үш танапты жерлерге егілді. Бау-бақша, көгөніс дақылдарын егу кең етек алды. Жүзім өсіру Еуропаның біраз бөлігіне таралды. Ауылшаруашылығымен тығыз байланысты шарап өндіру, май шайқау, ірімшік қайнату салалары дамыды. Еңбек өнімділігі артты.

Еңбек құралдарын темірден жасау металды көп керек етті. Соған байланысты Еуропада кен өндіру артты, металды балқыту, өңдеу ісі жақсарды. Темір ұсталығы және қару-жарақ жасау дамыды.



Шеберханадағы жұмыс





Үста дүкені

Шаруашылықтың дамуы қолөнердің бірте-бірте ауылшаруашылығынан бөлінуіне өкеш соқты. Қолөнер адамдардың арнайы бір тобының, қолөнершілердің кәсібіне айнала бастады.

Қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлінуі нәтижесінде Еуропада қалалар саны өсе бастады. Еңбектің жаңа бөлінісі – қала мен ауыл арасындағы қатынастар дами түсті. Халқы ауылшаруашылығымен шұғылданатын ауылдардан қалалардың айырмашылығы сол, олар қолөнер мен сауда орталығына айналды.

Германия, Испания, Швеция, Англия елдерінде тау-кен кәсіпшілігі дамып, өз алдына бір салаға айналды.

**Крест жорықтарынан кейінгі Еуропаның саяси жағдайы.** Еуропа елдері бытыраңқылықтан күшті король билігіне ауыса бастады. Сауда мен жәрмеңкелердің, жалпы экономиканың дамуы елдің саяси бірігуіне алғышарт қалыптастырды. Қалалардың өсуі, тауар-ақша қатынасының күшеюі жекелеген аймақтардың оқшаулануын бұзды. Қала тұрғындары мықты король билігін қолдады. Себебі экономикалық табыс алу үшін тұрақтылық қажет еді. Ал тұрақтылықты тек күшті король билігі ғана қамтамасыз ете алатын. Бұл жағдай әсіресе Франция үшін маңызды саналды.

56–57-беттердегі суреттер бойынша ортағасырлық шеберлер жайлы өз ойларыңды білдіріңдер.



Француз корольдері крест жорықтары кезінде және одан кейін де өз иеліктерін кеңейту жолында ірі феодалдарға қарсы күрес жүргізді.

Франция крест жорықтарына белсенді қатысушыларының бірі болды. Француз корольдері крест жорықтарына қатысты.

Еуропа елдерінің ішінде Англияда қуатты король билігі болған еді. Крест жорықтарында ағылшын корольдері біраз қаражат жұмсап әлсіреді. Ағылшын королі *Арыстан жүректі I Ричард* көп уақыты мен қаржысын жорыққа жұмсады. Керісінше ірі феодалдар – барондар байып, саяси билікке таласа бастады.

Крест жорықтары кезінде Германияда *Штауфендер* әулеті билік жүргізді. Атақты Фридрих I Барбаросса үшінші крест жорығына қатысып, Сирия жерінде суға кетіп, қайтыс болды. Германияны біртұтас мемлекет деп атау қиын еді. Себебі онда көптеген жеке князьдықтар болды. Германияның билеушісі *император* деп аталды. Герман императорлары *Римді* елдің орталығы деп санады және үнемі Италияны жаулап алу жолында соғыстар жүргізді. Сонымен қатар неміс феодалдары славян жерлерін және Балтық бойы елдерін, прустарды жаулаумен айналысты.

**Католиктік христиан шіркеуі.** Шіркеу Еуропадағы саяси билікті өз қолына алғысы келді. Алайда католик шіркеуінің бұл мақсаты толық жүзеге асты деп айту қиын. Керісінше төртінші крест жорығында крестшілердің Константинопольді алуы Византияны әлсіретіп, христиан шіркеуінің православиелік бағытына соққы болып тиді. 1261 жылы крестшілер құрған Латын империясы құлатылып, Византия қалпына келтірілді. Византияның аумағы бұрынғыдан көп кішірейді. Атап айтқанда, Кіші Азия мен Македонияның, Фракияның аз бөлігі, Пелопонесс қарады. Византия бұрынғы қалпына келе алмай, XV ғасырда түрік-османдардың шабуылынан біржолата құлады.

Папа III Иннокентий кезінде католик шіркеуі күшейіп, Еуропа билеушілерінің үстінен қарайтын күшке айналды. Ол жеке елдердің ішкі істеріне араласып, неміс рыцарьларының орыс жерлерін және Балтық бойын жаулап алуға бағытталған науқанын ұйымдастырды.

Бірінші крест жорығы аяқталып, көптеген рыцарьлар Еуропаға қайтып кеткеннен кейін, Палестинада қалған тобына көмек ретінде *діни-рыцарьлық ордендер* (ұйымдар) құрылды. XII ғасырдың соңында немістердің *Тевтон* ордені қалыптасты.

Папа III Иннокентий Балтық бойы тайпаларының жерлеріне крест жорығын жариялады. Бұл жерлерді жаулау үшін Ливон немесе





Семсерлілер ордені құрылды. Христиан діні Оңтүстік Балтық тайпалары мен прустерге күштеп енгізілді. 1237 жылы Тевтон ордені Семсерлілер орденімен бірікті.

1386 жылы поляктар мен литвалықтар одақ құрып, 1410 жылы Грюнвальд түбіндегі шайқаста Тевтон орденін күйрете жеңді. 1466 жылы орден Польшаға тәуелділігін мойындады.

**Мұсылман әлемі.** Саяси бытыраңқылықты тек Еуропа ғана емес, мұсылман әлемі де ба-сынан кешірді. XV ғасырдың аяғына дейін өртүрлі әулеттердің арасындағы билік үшін күрес мұсылмандардың да бірігуіне кедергі жасады. XI ғасырдан бастап салжұқтардың сұлтандары мұсылман әлемін біріктіруге тырысты.

XIII ғасырда монғолдардың шапқыншылығы Ортаазиялық мұсылман мемлекеттерін қиратып, 1258 жылы Аб-басидтер халифатының құлауына әкелді. Сөйтіп, Иранның көп бөлігі Монғол империясының құрамына енді. Христиандардың монғолдар арқылы Шығыста өз биліктерін нығайту мақсатына мысырлық мәмлүктер кедергі болды. Мәмлүктер ортағасырлық Мысырдағы түркі және Кавказ халықтары өкілдерінен шыққан жауынгер-құлдар болатын. *Мәмлүк* сөзі араб тілінен аударғанда «біреудің меншігі» деген мағынаны білдіреді. Олардың арасында қазақ даласынан бала күнінде тұтқынға түсіп, кейін Мысырда сұлтан болған Бейбарыстың орны ерекше. Ол 1260–1277 жылдары 17 жыл бойы Мысырды биледі. Бейбарыстың кезінде кресшілерге соққы беріліп, монғолдардың шабуылы тойтарылды. Каирде сарайлар, мешіттер салынып, канал құрылысы жүргізілді. Қолөнер, егіншілік, ғылым, сауда, қолөнер және мәдениет дамытылды. Осылайша, елдің қуаты артып, халықтың жағдайы жақсарды. Бейбарыстан кейінгі сұлтандар кезінде Сирия мен Палестинадағы христиандық мемлекеттер толық жойылды. XIII ғасырдың ортасынан бастап монғол жаулаушыларының өздері де исламды қабылдай бастады.

Пиреней түбегіндегі мұсылман мемлекеттері, атап айтсақ, Кордова халифаты 1031 жылы өмірліктерге ыдырап, одан бөлінген Гранада өмір-



Тевтон рыцары

Крест жорықтары ортағасырлық әлемнің одан арғы дамуына қалай әсер етті? Өз тұжырымдарыңды келтіріңдер.





лігі 1492 жылы біржолата жойылды. Бұл Пиренейдегі соңғы мұсылман мемлекеті еді.

XV ғасырдың ортасында Осман түріктері Византияны құлатып, Кіші Азияда қуатты мұсылман мемлекетін құрды. Ислам діні бұрынғы Византия аумағына таратылды.

**Ойталқы**

Еуропаның экономикасы крест жорығынан кейін қалай өзгерді?

- ❓ 1. Еуропада сауданың дамуы қай бағытта жүргізілді?
- 2. Жәрмеңке дегеніміз не?
- 3. Мемлекетті басқарудың қандай жаңа түрлері пайда болды?
- 4. Еуропа елдеріне күшті король билігі неге қажет болды?
- 5. Француз корольдері не үшін күрес жүргізді?
- 6. Діни-рыцарьлық ордендер дегенді қалай түсіндіңдер?
- 7. Крест жорықтары мен монғол шапқыншылығы мұсылман елдеріне қалай ықпал етті?
- 8. Картадан крест жорықтарын көрсетіңдер.
- 9. Сұлтан Бейбарыс туралы не білесіңдер?

- \* 1. Христиандар мен мұсылмандардың өзара мәдени алмасуы жайлы өңгіме жазыңдар.
- 2. Крест жорықтарының Еуропа мен мұсылман елдеріне тигізген жағымды және жағымсыз жақтары туралы STEEPLE талдау кестесін толтырыңдар. STEEPLE сөзінің мағынасы: S – әлеуметтік, T – технологиялық, E – экономикалық, E – қоршаған орта, P – саяси, L – құқықтық, E – этникалық.

Тарихи жағдай	Өсері
S (әлеуметтік)	
T (технологиялық)	
E (экономикалық)	
E (қоршаған орта)	
P (саяси)	
L (құқықтық)	
E (этникалық)	



## §12. МОНГОЛ ИМПЕРИЯСЫ

Бүгінгі сабағымызда монғолдардың өлемдік империяны қалай құрғанын білеміз. Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтаймыз.

**Шыңғысхан.** Монғол тайпалары X–XII ғасырларда Ұлы Қытай қорғанынан Селенга өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі жерлерді мекендеген. XII ғасырдан бастап монғол тайпалары Орталық Азиядан Байкал көліне, Енисей өзенінен Гоби шөліне дейін созылып жатты.

Көшпелі малшаруашылығымен айналысып: қой, ешкі, ірі қара және жылқы өсірген. Малдың сүті мен етін негізгі тамақ етіп, жүні мен терісін киім-кешекке, тұрмысқа қажетті заттарға пайдаланған.

Біртұтас монғол мемлекетінің құрылуы *Темужиннің* (Темучин) (1155–1227) атымен байланысты. Темужін қият тайпасының боржығын руынан шыққан. Өкесі Есугей батыр 1155 жылы татар тайпасына шабуыл жасап, Темужін атты батырын қолына түсіреді. Сол жылы дүниеге келген баласының есімін *Темужін* деп қояды. Темужін жастайынан өте қайратты және өжет болып өседі. Өкесі Есугей батыр қайтыс болғаннан кейін, Темужін анасы және бауырларымен бірге көп қиындық көрді. Өкесінің нөкерлері мен руластары бұлардан бөлініп кетті. Темужін бала күнінен әуелі отбасын асырау үшін, кейін нөкерлер мен туыстарын қайтару үшін көп күш жұмсады. Ол татар, меркіт, керейіт, найман тайпаларын басып алып, хандық аумағын кеңейте түсті.

1206 жылы Онон өзенінің бойында өткен Құрылтайда монғол және түркі тайпалары Темужінді «Шыңғысхан» деген атпен ұлы хан етіп көтерді. Шыңғысхан бүкіл монғол тайпаларының басшысы болады. XIII ғасырдың басында Шыңғысхан Сібір халықтарының жері мен Қытай елін жаулап алып, Ұлы Монғол империясын құрды.

**Негізгі ұғымдар:**

Шыңғысхан, нояндар, Құрылтай, Яса («Жаса»)



Шыңғысхан



Шыңғысханның тұлғасы жайлы бүгінде әртүрлі пікірлер айтылады. Сен Шыңғысханға қандай баға берер едің?

Шыңғысхан құрған Ұлы монғол мемлекетінің аумағы оңтүстігінде Ұлы Қытай қабырғасынан, солтүстігінде Селенга өзеніне дейін, шығысында Хинган қыратынан, батысында Алтай тауына дейін созылды.

**Шыңғысханның жаулап алушылық жорықтары.** Монғол тайпаларын біріктіргеннен кейін, Шыңғысхан танғұттардың Батыс Ся мемлекетіне шабуыл жасайды. 1207 жылы Енисей жағалауындағы ойраттар т.б. тайпалар бағындырылды. 1211 жылы монғолдар Солтүстік Қытайдағы Цзинь мемлекетіне шабуыл жасады. 1215 жылы ұзақ соғыстан кейін Шыңғысхан әскерлері Пекинді алды. Солтүстік Қытайда әскербасы Мұқалиды (Мұқылай) 23 мың әскермен қалдырды. Шыңғысхан Монғолияға қайтып келіп, 1218 жылы Жетісуда бекіген наймандарды бағындырды. 1219 жылы монғолдар Қазақстан мен Орталық Азияны жаулауды бастайды.

1220 жылы Хорезм мемлекетінің астанасы Бұхараны, одан кейін Самарқанды қоршап, оны да басып алды. 1221 жылы Орталық Азияның соңғы қаласы Мерв монғолдарға қатты қарсылық көрсеткенімен, ол да жеңіліс тапты. Сөйтіп, Орталық Азияны жаулау аяқталады. Жебе мен Сүбедей қолбасшылар басқарған монғолдар Өзірбайжан мен Грузияны талқандап, Қырымға жетті. 1223 жылы Қалқа өзенінде қыпшақтар мен орыстардың біріккен әскері жеңіліс тапты.

#### Ойталқы

Шыңғысханның жорықтарда жеңіске жетуіне не ықпал етті деп ойлайсыңдар?




Монғол ауылы



1226 жылы Шыңғысхан Батыс Ся мемлекетіне тағы да жорық жасап, 1227 жылы бұл елді де біржолата бағындырды. Шыңғысхан сол жылы 72 жасында қайтыс болды.

**Монғол мемлекетінің саяси құрылымы.** Монғол империясын Шыңғысхан ұрпақтары биледі. Хан ордасы – империя орталығы Қарақорымда орналасты. Ең жоғарғы өміршісі ұлы хан саналды. Ұлы хан мемлекет басшысы ретінде әскери заң шығаруға және әкімшілік билік жүргізуге құқылы болды. Монғол империясының саяси өмірінде Шыңғысхан ұрпақтарының жалпы империялық жиналысы – *Құрылтай* өте маңызды рөл атқарды.

#### Монғол мемлекетінің саяси құрылымы



**«Яса» («Жасақ»).** XIII ғасырдағы әдебиеттерде «Ұлы Яса» деп аталатын Шыңғысханның өртүрлі мәселелерге байланысты айтылған заңдары қалыптасты. «Яса» монғолша – *жасақ, құқық, салық* деген мағына береді. Алғаш рет монғолдардың құрылтайында (1206 жылы) оқылған. Ясаның 36 үзіндісі күні бүгінге дейін жеткен. Бұл заңды зерттеуші ғалымдар, оны 5 бөлімнен тұрған деп болжайды: 1) қылмыс, оған берілетін жаза; 2) соғыс, әскери жасақ; 3) отбасы және неке; 4) мақтау; 5) салт-дәстүр, ырым.

Яса заңы бойынша соғыстан түскен байлық былай бөлінген: 3/5 – әскерге; 1/5 – қағанға; 1/5 – әскербасына.

Ясаның талабын орындамаған хан тұқымының мүшелері қатаң жазаланатын болды. Монғол хандары «Ясаны» ел басқару ісінде ұзақ жылдар



бойы басшылыққа алып отырды. «Яса» («Жасақ») Монғол мемлекетінің әскери-феодалдық сипатын көрсетеді. «Қаған төңірінің өкілі, аспандағы Құдай, жерде қаған бір», – делінген. «Ясада» хан, қағандарды мұрагерлік жолмен сайлау тәртібі бекітілді.

**Шығармашылық тапсырма.**

Қосымша деректерді пайдаланып, «Жасақ» («Яса») заңындағы тәрбиелік мәні бар нақыл сөздер мен есиеттерді анықтаңдар.

1. «15-тен 60 жасқа дейінгі әрбір адам әскери борышын өтеуге міндетті. 2. Әрбір жауынгер ер-азамат мыңдық, жүздік, ондық жасақтан басқаға ауысуға тыйым салынады.

Бұл талапты бұзғандардың басы алынады. 3. Соғыс алаңын тастап кеткен, соғыс жиынына келмей қалған және соғыстан түскен олжаны жасырған немесе иемденіп кеткендердің басы алынысын» делінген.

**Жаңа жерлерді бағындыру.** 1229 жылы құрылтай өткізіліп, Шығысханның үшінші ұлы Үгедей ұлы хан болып сайланды.

1236 жылдың соңында монғолдардың батысқа жорығы басталды. Ол жорықты Жошының баласы Бату басқарды. Бату әскерлері Еділ өзенінің жағасындағы Бұлғар елін жаулап алды.

1237 жылы Еділ мен Дон өзендерінің аралығындағы қыпшақтарды тізе бүктіріп, 120–140 мың әскермен орыс жеріне шабуылға дайындалады. Монғол-татар шапқыншылығы қарсаңында орыс жері бытыраңқы болатын. Бытыраңқы князьдықтар Бату әскерлеріне қарсы тұра алмады. Әскери күші жағынан да монғол-татарлар орыстарға қарағанда анағұрлым алға кеткен болатын. Өсіресе монғол-татарлардың атты әскері өте қуатты күш еді. Бату әскерлері соғыс жүргізудің сол заманғы неше түрлі айла-тәсілдерін меңгерді. Батудың соғыс жүргізу өнерінде бұрыннан қолданып келе жатқан, қала бекіністерін бұзатын жеңіл құралдары болды. Орыс қалалары ағаштан салынғандықтан бұзу қиынға түспеген еді.

1237 жылдың қысында Бату көп әскерімен Еділ өзенінен өтіп, Рязань қаласына келіп жетті. Рязань және Мәскеу қалаларын алды.

1238 жылы ақпанда Бату Владимир қаласын қоршап, үш күннен кейін қаланы алды. Осы қарқынмен монғол-татар әскерлері орыстардың 14 қаласын – Ростов, Суздаль, Ярославль, Кострома, Углич, Тверь т.б. қалаларды бағындырып, Владимир князьдығынан Новгородқа қарай беттейді. Көктемнің ерте шығуы, орманды және батпақты Новгород жері алға қарай жүруге қиындық тудырады. Сондықтан Бату әскерін оңтүстікке қарай бұрады.

Бату жолында кездескен қалалар мен елді мекендерді жаулап алып, 1240 жылы Киев қаласына келіп жетеді. Монғол-татар әскері күшінің







Бату әскерлері орыс жерінде

басымдылығы, орыс князьдықтарының дер кезінде күш біріктіре алмауы Киев князьдығының жеңілуіне әкеліп соғады.

**Батудың Еуропаға жорығы.** Киев қаласын алғаннан кейін Бату әскерлері Галич-Вольты князьдығына аттанады. Батыс орыс жерін жаулап алған соң Польшаға, Чехия мен Венгрия жеріне баса-көктеп кіреді. 1241 жылы Бату мен Сүбедей бастаған монғол әскері Венгрияға, екінші тобы Польшаға келеді. Монғолдар Польша мен Силезияны бағындырып, Лигнецы маңында поляк және неміс князьдарының жасақтарын талқандады. Польшаның біраз бөлігі бұл шапқыншылықтан зардап шекті.

1241–1242 жылдары Венгрия да монғол-татарлардың шапқыншылығына тап болды. Венгр королі IV Белла Бату ханның берілу туралы талабын орындамағаннан кейін, монғолдар үш топпен Венгрияға басып кірді. Венгр королінің Батыстан, яғни Пападан көмек сұрауынан еш нәтиже шықпаған соң, барлық ауыртпалықты өздері көрді. Венгр әскерлері Сайо өзенінде талқандалды. Король өз сарайымен Далмацияға қашты. Монғолдар корольдіктің астанасы Пешт және басқа қалаларды жаулап алып талқандады. Елдің солтүстігінен оңтүстігіне қарай заулап өтіп, монғолдар кейін шығысқа қайтады.

Бату әскерлері Еділ өзенінің төменгі сағасына оралып, осында 1243 жылы Сарай-Бату қаласын салғызады. *Алтын Орда* мемлекетін құрады. 1240–1480 жылдар аралығында орыс жерінде монғол-татар үстемдігі орнайды.





Монғолдар шығысқа жорығы барысында 1256 жылы Иранды, 1258 жылы Бағдатты басып алды. Құбылай әскерлері 1279 жылы Қытайды біржолата бағындырды. Қытайда *Юань* әулетінің негізі қаланды.

**Ойталқы**

«Жасақ» заңы кімдердің мүддесін көздеді?

- 21
1. Монғол тайпаларының орналасу аумағын, шаруашылығын, қоғамдық құрылысын сипаттаңдар.
  2. Шыңғысхан құрған Монғол мемлекетінің өкімшілік құрылымын сызба арқылы көрсетіңдер.
  3. Шыңғысханның жорықтарын атаңдар және кескін картадан сызып көрсетіңдер.
  4. Салыстыру кестесі.

Құрылтай	Ақсақалдар кеңесі

5. «Жасақ» заңы қандай бөлімдерден тұрады?
6. Бату ханның орыс жеріне жорығы қашан басталды? Бірінші қай князьдықтың жері монғол-татар шапқыншылығына ұшырады?



- ?
1. Өкімет билігінің жоғары органы:
    - а) «Яса» («Жасақ»)
    - б) Ескі заң
    - ә) Жеті жарғы
    - в) Қағида
  2. Монғолдар Еуропаның қай елдеріне шапқыншылық жорықтар жасады?
    - а) Польша, Чехия, Венгрия
    - б) Франция, Англия, Литва
    - ә) Италия, Германия, Франция
    - в) Англия, Франция, Италия
  3. Мерзімі мен оқиғаларды сәйкестендіріңдер.
    1. 1240 жылы
    2. 1237 жылы
    3. 1243 жылы
      - а) Рязан қаласын алды
      - ә) Киев қаласына келіп жетеді
      - б) Алтын Орданың негізі қаланды



### §13. ЕУРАЗИЯ ЭТНОСАЯСИ КАРТАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА МОНГОЛ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бүгінгі сабағымызда монғолдардың соғыс жүргізу әдісімен танысамыз. Монғолдардың жорықтары Еуразияның саяси картасын қалай өзгерткенін білетін боламыз. Монғол үстемдігі кезіндегі халықаралық қатынастарды анықтаймыз.

**Монғолдардың әскери өнері.** Монғолдардың ұлан-байтақ жерді жаулап алу себебі – **әскери өнерінің өте озық** болуында. Шыңғысхан өз әскерін көшпелілердің рулық-қауымдық құрылымы негізінде құрды. Ондақтар мен жүздіктердегі жауынгерлер бір рудан немесе бірнеше рулардан тұрды.

#### Негізгі ұғымдар:

түменбасы, ильхан, Алтын Орда, Монғол империясы.

Монғол әскерінің негізгі түрі атты әскер болатын. Ол *ауыр* және *жеңіл* деп екіге бөлінді. О бастан монғолдар көшпелі малшылар болған. Сондықтан олар балаларын үш жастан бастап атқа отырғызған. Бала 4–5 жасқа толғанда қолына алғашқы садағын ұстаған. Сол кезден бала көп уақытын ат үстінде, аңшылықта өткізуге дағдыланған. Жорықтарда монғолдар ұзақ уақыт бойы ердің үстінде ұйықтауға машықтанып, өз әскерінің тез қозғалуына жағдай жасаған. Монғол жауынгерлері өте төзімді еді.

Ауыр атты әскер қарсыластардың басты күштерімен ұрыс жүргізген. Ал жеңіл атты әскер *қарауылдық* және *барлау* қызметтерін атқарған. Әскердің бұл түрі кенеттен ұрыс бастап, садақтан оқ жаудырған. Жеңіл атты әскер қарсыластарының соңына түсіп отырған. Атты әскердің жетегінде қосымша бос аттар көп болған, соның арқасында монғолдар алыс қашықтыққа тез жеткен.

Монғолдардың негізгі қаруы садақ еді. Әрбір жауынгер бірнеше садақ пен жебе толы қорамсақ, ат үстіндегі жауды іліп түсіру үшін темір қармақты басы бар найза, қайқы қылыш алып жүрген.

Шыңғысхан өз әскерінде барлау жүргізетін, көшіп-қону бағытын және тұрақтайтын мекенжайды белгілейтін бөлімдер құрды. Бұл бөлімдердің әскер-басылары тікелей ханға бағынды.



Монғол жауынгерлері



67–68-беттердегі суреттерге қарап, монғол жауынгерлерінің ұрыс тәсілі мен қару-жарағына сипаттама беріңдер.

Империя аумағында *пошта бекеттері* ұйымдастырылды. Ханның бұйрықтарын *атшабарлар* елдің түкпір-түкпіріне тез жеткізіп отырды.

Шыңғысхан қалыптастырған темірдей тәртіп монғол әскерін жеңіске жеткізді. Егер ұрыс даласынан жауынгер қашса, ол кірген ондық түгел өлім жазасына кесілді. Ал ондықтың жауынгерлері қорқақтық көрсетсе, бүкіл жүздік түгел жазалады.

Монғолдар қарсыласын жеңу үшін оның күшін бытыратып, жеке-жеке жою әдісін ұтымды қолданды. *Тосқауыл, кенеттен шабуыл жасау, әдейі шегіну* арқылы жауды соңына ертіп қайта шабуылға шығу әдісін жиі пайдаланды. Ұрыс даласында монғолдар жауды түс-түстан қоршап, садақ оғын жаудырды. Толық жеңіске жету үшін соңынан қуып барып, жойып отырды.

Монғолдар сол замандағы ең озық құрылғыларды қолданды. Мәселен, Батудың әскерінде үлкен тастарды алысқа лақтыратын құрал болған. Ағаш қабырғаларды мұнай қосылған қоспа арқылы өртеген. Ал тас қабырғаларды қытайлықтардан алған оқ-дәрімен жарған. Монғолдар қалаларды аларда қолдан су тасқынын жасаған немесе өзендердің арнасын қаладан бұрып әкеткен. Монғол әскерінің құрамына жаулап алынған елдерден қолөнершілер мен қамал бұзу ісінің мамандары алынды.



Монғол жауынгерлері шайқаста



**Еуразия этносаяси картасының қалыптасуы.** XIII ғасырдағы монғолдардың шапқыншылығы Орталық Азия мұсылман мемлекеттерін қиратып, Араб халифатының құлауына өкелгенін айттық. XIII ғасырдың 70–80-жылдары монғолдар Вьетнамға, Жапонияға және Бирмаға жорықтар жасады. Алайда бұл жорықтары сәтсіз аяқталды. Бұл кезге қарай Монғол империясы өзгере бастаған еді. Алтын Орда мен Ильхандар мемлекеті тәуелсіз иеліктерге айналды. Кезінде ұлы хан Құбылайдан Иранды билеген Хулағу илхан (елхан) деген атақ алды. Сондықтан Иран Ильхандар мемлекеті аталды. 1368 жылдары монғолдар Қытай, Корея және Ираннан қуылды.

Алтын Орда мемлекетінің Еуразияның саяси дамуына тигізген әсерін анықтаңдар.

Орталық Азияда XIII ғасырдың бірінші жартысында орнаған монғол үстемдігі, бұл өлкенің дамуын тежеді. Қалалар қиратылып, егіншілік құлдырады. Мәселен, Қазақстан аумағында Отырар, Сығанақ сияқты қалалар жермен-жексен етіліп, суару жүйелері талқандалды. Осылайша, Қазақстан аумағындағы отырықшы-қалалық мәдениетке орны толмас зиянын тигізді. Шаруашылықтың дамуының экономикалық негізін бұзды.


XIII ғасырдың 70-жылдарынан бастап Қазақстан жері Шыңғысхан ұрпақтары құрған екі мемлекетінің құрамына кіреді. Соның бірі – Шағатай ұлысының орнында пайда болған Шағатай мемлекеті. XIV ғасырдың ортасында оның орнына *Моголстан* мемлекеті құрылды. Моголстан халқының этникалық құрамы түркі тілдес: үйсін, керей, найман, жалайыр т.б. тайпалардан құралды. Екіншісі – Жошының ұлысы, Жошының баласы Бату құрған Алтын Орда мемлекеті еді.

Алтын Орда хандары орыс жерлерін өздеріне бағындыруға тырысты. Князьдық жарлық (грамота) алу үшін барлық князьдардың Ордаға келуін талап етті.

Монғолдар жаулап алған жерлеріндегі халықтарға жер салығын салды. Бұл өнімнің үштен бірін, ал жан басы салығы мүліктің оннан бірін құрады. Сонымен бірге әскери, жол, пошта және тағы басқа салықтың түрлері болды.

Еуразия кеңістігінде қалыптасқан Монғол империясы мен одан бөлінген мемлекеттердің басқару жүйесінде хандық билік орнады. Ханның жанында қызмет істейтін «хан кеңесі» қалыптасты. Бұл кеңестің құрамына хан ұрпақтары, билер, әмірлер, бектер, дінбасылар кірді. Құрылтай жиналысының рөлі зор еді. Билікті өз қолдарында ұстау үшін монғол хандары жергілікті ақсүйектерге шартты түрде жер бөліп беріп отырған.





ХІІІ ғасырдың басы – ХІV ғасырдың бірінші жартысындағы  
Монғол империясы



XIV ғасырға қарай батыс ұлыстарда тұрып жатқан монғолдар жергілікті халықпен араласып кетті. Олар өз тілдерін жоғалтып, түрік тіліне көшті. XII–XIV ғасырларда батыстағы ұлыстың хандары ислам дінін қабылдады. 1312 жылы Өзбек хан исламды Алтын Орданың мемлекеттік діні етіп жариялады.

Алтын Ордада монғолдар сан жағынан аз еді. Түркі тайпалары, қыпшақтар, қаңлылар, қарлұқтар, наймандар және т.б. көшпелілер Алтын Орданың басым бөлігін құрады. Ал отырықшы жерлерде бұлғарлар, орыстар, гректер, черкестер т.б. өмір сүрді.

Еуразия аймағында қалыптасқан ортағасырлық Монғол империясы өңірдің этносаяси жағдайына үлкен әсерін тигізді. Кейіннен Орталық Азия мен Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттер осы империя құрамынан бөлініп шыққан болатын. Бұлар – Өмір Темір мемлекеті, Өбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Қазан хандығы, Қырым хандығы, Астрахан хандығы және Қазақ хандығы.

**Монғол үстемдігі кезіндегі халықаралық қатынастар.** Еуразиядағы қарым-қатынастың дамуына монғол үстемдігі ықпалын тигізді. Аз уақыттың ішінде монғол империясы Тынық мұхиттан Дунайға дейінгі аумақты алып жатты, елшілер арқылы Рим мен Монғол билеушілері арасында келіссөздер жүргізілді. Бату әскерінің Еуропаға жорық жасау қаупі төнген кезде, Рим папасы IV Иннокентий италияндық Платано Карпини бастаған елшілікті Монғол империясына жібереді. Елшілікке мағлұматтар жинап, христиан дініне кіруге уағыздау мақсаты қойылды. Елшілік мақсатын жүзеге асыра алмағанымен, жүріп өткен жерлері, халықтардың тарихы, тұрмыс-салты, әскери күші туралы маңызды мағлұматтар жинады. Платано Карпини (1246 ж.) Күйік ханмен кездеседі.

Француз королі IX Людовигтің тапсыруымен 1253–1255 жылдары монғол империясына саяхатшы ретінде фламандық монах Рубрук жіберіледі. Ол Қарақорымдағы Ұлы хан Мөңкемен кездеседі. Еуропалықтардың монғол империясымен дипломатиялық одақ жасағысы келген мақсаты орындалмады. Еуропаға еріп барған монғол елшілері олардан монғол билігін сөзсіз мойындауды талап етті.

Монғол шапқыншылығы қырып-жоюымен бірге кейбір оң үрдістерге де ие болды. Сауда-саттық дамыды, мәдениет, халықаралық байланыстар жақсарды. Монғол империясы шетелдік саяхатшылардың Еуропаға белгісіз азиялықтар жайында мәліметтер әкелуіне жағдай жасады. Монғолдар көшпелі тайпаларды орталықтандырылған билік арқылы біріктірді.






**Ойталқы**

**Монғолдар Еуразия картасына қандай өзгерістер әкелді?**

- 21
1. Монғолдардың ұлан-байтақ жерді жаулап алу себебі неде?
  2. Монғол әскеріндегі қызмет түрін атаңдар, соғыс жүргізу әдісін баяндаңдар.
  3. Монғолдар әскерінің негізгі түрі мен қаруын төмендегі кластер арқылы ашып көрсетіңдер.



4. Картамен жұмыс.

- 1) XII ғасырдың соңында Орталық Азия мен Қазақстан жерінде қандай мемлекеттер құрылды?
- 2) Монғолдар Алтын Ордада неге аз болды?
- 3) Монғол шапқыншылығының салдарын кестеге түсіріңдер.

Тиімді жағы	Тиімсіз жағы

5. Интернеттен Рубруктың Бату сарайында болғаны туралы жазбасын оқып, түсінгендеріңді айтып беріңдер.



XIV–XVI ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ  
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМ

## §14. ФРАНЦИЯ МЕН АНГЛИЯДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Бүгінгі сабағымызда «Қара індеттің» таралу себебін анықтаймыз. У. Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған антифеодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын білетін боламыз.

**«Қара індет».** Қалалардың ластығынан жұқпалы аурулар жиі тарап, адам өлімі көбейді. Жұқпалы аурулар Еуропа елдеріне кемелермен жеткен егеуқұйрықтар арқылы таралды. Індет қалаларда қатты болып, Еуропа тұрғындарының үштен бірі қазаға ұшырады. Бұл қорқынышты оба індеті XIV ғасырда «Қара індет» деп аталды. Көптеген елді мекендер қаңырап бос қалды, қалаларда адамдарды жерлейтін зираттар жетіспеді. Франция мен Англияда, осылайша, қалыптасқан жағдай шаруаларды күйзеліске жеткізді.

**Франциядағы Жакерия.** 1358 жылы Бовези округінде шаруалардың Жакерия деп аталған көтерілісі болды. «Жак» деген адам аты. Француз шонжарлары шаруаларды келеке етіп осылай атайтын. Содан шаруалар көтерілісі «Жакерия» деп аталған. Көтеріліске 100 мыңдай адам қатысты. Көтерілістің

**Негізгі ұғымдар:**

«Қара індет»,  
Жакерия көтерілісі,  
Уот Тайлер көтерілісі.

Ортағасырлық «Қара індеттің» Еуропаға таралуы жайлы әртүрлі пікірлер айтылады. Осыған өз ойыңды білдір.



Турне қаласында обадан қаза тапқандарды жерлеу кезі. XIV ғасырдағы Гилль Майзеттің хроникасындағы миниатюрадан үзінді





Париждегі көтерілістің бір күні (1358 ж. 9 маусым). Жак Фруассардың «Хроникасынан»

себебі – Жүзжылдық соғыстан және «Қара індеттен» туындаған елдегі күйзеліс, салықтың өсуі еді. Сонымен бірге жалдамалы әскерлердің тонаушылық әрекеттері қарапайым халықтың ашу-ызасын келтірді. Көтеріліс ұйымдаспаған түрде кенеттен туындады. Шаруалар салыққа және өздерін әртүрлі жұмыстарға тегін пайдалануына қарсылық ретінде феодалдар әскерімен қақтығысып қалады. Мұның аяғы көтеріліске ұласып, Солтүстік Францияның – Бовези, Пикардия, Шампань аймақтарын қамтыды. Әсіресе Бовези аймағында көтеріліс кең етек алды. Көтерілісті әскери істі білетін шаруа Гильом (Гийом) Каль басқарды.

Көтеріліске шаруалармен қатар, қолөнершілер, ұсақ саудагерлер т.б. қатысты. Кейбір қала тұрғындары да көтерілісшілерге қолдау көрсетіп, қала қақпаларын ашуға көмектесті. Көтерілісшілер «қайырымды корольге» сеніп, негізгі ашу-ызасын феодалдарға қарсы бағыттады. Сондықтан олар сарайларды қиратып, өздеріне салынатын салық қағаздарын өртеді, феодалдарды қатыгездікпен жазалады.

Гильом Кальды феодалдар алдап, келісімге шақырып, өлтіреді. Басқарусыз қалып, нашар қаруланған шаруаларды феодалдар отрядтары тас-талқан етіп жеңіп шығады. 1358 жылы француз тағының мұрагері Карл Парижды басып алып, көтерілісшілерді жазалады.

**Уот Тайлер көтерілісі.** XIV ғасырдың 60–70-жылдары Жүзжылдық соғысқа байланысты Англияның экономикалық жағдайы нашарлап кетті. Ағылшын үкіметі парламенттен елге салық салуды көбейтуді сұрады. Бұл елдегі әлеуметтік жағдайды күйзелтіп жіберді. 1381 жылдың мамыр айының соңында Англияның оңтүстік-шығысындағы Эссекс графтығында Уот Тайлер бастаған шаруалар көтерілісі басталды. Оған Франциямен соғысты жалғастыру үшін жаңа салықтың енгізілуі себеп болды. Көтерілісшілер салық жинаушыларды ұрып-соғып, олардың кейбіреулерін өлтіріп те жіберді. Көтеріліске бұрын Жүзжылдық соғысқа қатысқан Уот Тайлер басшылық етті. Лондонға жақын жатқан екі графтықтың шаруалары астанаға қарай аттанды. Олар корольдің «ақымақ кеңесшілерін» жазалап, корольге өз талаптарын орындатуды көздеді.







1381 жылы 13 маусымда II Ричардтың көтерілісшілермен кездесуі. Жан Фуассардың «Хроникасынан»



Лондон мэрінің Уот Тайлерді өлтіруі. Ортағасырлық миниатюра

Король II Ричард көтерілісшілерімен кездесуге мәжбүр болды. Көтерілісшілер корольден басыбайлылықты жойып, саудаға еркіндік беруді талап етті. Король шаруалармен келіссөз жасап жатқанда, Лондонның мэрі Уот Тайлерді опасыздықпен өлтіреді. Король уәде беріп, шаруаларды үйлеріне қайтуға көндіреді. Көсемінен айырылған көтерілісшілер Лондоннан қайтып кетеді. Көтеріліс шыққан аудандарда король соттары жұмыс істеп, қатысқандарды қатаң жазалайды.

#### Ойталқы

Көтерілісшілердің жеңілуіне не себеп болды деп ойлайсыңдар?

1. «Қара індеттің» негізгі себебі неде еді?
2. Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісінің ерекшелігі мен ұқсастықтарын айқындаңдар.

Жакерия көтерілісі	Ұқсастық	Уот Тайлер көтерілісі

- \* Интернетті пайдаланып, «қара індет» туралы қысқаша баяндама жасаңдар. «XIV ғасырдағы қара індет» («Эпидемия чумы XIV века») фильмін көріп, алған әсерлеріңді бөлісіңдер.



## §15. ФЕОДАЛДЫҚ СОҒЫСТАР

Бүгінгі сабағымызда феодалдық соғыстардың себебі мен барысы және Жанна д'Арктің ерлігімен таныс боламыз. Жүзжылдық, Ал қызыл және Ақ раушандар соғыстарын қарастырамыз. Франция мен Англияда орталық биліктің қалай құрылғанын білеміз.

**Негізгі ұғымдар:**

Жүзжылдық соғыс,  
Ал қызыл және Ақ раушандар соғысы,  
феодалдық соғыстар.

**Жүзжылдық соғыс.** Англия мен Франция арасында 1337–1453 жылдар аралығында Жүзжылдық соғыс болды. Соғыстың басталуына екі елдің жерге таласушылығы себеп болды. Ағылшын феодалдары Франциядағы иеліктері Нормандия мен Анжудан айырылып қалғандығын ұмыта алмады. Ал француз корольдері елдің оңтүстік-батыс облыстары Аквитаниядағы жер иеліктерін өздеріне қайтарып алуды көздеді. Англия үшін Аквитания өте қажетті экономикалық аймақ еді. Бұл жерде қымбат шарап өндіріліп, жеміс-жидек пен сәйгүлік жылқылар өсірілді. Сонымен бірге Фландрия үшін талас Англия мен Франция арасында бұрыннан шешімін таппай келе жатқан даулы мәселе болатын.

Соғыс ағылшындардың солтүстіктегі қимылдарымен басталды. Ағылшындар 1346 жылы Креси маңында жеңіске жетті. Жеңулерінің



Азенкур түбіндегі шайқас



басты себебі – олардың қатарында рыцарьлармен бірге жалдамалы шаруалар да соғысты. Шаруалар алысқа ататын үлкен садақтармен қаруланған еді. 1347 жылы ағылшындар Кале портын басып алды. 1356 жылы Пуатьеге жақын жерде ірі шайқаста француздар тағы да жеңілді. Француз феодалдарының елді қорғай алмауы қарапайым халықтың ашу-ызасын келтірді. Жаулап алған жерлерін ағылшындар аяусыз тонады.

1360 жылы Франция Англиямен бітімге келді. Ал 1415 жылы ағылшын королі V Генрих соғысты қайта бастайды. Ағылшындар 60 мың әскермен француздардың 100 мың әскерін Азенкур түбінде тағы да жеңіп шығады. Нормандияны алып, Орлеан герцогін тұтқынға түсірді. 1420 жылы Труа келісімі бойынша Англия мен Франция бір корольдікке бірігеді. 1428 жылы ағылшындар Орлеан қаласын қоршайды. Ел ішінде басқыншыларға қарсы халық көтерілісі өріс алды.

Соның бірі Жанна д'Арктың атымен байланысты. Ол Домреми деревнясында туып-өскен. 1429 жылы Жанна д'Арк король VII Карлдың қабылдауында болып, Францияны азат ету үшін жасақ беруін өтінеді. Оған рыцарьлар отряды берілді. Осы жылдың мамырында Жанна д'Арк отрядпен Орлеанды ағылшындардан азат етеді. Оны халық арасында *Орлеан қызы* деп атайды. Жанна д'Арктің даңқы бүкіл Францияға тарады. 1430 жылы Компьен түбіндегі ұрыста Жанна д'Арк тұтқынға түсті. Ағылшындардың шіркеу соты оны сиқыршы деп айыптап, 1431 жылы отқа өртеп жіберді. Осы қайғылы оқиға француз халқының намысын бұрынғыдан да бетер оятады. Ол ұлт-азаттық соғысына жалғасады. 1453 жылы Бордо түбінде жеңілген соң ағылшындар Франциядан кетуге мәжбүр болды. Осы жыл соғыстың біткен жылы деп саналады.

**Алқызыл және Ақ раушандар соғысы (1455–1485).** Жүзжылдық соғыстағы жеңіліс ағылшын

Хрестоматияның 72–73-беттеріндегі 1356 жылғы Пуатье түбіндегі ұрыс жөніндегі «Нормандия жылнамасы» атты құжатты оқыңдар. Король Иоанның қалай жеңіліп, қолға түскенін сипаттаңдар.

#### Шығармашылық тапсырма.

Ағылшын әскерлерінің жүзжылдық соғыстың бас кезіндегі жеңіп шығу себептерін анықтаңдар.



Жанна д'Арк.  
XV ғ. миниатюрасы







Ланкастерлер белгісі



Йорктер белгісі



Тюдорлар белгісі

Хрестоматияның 82–90-беттеріндегі Жанна д'Аркты айыптаудың хаттамасымен танысып, өздерің сценарий құрыңдар. Рөлдік қойылым ұйымдастырыңдар. Жанна д'Арк, сот тергеушілері, күзетшілер рөлдерін ашып көрсетіңдер.

барондарының арасында үкіметке қарсы наразылық туғызды. Оның үстіне король *VI Генрих Ланкастер* (1422–1461) дімкөс адам еді. Оның әйелі Маргарита ханшайым шыққан тегі жағынан француз болатын. Халық оны қатыгездігі үшін де жек көретін. Ханшайым мен оның сыбайластары тек өздерінің байлығын

көбейтуді ғана ойлады. Елде ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, тәртіпсіздік етек алды.

Ханшайым мен оның сыбайластарының басты қарсыластары корольдің алыс туыстары – *Йорктер әулеті* болды. Ланкастерлер мен Йорктер әулеттерінің арғы атасы III Эдуард Плантагенет (1327–1377) болатын. Бұл екі әулеттің арасындағы билік үшін талас-тартыс ұзаққа созылған қанды қақтығысқа әкеп соқты.



VII Генрих Тюдор

Йорктер туында ақ, ланкастерлердің туында алқызыл раушанның суреті бейнеленді. Сол себепті бұл соғыс Алқызыл және Ақ раушандар соғысы деп аталды. Соғыс 1455 жылдан 1485 жылға дейін созылды.

Бүкіл ағылшын феодалдары өзара жауласқан екі топқа бөлінді. Олардың әрқайсысы король тағы үшін күресте шонжар әулеттерінің бірін қолдады. Соғыс шонжар-феодалдар бірін-бірі түгелдей дерлік қырып болған кезде ғана тоқтады.

Ланкастерлердің Францияда тұрып жатқан туысы *Генрих Тюдор* 1485 жылы жеңіске жетті. Генрих Тюдор VII Генрих деген атпен Англия-



ның королі деп жарияланды. Ол IV Эдуард Йорктің қызы Елизаветаға үйленіп, өзінің туында Алқызыл және Ақ раушандарды мәңгі ажырамастай біріктірді.

VII Генрих тұсында король билігі нығайды.

**Ойталқы**

Жүзжылдық соғыста қай мемлекеттің әскери күші мықты болды деп ойлайсыңдар?

1. Жүзжылдық соғыстың себебі неде?
2. Картамен жұмыс. Жүзжылдық соғыс кезіндегі ірі шайқастарды көрсетіңдер.
3. Жүзжылдық соғыстың хронологиялық тізбесін жасаңдар.
4. Алқызыл және Ақ раушандар арасындағы соғыстың нәтижесі қалай аяқталды?
5. XV ғасырдың аяғындағы Англиядағы соғыстың себеп-салдарын көрсетіңдер.

Себептері	Салдары

\* Интернетте «Жанна д'Арк» фильмін көріп, алған әсерлеріңді айтып беріңдер.

**§16–17. ЕУРОПАДАҒЫ ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ**

Сословиелік-өкілділік органдар – «Парламент», «Бас штаттар», «Кортес» ұғымдарын анықтаймыз. Еуропада орталықтанған мемлекеттердің қалай қалыптасқанын білетін боламыз.

XIV–XV ғасырлардағы Еуропа феодалдық бытыраңқылықтан ұлттық мемлекеттер құрыла бастауымен ерекшеленеді. Алғашқы ұлттық мемлекеттер Франция мен Англия, Испанияда қалыптасты.

**Негізгі ұғымдар:**

Король билігінің күшеюі, өкілдер жиналысы, Парламент, Бас штаттар, Кортес

**Францияның бірігуі.** XI ғасырдың екінші жартысынан бастап қалалар мен тауар-ақша қатынасының дамуына байланысты Батыс Еуропа елдерінде саяси бірігу құбылыстары байқала бастады. Бөлшектенген мемлекеттер біріктіріліп, король өкіметі күшейе түсті.



Орталықтандырылған билік Батыс Еуропа елдерінің ішінде Англия мен Францияда тез қарқынмен жүзеге асты.

Бұл екі елде өнеркәсіп, сауда және қалалар мен ішкі рыноктың қалыптасып, дамуы елдің бірігуін жеделдетті. Бұрын қалыптасқан ірі қалалар *Париж* бен *Лондон* елдегі барлық аймақтармен қатынастарын нығайтып, елдің саяси бірігуіне жағдай жасады. Тауар-ақша нарығының дамуы үшінші өлеуметтік топ – қала тұрғындарын қалыптастырды. Ал қалалықтар бытыраңқы феодалдық монархияның орнына күшті орталықтанған король үкіметі билігін қалады. Францияда король билігі XII ғасырдың екінші жартысынан бастап күшейе түсті. Король өкіметі қалалықтардың жергілікті феодалдарға күресіне қолдау көрсетті. 1259 жылы Англиямен бітімшарт жасалып, Англия Францияның солтүстігі және солтүстік-батыс провинциялары мен Нормандиядан бас тартты.

*IV Көркем Филипп* король (1285–1314) Рим папасына қарсы күресте қолдау табу үшін Бас штаттарды шақырды. Елді басқару жүйесінде 1302 жылы жаңа жүйе *Бас штаттар* құрылды.

Оның құрамы үш өлеуметтік топ өкілдерінен: діни шонжарлар, дворяндар және ауқатты қалалықтардан тұрды. Бұл ұйымның құрылуы Франция үшін алға жылжушылық еді. Осы ұйым арқылы король қаланың бай өкілдеріне арқа сүйен, қазынаны толтыруға және феодалдарды бағындыруға мүмкіндік алды. Бас штаттар – ауқатты қала тұрғындары, дінбасылар мен дворяндардың жиналысы еді. Францияның толық бірігуі Жүзжылдық соғыстан кейін ғана аяқталды.



Көркем IV Филипп

Англияда король билігінің күшеюі. XI ғасырдағы Англия тарихындағы ірі оқиға Англияны Нормандия герцогі *Вильгельм* басқарған француз-норман феодалдарының жаулап алуы еді. Вильгельм 1066 жылы Ла-Манш арқылы 15 мыңға жуық рыцарьлардан жасақталған әскермен Англияға басып кірді. Гастингс маңындағы шайқаста ағылшын королі Гарольд өлтірілді. Вильгельм Лондонға басып кірді. Сөйтіп, өзін Англия королі деп жариялады. Ол «Жаулап алушы» деген атаққа ие болды.

Англияны нормандықтардың жаулап алуы нәтижесінде ондағы король билігі күшейді.







Нормандардың Англияны жаулап алуы

Вильгельм ағылшын-саксондық ақсүйектердің жер иеліктерінің біраз бөлігін тартып алып, өзімен бірге келген рыцарьларына таратып берді.

Барлық ағылшын-саксондық феодалдар Вильгельмге адалдық жөнінде ант берді. Олардың бәрі корольдің бағыныштыларына айналды. Бүкіл елде нормандық дәстүрмен төртбұрышты қамалдар салынды. Темза жағалауына жақын жерден король қамалы *Тауэр* тұрғызылды. Бұл қамал күні бүгінге дейін бар.

Вильгельм 1086 жылы жер, халық және мүлік санағын жүргізді. Ол санақтың барысы жазылған кітап «Қаһарлы сот кітабы» деп аталды. Англия халқының саны 1,5 млн болды. Оның 95% -ы ауылдық жерде тұрды. Бұрынғы ерікті шаруалардың көпшілігі тәуелді, басыбайлы шаруаларға айналды. Олар феодалдардың поместьесінде барщиналық міндеткерлік атқарды. Шаруалар феодалдарға қарсы күреске шығып отырды. XIV ғасырдағы балладаларда езілгендердің адал досы Робин Гудтың ерлігі туралы айтылады.

Англияда бір орталыққа бағындырылған мемлекеттің күшеюі. Жаулап алушы Вильгельм тұсында Англия қуатты державаға айналды. Ол өсіресе Вильгельмнің шөбересі *II Генрих Плантагенет* (1154–1189) тұсында оған сайын қанат жайды. II Генрих Англиямен қатар, Франция жерінің  $\frac{2}{3}$  бөлігін иемденді.

II Генрих Плантагенет сот реформасын енгізді. Бұрынғы феодалдардың «Төңір сотының» орнына король соты орнады. Оған халықтың бәрі бірдей шағымдануға құқылы болды.

II Генрих әскери реформа жүргізді. Енді феодалдар әскери қызмет атқарғысы келмесе, «қалқандық ақша» төлеуге тиіс болды. Ол ақшаға



Хрестоматияның 94–95-беттеріндегі «Еркіндіктің ұлы хартиясынан» атты құжатпен танысыңдар. Хартияда келтірілген 39-баптағы адамзаттың бостандығы жайлы бапты бүгінгі күнгі демократиялық заң талаптарымен салыстырып, өз пікірлеріңді білдіріңдер.

өкімет рыцарьларды жалдады. Король шонжарлардың феодалдық жасағына тәуелді болуын азайтты.

Осындай реформалар король билігін нығайтып, бір орталыққа бағынған мемлекеттің құрылуына көмектесті.

**Парламенттің құрылуы.** II Генрихтен кейін оның мұрагерлері

Франциядағы иеліктерінен айырылды. Оның үстіне елде феодалдар бүлігі күшейді. 1215 жылы корольге қарсы көтеріліс болды. Көтерілісшілер корольді «Еріктіліктің ұлы хартиясы» деген құжатқа қол қоюға мәжбүр етті. Ол құжат бойынша король халыққа біраз жеңілдіктер берді. Шетел көпестерінің Англияға емін-еркін келіп-кетулеріне рұқсат берілді.

1216–1272 жылдары Англияда III Генрих билік құрды. Ол Италияға қарсы соғыс ашып, барондардан барлық табыстарының  $\frac{1}{3}$ -ін өзіне беруді талап етті. Бұл талапқа барондар наразылық білдірді.

Барондар өкімет билігін бақылайтын Кеңес құрды. Кеңестің келісімінсіз король ешқандай шешім қабылдай алмайтын болды. 1263 жылы Англияда король мен барондардың арасында басталған соғыс нәтижесінде барондар жеңіске жетті.

1265 жылы олар халық өкілдерінің жиналысын шақырды. Ол жиналыс ағылшын *парламентінің* (француздың «парле» – «сөйлеу» деген сөзінен шыққан) бастамасы болды. Парламент қос палатадан тұрды. Бірінші палата *лордтар палатасы* деп аталды. Оған ірі жер иелерінің өкілдері – герцогтер, маркиздер, графтар, виконттар мен барондар, епископтар сайланды. Екінші палата *қауымдар палатасы* деп аталды. Оған рыцарьлар мен халық бұқарасының өкілдері сайланатын.

Ағылшын парламентінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі ықпалы күшті болды. Алым-салық салу үшін король парламентпен келісіп отырды. Еуропаның басқа аймағында өкілетті органдар құрылды. Польша корольдігінде Сейм XIV ғасырда пайда болды.

**Испанияның бірігуі.** VIII ғасырдан Пиреней түбегіне арабтар үстемдігі орнаған еді. Алайда арабтар арасындағы алауыздық пен бытыраңқылық олардың испандық-христиандық мемлекеттерден жеңілуіне әсер етті. Арабтарға қарсы күрес *реконкиста* деп аталды. Ол «қайтарып алу» дегенді білдіретін. Кастилия аймағында 1137 жылы Кортес пайда болды. 1188 жылы қала тұрғындарының өкілдерінен Кортес өкілетті органы құрылды. Жаңа дәуірдегі парламент міндетін атқарған кортестер





XIII–XIV ғасырларда қалалардың ықпалын арттырып, феодалдардың билігін шектеді. 1479 жылы Арагонның королі Фердинанд Кастилия патшайымы Изабеллага үйленді. Екі корольдік бірігіп, Испан корольдігі деп атала бастады. 1492 жылы Фердинанд пен Изабелланың біріккен әскері Гранаданы қосып алды. Пиреней түбегі арабтардан қайтарып алынды. 1512 жылы Наварра қосылды. Сөйтіп, Португалиядан басқа Испания жері бірікті.



Фердинанд



Изабелла

**XVI ғасырдағы Испания.** Фердинанд пен оның жұбайы Изабелла Испанияны таза христиандар еліне айналдыруды көздеді. Ол үшін король билігін нығайту қажет еді. Бұл мақсатқа жету жолында Испания корольдері католик шіркеуіне арқа сүйеді. Дінбасылардың байлыққа ұмтылуын сынап, христиандыққа қарсы пікір айтушылар *күпірлер* деп жарияланды. Олармен күресу үшін *инквизиция* құрылды. Елді қатыгездік пен қара түнек жайлады.

1516 жылы арагондық Фердинанд қайтыс болды. Таққа *V Карл* (1516–1556) отырды. Ол Испания үлгісіндегі дүниежүзілік католиктік империя құру ісін онан әрі жалғастырды. Алдымен ол әскерді күшейтті, соғыс кемелерін көбейтті, корольді қолдаушы кеңес құрды. Соның көмегімен абсолюттік тәртіп орнатты.

Еуропадағы католиктік күштер Испанияның дүниежүзілік империя құру құралына айналды. Король *II Филипп* католиктік реакцияны бүкіл Еуропа елдеріне таратуға тырысты. Осы мақсатпен ол епископтар санын 4–5 есе көбейтті. XVI ғасырда Испания корольдігі Еуропаның ең күшті державаларының бірі саналды.







Инквизиция  
жазасы

Алайда бұл қуаттылық ұзаққа созылмады. 1588 жылы испан королі 130 желкенді кемеден тұратын флотын Англия жағалауына аттандырды. Жеңетіндігіне күмән келтірмеген король ол флотты «Жеңілмейтін армада» деп атады. Бірақ испан флоты тас-талқаны шығып, жеңіліп қалды. Сөйтіп, XVI ғасырдың аяғында Испания теңіздегі үстемдігінен айырыла бастады. Осылайша, испандық корольдердің дүниежүзілік «христиан империясын» құрмақшы болған әрекеттері сәтсіздікке ұшырады.

XVI ғасырдың ортасына қарай Испания саяси-экономикалық дағдарысқа ұшырады. Ол 1618–1648 жылдары Австрия мен Германия жағында Франция, Голландия, Швецияға қарсы соғысқа қатысып, жеңіліп қалды. XVII ғасырдың басында Испанияда елдің ұзаққа созылған тоқырау кезеңі басталды.

#### Ойталқы

XVI ғасырдың ортасында Испания мемлекеті неге әлсіреуге ұшырады?

- ??
1. Батыс Еуропа елдерінің бірігуін тездеткен жағдайларды анықтаңдар.
  2. XI–XIII ғасырлардағы сауданың дамуында маңызды рөл атқарған қалаларды картадан көрсетіңдер.
  3. Францияның бірігуіне үлес қосқан корольдерге сипаттама беріңдер.



4. Салыстыру кестесін толтырыңдар.

II Генрих Плантагенеттің саясаты	III Генрихтің саясаты

? 5. Салыстыру кестесін толтырыңдар.

	Парламент	Бас штаттар	Кортес
Ұқастығы			
Айырмашылығы			

1. Мемлекеттік билік жүйелерін сәйкестендіріңдер

- I. Англия
- II. Франция
- а) Бас штаттар
- ә) Парламент

\* 2. Мерзімі мен оқиғаларды сәйкестендіріңдер

- I. 1086 жыл
- II. 1492 жыл
- III. 1588 жыл
- а) «Қаһарлы сот» кітабы жазылды
- ә) Гранада Испанияға қосылды
- б) Испанияның «Жеңілмейтін армада» флоты ағылшындардан жеңілді

Еуропа елдерінің бірігуіне әсер еткен тарихи жағдайлардың жағымды және жағымсыз жақтары туралы БӨСЭ кестесін толтырыңдар.

Тарихи жағдайлар	Әсері
Б (басқару)	
Ә (әлеуметтік)	
С (саяси)	
Е (экономикалық)	



## §18. ФРАНЦИЯДАҒЫ АБСОЛЮТИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бүгінгі сабағымызда француз абсолютізімінің қалыптасу ерекшеліктері туралы білетін боламыз. Батыс елдеріне тән монархиялық билік жүйесін анықтаймыз.

**Негізгі ұғымдар:**

француз абсолютізімі, абсолюттік монархия, нотаблилер, мануфактура.

**Француз абсолютізімі мен экономикасының даму ерекшеліктері.** Батыс пен Шығыста абсолютізім XVI–XVIII ғасырлар аралығында орнықты. Абсолютізім – жоғары өкімет билігінің толықтай жеке-дара бір адамның қолына шоғырлануы. Францияны біріктіру *XI Людовиктің* тұсында (1461–1483) аяқталды. XVI ғасырда Франция

өзінің аумағын қалыптастырып, Батыс Еуропадағы орталықтандырылған аграрлы ірі мемлекетке айналды. XVI ғасырдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер Францияда абсолюттік монархияны қалыптастырды. Басқа Еуропа елдеріндегі абсолютізіммен салыстырғанда француз *абсолютізімі* күшті дамыған классикалық түрде орнықты. Феодалдық дворяндар елдегі артықшылық жағдайдағы *абсолютізімнің* арқа сүйер негізгі тірегіне айналды. Француз королін католиктік шіркеу де қолдады. Жаңадан дамып келе жатқан буржуазия тобының өкілдері де абсолютізімді қолдап отырды. Себебі, қаржысы жетерлік буржуазия өкілдерінен мемлекеттік шығын көбейген сайын өкімет қарыз алып отырды. Ал өкімет өз тарапынан қарыз бергендерге жанама алым-салықтарды жинауға рұқсат етті. Олар алым-салық жинайтын компаниялар құрып, халықтан түсетін салықтан үлкен көлемде қаржы жинап алып отырды. Мұндай жолмен жиналған қаржы капиталдың алғашқы қорлануындағы француздық ерекшелікке айналды. Сонымен бірге француз буржуазиясының ірі тобы абсолютізімді қолдауының нәтижесінде күйзелген дворяндардың жерін сатып алды.

Француз абсолюттік монархиясының негіздері I Францискінің тұсында (1515–1547) одан әрі күшейді. I Франциск шіркеуді толық өзіне бағындырды.

I Францискінің уақытында Вас штаттың шақырылуы тоқтатылды. Олардың орнына *нотаблилер*, яғни корольдің өзі тағайындаған адамдар тобының жиналыстары өткізіліп тұрды. Елді басқару билігі *Корольдік кеңестің* қолына шоғырланды.





Король әскері мен жыл сайынғы өсіп отыратын мемлекеттік аппаратты ұстауға және ақсүйектер мен дворяндарға артықшылық беруге көп қаражат қажет еді. Сондықтан да елдің қазынасы алым-салықтарды көбейту мен тонаушылық соғыстар жүргізу арқылы толықтырылып отырды. Мысалы, XV ғасырдың аяғында салықтар 3 млн болса, XVI ғасырдың ортасында 9 млн ливрге жеткен.

I Франциск қайтыс болғаннан кейін оның орнына отырған III Генрих тұсында (1547–1559) Франция мемлекеті қазіргі кездегі шегаралық аумағына сәйкес өз жерлерін біріктіруді толық аяқтады.

XVI ғасырдың басында Францияның саяси-экономикалық күшеюуі артып, бүкіл ел бір орталықты өкіметке – *король билігіне* бағындырылды. 1539 жылы Франция королі I Франциск мемлекеттік тіл ретінде француз тілін енгізді. Осыдан бастап мемлекеттегі ресми құжаттар латын тілінде емес, француз тілінде жүргізіле бастады.


XVI ғасырда Франция алғашқы қор жинау кезеңіне аяқ басты. Алғашқы қор дегеніміз – өндірісті қамтамасыз етуге жұмсалатын ақшалай қаражат, кіріс көздері. XVI ғасырдың басында мануфактуралық өндіріс өмірге келді. Мануфактура дегеніміз – еңбек бөлінісіне және қолөнері техникасына негізделген ірі кәсіпорындар. Шыны, жібек, шұға, қағаз т.б. өндіретін мануфактуралар кең өріс алды.

Франция Англиямен, Германия, Скандинавия елдерімен, Испания және Америкамен сауда жасады. Әсіресе Жерорта теңізі жағасындағы елдермен сауданың маңызы зор болды.

XVII ғасырдың басында сыртқы сауданы дамыта түсу мақсатымен Франция Америка құрлығынан отар басып алуға кірісті. 1608 жылы Канадада француз отарының орталығы болған Квебек қаласының негізі қаланды.

Францияның XVII ғасырдың бірінші жартысындағы саяси-экономикалық жағдайы жақсара түсті.

Бұл жетістіктерде корольдің бірінші министрі *кардинал Ришельенің* үлесі зор болды. Ришелье Францияны 1624 жылдан 1642 жылға дейін биледі. Ол барлық күш-жігерін орталық үкімет билігін нығайтуға, экономиканы дамытуға, Францияның басқа елдер арасындағы беделін арттыруға жұмсады. Ришелье фео-



Франциядағы XVII ғасырдағы шексіз абсолюттік монархия





Ришелье

дал-ақсүйектердің қарсылығын тойтарып, бір орталыққа бағынған өкімет билігін нығайтты.

XVII ғасырдың екінші жартысында Францияда *шексіз абсолюттік* монархия түпкілікті орнады, ел билігі түгелдей корольдің қолына жинақталды.

Абсолюттік монархияның негізгі белгілері:

- корольдің сөзі бүкіл ел үшін заң болды;
  - король қазынаны өзі басқарды;
  - соттарды өзі тағайындап отырды;
  - армияны өзі басқарды;
  - салық мөлшерін өзі белгіледі;
  - салық жинаушыларды өзі тағайындап отырды;
- елдің барлық халқы корольдің боданы деп саналды;
- ағылшын корольдері сияқты француз корольдері де шіркеуді өздеріне бағындырып алды.

XIV Людовиктің «Мемлекет дегеніміз – мен» деген сөзін қалай түсіндіңдер?

Мұндай биліктің кемшіліктеріне қарамастан, XVI–XVII ғасырдың бірінші жартысында Франция Еуропа елдерінің арасындағы ең қуатты мемлекеттің біріне айналды.

Француз абсолютизмінің толық қалыптасуы XIV Людовиктің 1643–1715 жылдары билік еткен тұсында аяқталды. 1661 жылы XIV Людовик корольдік кеңесті Үлкен кеңес етіп қайта құрды. Оның құрамына король (кеңес төрағасы), герцогтар, министрлер, мемлекеттік хатшылар және канцлер (король жоқ кезде төрағалық етті) кірді.

XIV Людовик Франция аумағының тұтастығын нығайтты. Ол Еуропадағы саны көп, қуатты және жоғары деңгейде ұйымдастырылған әскер құрды. Оның тұсында Францияда мәдениет пен өнер, ғылым дамыды. Король өзіне сән-салтанатты Версаль сарайын салғызды. XIV Людовик билік еткен жылдар Франция тарихында «*Ұлы ғасыр*» деп аталды.

Король мен оның төңірегіндегілердің шектен тыс сән-салтанаты, әскери жорықтар халыққа салынатын салықтарды көбейтті. XIV Людовик салық жүйесін реформалады. Тұз және басқа көптеген заттарға салықтар енгізді. Ол шексіз билікті өз қолына алды. Оның кезінде корольдік соттың біртұтас жүйесі қалыптасты. Мұның бәрі XIV Людовик билігінің соңына қарай халықтың жағдайын нашарлатты. Король католик дінін ұстанып, оны мойындамағандарды қатаң жазалады.



**Ойталқы**

Француз абсолютизмі елдің қуаттылығын арттыруға ықпал еткенін дәлелдендер.

1. Картамен жұмыс. Францияның провинцияларын картадан көрсетіңдер.
2. Француз абсолютизмінің ерекшелігі неде болды?
3. Француз билеушілерінің саясатындағы ерекшеліктерді салыстырыңдар.

I Франциск	III Генрих	Кардинал Ришелье

4. Абсолюттік монархияның негізгі белгілерін анықтаңдар:

- қазынаны министр биледі;
- соттарды халық сайлады;
- корольдің сөзі бүкіл ел үшін заң болды;
- салық мөлшерін халық белгіледі;
- әскерді қолбасшылар басқарды;
- шіркеуді король өзіне бағындырды.

5. Корольдердің билік құрған мерзімін сәйкестендіріңдер:

- |                 |                 |
|-----------------|-----------------|
| I. VIII Карл    | а) 1483–1498 ж. |
| II. XII Людовик | ә) 1498–1515 ж. |
| III. I Франциск | б) 1515–1547 ж. |

**§19. АНГЛИЯ МЕН РЕСЕЙДЕГІ АБСОЛЮТИЗМ**

Бүгінгі сабағымызда Англия мен Ресейде орталықтанған мемлекеттік құрылымның, абсолюттік биліктің қалай қалыптасқанын, өзіндік ерекшеліктерін білетін боламыз. «Парламент», «Боярлар Думасы» ұғымдарымен танысамыз. Англиядағы абсолюттік биліктің Еуропаның басқа елдерінен өзіндік ерекшелігін ажыратамыз.

**Англияда абсолютизмнің қалыптасуы.** Англияда 1343 жылдан бастап Парламент екі палатадан тұратын болды. Жоғарғы палата *лорд-тар палатасы* деп аталып, архиепископтардан, епископтардан, ірі барондардан құрылды.

**Негізгі ұғымдар:**

Парламент, Тюдорлар өулеті, Мәскеу князьдығы, опричнина.





Ағылшындар Испанияның қуатты, «Жеңілмейтін армадасын» қалай талқандады? Бұл жеңістің себебіне өз ойларыңды білдіріңдер.

Төменгі палата – *қауымдар палатасы* аталды. Оған рыцарьлар мен қала өкілдері қатысты. Кейін XIV ғасырда Парламент заңдар шығарып отыру құқына да ие болды. Ол орталықтанған мемлекеттің жетістігін бейнелейтін

басқару ұйымына айналды. Парламент феодалдық мемлекеттің одан әрі нығай түсуіне жағдай жасады.

Кейінгі орта ғасырларда Англияда капиталдың алғашқы қорлануы қызу қарқынмен жүрді. Оның негізі қауымдық жерлерді қоршап алу арқылы қаланды. Ол жерлер жекеменшік қой жайылымдарына айналдырылды. Бұрын сыртқа қойдың жүні шығарылса, XVI ғасырға қарай шетелдерге шұға шығарылды.

Шұға тоқу ісінің өркендеуі мануфактураның дамуымен байланысты болды. Ол мата, жібек, тау-кен өндірісінде, металл өңдеуде кеңінен қолданылды. Қоғамдық еңбек бөлінісі дамып, ұлттық нарық қалыптасты.

Капиталистік қатынастардың тез дамуына сыртқы сауданың өсе түсуі, отар басып алу арқылы да үлес қосылды. Теңіз саудасында үстемдікке жету үшін флот ұлғайды, Испаниямен соғыс жүргізілді. 1588 жылы Англия флоты Испанияның «Жеңілмейтін армадасын» талқандады.

1485 жылдан 1603 жылға дейін Англияны Тюдорлар әулетінен шыққан корольдер биледі. Олардың кезінде король билігі күшейіп, тежеусіз сипатқа ие болды. *VIII Генрих* 1534 жылы Англияның шіркеуін Римге бағынудан азат етті. Шіркеудің басшысы король деп жарияланды. VIII Генрих алым-салық жинайтын арнаулы палата құрды.

1553–1558 жылдары VIII Генрихтің қызы *Мария Тюдор* билік құрды. Реформация қайраткерін қуғынға салғаны үшін оған жұрт «Қанішер» деген жанама ат берді. Мариядан кейін таққа VIII Генрихтің екінші қызы *I Елизавета* (1558–1603) отырды. Оның тұсында ағылшын абсолютизмі ерекше нығайды. Шіркеу ұлттық деп танылып, абсолютизмнің басты тірегіне айналды. 1607 жылы Англияның мемлекеттік гимні қабылданып, алғаш рет орындалды.

Ағылшын абсолютизмінің ерекшелігі жергілікті билік орынында ұсақ дворяндар мен қала буржуазиясы өкілдерінің қызмет етуі еді. Олар қоғамды реформалауға мүдделі болды. Мемлекет аралда орналасқандықтан король парламентпен бірлесе отырып, күшті теңіз флотын құрды. Бұл ағылшын абсолютизмінің өзіндік белгісі саналды.

Тюдорлар саяси жағынан бүкіл елді өзінің қол астына біріктірді. Тюдорлардың тұсында ағылшындардың отарлық басқыншылығы кү-





Мария Тюдор



I Елизавета

шейді. 1607 жылы Виргинияда (Солтүстік Америка) ағылшын отарының негізі қаланды.

Тюдорлар өулетінің табысты жүргізген ішкі және сыртқы саясаттары XVII ғасырдың басында Англияның экономикалық дамуы жағынан Еуропада ең алдыңғы қатарға шығуын қамтамасыз етті.

1603 жылы I Елизавета қайтыс болғаннан кейін таққа Стюарттар өулеті отырды. I Яков пен I Карл билік құрған тұста абсолютизм дағдарысқа ұшырады. I Карл билік еткен жылдары салықтардың көлемін ұлғайтып, парламент жетекшілерін қуғындады. Парламентті екі рет таратып, 11 жыл елді жеке басқарды. Парламенттің келісімінсіз шамадан тыс салықтар жинап, айыппұлдарды көбейтті. Шотланд феодалдарының жер иеліктеріне қысым жасады. Оның шексіз билігі елдің наразылығын туғызып, ағылшын буржуазиялық революциясына жеткізді. Феодалдық қатынас ыдырап, елде ірі кәсіпорындар пайда бола бастады. Кедейленген шаруалар бірте-бірте жалдамалы жұмысшыларға айналды. Буржуазиялық революцияның экономикалық, саяси және идеологиялық алғышарттары қалыптасты.

**Мәскеу князьдығының күшеюі.** XIV ғасырдың басынан бастап ежелгі орыс жерінің шет аймақтары өлсіреді. Мәскеу, Тверь князьдықтарының орманды және өзендермен қоршалған жері жау шапқыншылығына аз ұшырады.

Орталықта, қолайлы жерге орналасқан Мәскеу князьдығында шаруашылық, сауда тез дамып, халқы да көбейе берді. Шет аймақтағы орыс жерінен қашқандар осында келіп паналады. Мәскеу князьдығы орыс халқын біріктіріп, монғол-татар езгісінен азат ету жолында шешуші күрес бастады.







IV Иван Грозный

Александр Невскийдің баласы Даниил Коломнаны, Смоленск жері мен Можайск князьдығын Мәскеу князьдығына қосып алды. Мәскеу князьдығының жері екі есеге ұлғайды.

Мәскеу князы *Иван Калига* ұлы князь атағын алады. Мәскеу жерін күшейту үшін Иван Калига жиналған салықтың көп бөлігін өзіне қалдырып отырған, сондықтан оны халық «Қалталы Иван» деп атаған. Мәскеу князьдығының күшеюі орыс жерінің бірігуіне, Алтын Орда өктемдігінен құтылуға қолайлы алғышарт қалыптастырды.

Ресейде орталықтанған мемлекеттің құрылуы. III Иван кезінде басталған орыс жерін біріктіру 1380 жылы орыстардың жеңісімен аяқ-

талған Куликово шайқасынан кейін одан әрі жалғастырылды. III Василий Иванович князьдық еткен тұста орыс жерлерінің Мәскеу төңірегіне бірігуі жедел қарқынмен жүрді. 1485 жылы Мәскеу князьдығына Тверь, Псков жері біріктірілді. Рязань жері қосылды, Еділ бойындағы мари, мордва, коми, карел халықтары бағындырылды. Ресей көпұлтты мемлекетке айналды.

Ұлы Василий князь өлгеннен кейін орыс мемлекетінде өкімет билігі үшін күрес күшейе түсті. Таққа сөз жүзінде үш жасар IV Иван (1533–1584) ие болды да, іс жүзінде мемлекетті оның шешесі Елена Глинская мен кеңесшілері басқарды. 1547 жылдан IV Иван орыс мемлекетінің патшасы атанды. Ол самодержавиені нығайту үшін жаңадан заңдар жинағын шығарды. Бұрынғы боярлар думасының орнына *Зем соборын* құрды. Боярлардың саяси билігі төмендетіліп, дворяндардың билігі күшейтілді.

Әскери реформа жүргізіліп, Ресейде тұрақты армия құрылды. Ел басқару ісіне приказдар жүйесі енгізіліп, Ресей бір орталықтан бағындырылған мемлекетке айналды. Абсолюттік монархия елді орыс дворяндарына сүйеніп басқарды. Зем жиналысы мен боярлар думасының беделі өлсіреп, абсолютті монархия шексіз билікке ұласты. Патша шіркеу билігін де өз қолына алды.

**Опричнина.** IV Иван кезінде халық наразылығымен қатар, боярлардың қарсылығы күшейді. IV Иванды халық Грозный деп атады. Ол елде опричнина саясатын енгізді. Осыған сәйкес мемлекеттік жерлерге патшаны қолдаған сенімді адамдар орналастырылды. Патшаға қарсы шыққан боярлардың жерлері тартып алынып, олар шет аймақтарға көшірілді.





*Опричинаны* арнаулы, сенімді адамдардан тұратын әскер жүргізді. Опричина «опричь» сөзінен шыққан – «басқа, айрықша» деген мағынаны білдіреді. Ауыспалы мағынасы – «жүгенсіз кеткен орда».

Халықты қорқыту үшін опричина әскерлері қанжығаларына иттің басы мен сыпырғыш байлап жүрді. Бұл олардың патшаға иттің иесіне берілгендей берілгендігін, опасыздарды мемлекеттен сыпырып тастайтындығын білдірді. Опричина әскерлері тек қана патшаға бағынды. IV Иван боярлар думасын таратып, боярларсыз жеке билік орнатып, қарсы шыққандарды жазалап отырды. Опричина елде үрей туғызып, қатал жазалау саясатына айналды.

IV Иван опричинаға қарсы шыққан Клин, Торжок, Тверь қалаларын тонап, адамдарды аяусыз жазалады.

IV Иванның қатал билігі кезінде шаруашылық құлдырап, елде тыныштық бұзылды. Патшаға қарсы халық наразылығы күшейді. 1572 жылы IV Иван опричинаға тыйым салды. Елде тыныштық орнады.

Ресейде абсолюттік биліктің шарықтау шегі I Петрдің (1682–1725 жылдары) патшалық еткен кезінде орнықты. Мемлекеттің заң шығару және атқару билігі император I Петрдің қолында болды. Сондай-ақ сот істерінде шешім қабылдайтын соңғы және жоғарғы сатыда да I Петр тұрды. Ол әскерлердің бас қолбасшысы және орыс шіркеуінің басшысы саналды.

Боярлар Думасы таратылып, 1711 жылы заң шығарушы, нұсқау беруші және атқарушы орган – *Сенат* құрылды. Бұрынғы үкіметтік мекемелер



Халықтың IV Иван патшадан опричинаны жоюды талап етуі

Ресейдің империялық мемлекет болып қалыптасуындағы І Петрдің қызметіне баға беріңдер.

– приказдар жүйесі біржолата таратылды. І Петр олардың орнына *коллегиялар* ұйымдастырды. Коллегиялар мемлекеттік басқару ісінде белгілі бір қызметпен айналысты. Елде бұрынғы

уездер орнына губерниялар құрылды. Губерниялар провинцияға бөлінді. І Петр тұрақты орыс армиясы мен әскери-теңіз флотын құрды, әскери өнеркәсіпті дамытуға зор көңіл бөлді. 1703 жылы Петербургтің негізін қалап, 1719 жылы оны астана етті. 1721 жылы Ресей *империя* деп жарияланды.

**Ойталқы**

XVI ғасырдағы Ресейдің халықаралық деңгейіне баға беріңдер.

- 21
1. Англияда капиталистік қатынастар қалай дамыды? Англияның экономикалық жағынан алға басуына абсолюттік монархияның ықпалы болды деп ойлайсыңдар ма? Ойларыңды тұжырымдаңдар.
  2. XVI ғасырда Англия Испаниямен не үшін соғысты?
  3. Англия корольдерінің ретін анықтаңдар.

	VIII Генрих
	I Яков
	I Елизавета
	Мария Тюдор

4. Тюдорлар әулетінің жүргізген саясаты

Тиімді жағы	Тиімсіз жағы

5. Стюарттар әулетінің тұсындағы абсолютизмнің сипаты қандай болды?
6. Неліктен І Карл шексіз монарх бола алмады?
7. Ресейде орталықтанған мемлекеттің құрылуына III Иван мен IV Иванның жүргізген саясаты ықпал еткенін дәлелдендер.
8. Опричнина саясаты кімнің мүддесін көздеді?
9. XIV Людовик және І Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды?



## §20. ҚЫТАЙ МЕН ЖАПОНИЯ АБСОЛЮТИЗМ КЕЗЕҢІНДЕ

Бүгінгі сабағымызда Қытай мен Жапониядағы абсолюттік билік жүйесімен танысамыз. Юнлэ мен Токугава билігінің құзыретін анықтаймыз.

**Жапон аралдарын мекендеген тайпалар.** Жапон аралдарының ең ежелгі тұрғындары қазіргі *айнылар* болып есептеледі.

Жапон халқының қалыптасуында Индонезия мен Үндіқытай түбегін мекендеген тайпалар маңызды рөл атқарды. Жапон аралдарына жан-жақтан қоныс аударушылар арасында бөсеке болып тұрды. Бара-бара олар бір-бірімен араласып кетті. Осылардың арасында әсіресе *Ямото* тайпасы күшейіп, III ғасырдың аяғы мен IV ғасырдың ортасында барлық тайпаларды өздеріне бағындырды. Хонсю аралының орталық аймағында *Ямото тайпалық одағын* құрды. Осы тайпалық одақтың атымен қазіргі «Жапония» деген атау VI–VII ғасырларда қалыптасқан. «*Нихон*» немесе «*Ниппон*» деген сөз «*Күн шығатын ел*» дегенді білдіреді.

**Жапонияда феодалдық қоғамның қалыптасуы.** XI–XIII ғасырлар аралығында Жапонияда феодалдық қоғамның қалыптасуы аяқталды. Бұл кезеңде Жапонияда мұрагерлік жер иелігі қалыптасты. Жер иеліктері *сээн* деп аталды. Мұрагерлік жер иеліктері салықтан босатылды. Мұнда шаруалардың екі түрі жұмыс істеді. Біріншісі – бас бостандығы жоқ, тәуелді шаруа болды, екіншісі – мемлекеттік шаруа деп аталды. Тәуелді шаруалар феодалдар жерінде қызмет атқарды. Жер иелеріне толық бағынышты болды. Мемлекеттік шаруалар император сарайына тиісті жерде жұмыс істеді. Қызмет жасаумен қатар, император қазынасына салық та төлеп отырды.

Жапон қоғамында феодалдардың да бірнеше әлеуметтік тобы қалыптасты. Ең ірі феодалды *даймэ* деп атады. Даймэ қарауында кішігірім жер иеленушілер болды. Ірі және орташа феодалдардың жер иеліктерінде оларға бағынышты әскери адамдар – *самурайлар* қызмет атқарды. Самурай жапон феодалдық қоғамындағы негізгі кәсіби, әскери топ болды. Самурайлар да кейіннен ұсақ жер иелеріне айналды. Олар жерді өздерінің бастықтарынан сыйлыққа алу негізінде иеленді.

**Саяси құрылысы.** Жапонияда VII ғасырдан бастап орталық императорлық өкімет билігі орнады. Ең жоғарғы билік және барлық жер

**Негізгі ұғымдар:**

Күн шығатын ел,  
феодалдық қоғам,  
микадо, даймэ, сегун,  
Мин әулеті.







ХІ–ХІІІ ғасырлардағы Жапония

иелігі *микадо* (император) қолында болды. ХІ–ХІІІ ғасырлар аралығында Жапонияда императорлық билік біртіндеп әлсіреп, жаңа өлеуметтік топ – *сегундар* билігі күшейді.

Сегун микадоның бірінші министрі немесе оның уәзірі қызметін атқарды. 1192 жылдан бастап сегундардың саяси билігі күшейіп, император елдегі діни басшы ретінде ғана сақталып қалды. Солтүстік Жапон феодалы Минамото самурайлардың күшімен император әскерін



жеңіп шығады. Ел астанасы Киото қаласын басып алып, сегундардың үстемдігін орнатады. Жапонияда көп уақытқа дейін Минамото әулетінен шыққан сегундар билік құрды. Минамото жасақшылары қарсыластардан тартып алған жерлерді өзара бөліске салып, кейін олардың көбі ірі феодалдар *даймёларға* айналды. Үстемдік етуші феодалдар «әскери-поместьелік» жер иелері (*буси, самурай*) елдің негізгі жер бөлігін қолында ұстап, өздерінің мемлекеттік басқару өкімшілігін құрды. Сөйтіп, XI–XIII ғасырлар аралығында Жапонияда мұрагерлік биліктің екі түрі болды. Бірі – *императорлық*, екіншісі – *сегундық*. Мемлекеттің басында сегун тұрды. Ол әскери өкімет басшысы әрі самурайлардың қолбасшысы болды. 1199 жылы Минамото өлген соң, үкімет билігін *Ходзе Токимаса* иеленді. Жапонияда әскери-феодалдық мемлекет құрылды.



Самурай

### Біртұтас мемлекеттің құрылуы.

Жапонияның бір орталыққа бағынатын күшті мемлекетке айналуына, феодалдық құрылысты нығайтуға феодалдар мүдделі болды. Олар мұндай үкімет өзара қырқысты, шаруалар көтерілістерін тоқтатады, өсімқор буржуазияның өсіп бара жатқан беделін шектейді деп үміттенді. XVI ғасырдың соңы Жапонияда капитализмнің белгісі – *сауда буржуазиясы* қалыптаса бастаған кез болатын.

Токугава әулетінің Жапонияда ұзақ уақыт билік етуінің себептерін анықтаңдар.


1568–1582 жылдары елді біріктіру ісін феодал *Ода Нобунага* басқарды. Азғана уақыттың ішінде ол орталық *Хонсю* аралы жерін өзіне бағындырды. 1573 жылы *Асикага* әулетінің ең соңғы сегунын биліктен кетіреді. Ода Нобунага 1580 жылы Жапонияның жартысын біріктірді. Жапонияның ең бай қаласы *Сакаиды* бағындырды.

Нобунаганың жолын ұстанған *Тоётоми Хидэёси* (1583–1598) елді біріктіру ісін жалғастырды. Хидэёси елде қатаң тәртіп орнатты. Ол шаруаларды жерге бекітетін, басы ауған жаққа кетуіне тыйым салатын заңдар шығарды. Сырт елдермен басқыншылық саясат жүргізіп, 1592 жы-



Сегун Минамото Еритомо





Мин әулеті кезіндегі фарфор

лы Корея еліне екі рет жорық ұйымдастырды. Оңтүстік Корея жерін уақытша бағындырды.

1598 жылы Хидэеси өлгеннен кейін, Жапонияны біріктірумен *Токугава* (1598–1616) айналысты. 1603 жылы ол елді біріктіруді аяқтап, сегун деген атақ алды. Токугава әулетінің сегундары Жапонияны 1867–1869 жылдардағы буржуазиялық революцияға дейін 265 жыл биледі.

Жапонияда бір орталыққа бағынатын мемлекет орнағаннан кейін, елге шетелдіктердің келуіне тыйым салынды. Еуропалықтардың Жапониядағы істеріне үзілді-кесілді шек қойылды. Жапонияның басқа елдермен қатынасын

осылай жасанды түрде үзіп тастауы екі жарым ғасыр бойы сақталды. Бұл – феодалдық монархияның өсіп келе жатқан буржуазияға саяси шектеу қойып, феодалдық қоғамды сақтап қалуы үшін жасаған шаралары еді. Жапонияның өзін-өзі оқшаулау саясаты халқының ұлттық ерекшелігінің дамуына жол ашты.

Қытайдың XVI және XVII ғасырлардағы экономикалық саяси дамуы. Қытай жерінде құлдық қоғам ыдырағаннан кейін феодалдық қатынас дами бастады. 581 жылы Қытайда біртұтас феодалдық мемлекет құрылды. Қытайды 581–616 жылдары *Суй*, 618–907 жылдары *Таң*, 960–1279 жылдары *Сың* әулеттері басқарды. XIII ғасырдың екінші жартысын-



Қытай императорларының сарайы



да монгол феодалдары Қытайды толықтай басып алды. Монгол басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Чжу Юань Чжан 1368 жылы қытай халқын монгол басқыншылығынан толық азат етіп, Қытайдың император тағына ие болды. Ол құрған әулет *Мин әулеті* деп аталды. Бұл әулет Қытайда 1368 жылдан 1644 жылға дейін билік жүргізді. Ескі дәстүр бойынша императорды «көктің баласы», Құдайдың жердегі өміршісі деп түсінген. Қытай жері өкімшілік жағынан аймаққа, әрбір аймақ округке, әр округ уезге бөлінді.



Құмыра

Император Юнлэнің 1403 жылдан бастап 22 жыл билік еткен тұсында Мин әулетінің күш-қуаты артты. Елде императордың шексіз билігі орнады. Император елдің экономикасын көтеру үшін әскерге ауылшаруашылығымен айналысып, өздерін азық-түлікпен қамтамасыз етуге рұқсат берді. Юнлэ Ұлы Қытай каналын қайта салғызды. Оның кезінде елде конфуцийлік ілім кең таралып, ғылым мен өнер гүлденді. Ол тарихтағы ең үлкен «Юнлэ энциклопедиясын» жаздырды.

Император Юнлэ елдің аумағын ұлғайтып, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Шығыс Африкаға 6 рет теңіз экспедициясын жіберді. Оның кезінде Қытай Азия және Африка елдерімен экономикалық-мәдени байланыстар орнатты.

Мин әулеті кезіндегі Қытайдың дамуындағы жеткен жетістіктерін анықтандар.

XVI ғасырда Қытайдың қалалары мен аудан, аймақтары белгілі бір тауарды ғана өндіретін маманданған өлкелерге айналды. Мәселен, Гуандун провинциясы темір өндірді. Цзянси фарфор мен керамикадан жасалған ыдыстар шығарды. Шанхай мен Сунцян аудандары мақта-мата бұйымдарын, Уху қаласы бояулар, Тайвань аралы қант шығарумен айналысты.

XVI–XVII ғасырларда Қытайда қағаз, әйнек, фарфор, лак, металл өңдеу; алтын, күміс, мыс, темір, тұз өндірістері дамыды. Қазба байлық өндіру Қытайда мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынды.

Құрылыс өндірісі де жедел қарқынмен дамыды. Пекин, Нанкин және т.б. қалаларда көптеген сарайлар мен храмдар, көпір, арықтар, ірі қамалдар салынды. Қытай кеме жасаумен дүниежүзіне белгілі болды.

Мин әулеті тұсында өнеркәсіптер цехтық қолөнер түрінде дамыды. Кейбір өнеркәсіп салаларында әсіресе қайта өңдеу өнеркәсіптерінде орталықтандырылған мануфактуралар пайда бола бастады. Мата тоқу



өндірісі кең етек алды. Фарфор өндірісі жедел өркендеді. Қытай фарфоры күні бүгінге дейін дүниежүзіне әйгілі. Сонымен қатар кітап басу ісі тез дами бастады. Қағаз өндіріліп, баспаханалар салынды. Кітапты көптеп шығару қолға алынды. Ішкі және сыртқы сауда жедел дамыды. Теңіз арқылы үнді, парсы, араб т.б. елдермен сауда жасасты. Сауда кеме өндірісінің өсуіне өкелді. Ірі сауда кемелері 600–700 адамға дейін алып жүре алатын дәрежеге жетті.

#### Ойталқы

Жапония мен Қытайдың саяси билігінде ұқсастықтар бар ма?

- 21
1. Жапон халқының қалай қалыптасқанын айтып, орналасуын картадан көрсетіңдер.
  2. Жапониядағы жер иелену мен самурай дәстүрінің ерекшеліктерін анықтаңдар. «Самурай» деген сөз нені білдіреді?
  3. Жапонияның құрылымын кесте түрінде беріңдер.
  4. Жапониядағы шаруалар көтерілісінің себептерін анықтаңдар.
  5. Тарихи ұғымдар мен олардың мазмұнын сәйкестендіріңдер.
 

1. Даймё	а) ірі феодалдар
2. Микадо	ә) жоғарғы билік иесі
3. Сегун	б) микадоның уәзірі
  6. XIV–XVI ғасырлардағы Қытай өулеттерінің тізімін жасаңдар.
  7. Юнлэ мен Токугава билігі Батыс билеушілерінің үстемдігіндей шексіз болды ма?

### §21. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Бүгінгі сабағымызда Осман империясының құрылуы мен дамуы тарихын білеміз. Осман империясындағы шексіз биліктің ерекшеліктерін анықтаймыз.

#### Негізгі ұғымдар:

Осман империясы, санжак бейлер, спахи, вакуф.

XI ғасырдың аяғына қарай Кіші Азияда қуатты *Салжұқ мемлекеті* құрыла бастады. Бұл мемлекеттің негізін XI ғасырдың басында Сырдария алқабынан қоныс аударған оғыз (түрікмен) тайпасының *қайы* руы қалады. XI ғасырдың 30-жылдарында ағайынды *Тоғрыл-бек* пен *Чағрыл-бек* бастаған салжұқтар Иранға қоныс аударды.

Тоғрыл-бек (993–1063) сұлтан атанып, 1040–1050 жылдар аралығында Хорезмді, бүкіл Иранды, Өзірбайжанды, Күрдістан мен Иракты





басып алып, өз билігін орнатты. 1055 жылы Багдад қаласы да салжұқтар қол астына көшті. Алып Арыслан (1063–1072) кезінде, 1064 жылы Арменияны басып алды. 1071–1081 жылдар аралығында салжұқтар Кіші Азияны т.б. жерлерді жаулап алды.

Монғол шапқыншылығынан кейін ыдырап кеткен Салжұқ мемлекетінің орнына, 1299 жылы Осман түріктерінің мемлекеті келді. Оның негізін 1220 жылы Сырдария маңынан қоныс аударған түріктердің басшысы Ертоғрұлдың баласы Осман сұлтан (1258–1326) қалаған еді. XIV ғасырдың екінші жартысында Осман империясы көрші елдерге жорықтар ұйымдастыра бастайды. 1352–1354 жылдары түріктер Дарданелл жағалауын, Галлиполь және бірқатар қалаларды басып алады. Бұдан кейін осман түріктері Балқан түбегінде тұрып жатқан оңтүстік славян тайпаларынан құрылған Болгар патшалығы мен Серб мемлекетіне қарсы соғыс бастайды.

1363 жылы сұлтан I Мұрад Андриопольды алады да, өз астанасын сонда көшіреді. Андриопольды жаулап алуы Балқан түбегіндегі славян мемлекеттерін бағындырудың негізгі базасына айналады. Бұл кезде Балқан түбегіндегі Болгар және Серб феодалдық мемлекеттері өзара қырғиқабақ болып, бытыраңқылықты бастан кешіріп жатқан еді.

1389 жылы түріктер Сербияға шабуыл жасайды. Шешуші ұрыс 15 маусымда Косово даласында болады. Серб королі Лазарь мен түрік сұлтаны I Мұрадтың арасында болған шайқаста түрік әскерлері ірі жеңіске жетеді. Серб сарбазы Милош Обилич I Мұрад отырған шатырға кіріп келіп, оның ту сыртынан қанжар салады. Соғыста Лазарь тұтқынға түсіп, өлтіріледі. Балқан түбегін бағындыру I Мұрадтың баласы Иылдырым Баязит (1360–1403) кезінде жалғасты. Соғыс майданында көрсеткен ерлігі үшін оған *Иылдырым* (Найзагай) деген ат берілген. Түрік әскерлері Баязит сұлтанның басшылығымен бөлшектеніп кеткен болгардың Тырнова патшалығын бағындырады. 1402 жылы Өмір Темірдің Баязит сұлтан әскерін Анкара түбінде талқандауы, түріктердің Балқан елдеріне одан әрі жорық жасауына тоқтау салды. Қайта күшейген түріктер Византия мемлекетінің астанасы Константинопольге шабуылға шығады.

1453 жылы сәуірдің басында II Мехмед сұлтан 200 мың түрік әскерімен Константино-



Осман сұлтан





поль қаласын қоршайды. 1453 жылы 29 мамырда түрік әскерлері *Константинополь* қаласын жаулап алады. Византия мемлекетінің соңғы императоры Константин XI Палеолог (1444–1453) шайқас үстінде қаза табады.

Константинопольдің құлауы Византия империясының өмір сүруін тоқтатты. Константинополь Стамбұл (Истанбул) атымен Осман империясының астанасына айналдырылды. Түркия Осман империясы болып жарияланады. Осман түріктері XIV–XVII ғасырлардың бірінші жартысында ұлы империя құрды.

XVII ғасырдың басында Түркия Иранмен соғыстарда бірнеше рет жеңіліске ұшырады. Иран шахы I Аббас Осман империясынан Әзірбайжанды, Армения мен Шығыс Грузияны, Мосул мен Бағдадпен бірге Месопотамияны тартып алды. XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басында Иранда елдің саяси бірігуі жүзеге асырылды. Иранның экономикасы өркендеп, I Аббас (1587–1629) билік құрған кезде мемлекеттің қуаттылығы артты. Сөйтіп, Иран Түркияның мықты қарсыласына айналды.

Түріктер Балқан түбегіндегі жаулап алған жерлерін өкімшілік басқару жағынан *санжакқа* (облыстарға) бөлді. Санжактарды түрік сұлтаны тағайындаған *бейлер* басқарды. Балқан түбегіндегі жер түрік сұлтанының иелігіне көшті. Мешіт иелігіндегі жерлер *вакуф* (вақф) деп аталды.

Балқан түбегіндегі халықтарға өте ауыр мемлекеттік салықтар салынды. Жер салығы *харадж* енгізілді. 5–7 жастағы ер балаларды Түркияда тәрбиелеп, әскери *янычар* құрамдарына алып отырды.



Осман жауынгерлері

**Үшыр** (үшір) салығы өнімнің түсімінен алынатын салық (оннан бірі) түріне жатады. Шаруалар жергілікті өкіметтің рұқсатынсыз өз үлесін тастап ешқайда кете алмады.

Дін жағдайы өте ауыр болды. Болгар, серб жеріндегі христиан шіркеуіне тыйым салынды. Ислам дінін қабылдағандарға жеңілдіктер жасалды. Ежелгі славян тайпаларынан бері сақталып келген мәдениет орындары жабылды. Балқан түбегінде Осман империясы мұсылмандандыру саясатын жүргізді. Болгар, серб халықтары түрік үстемдігіне қарсы күреске шығып отырды.

**Осман империясының құрылымы.** Осман империясы орта ғасырдағы әскери-феодалдық құрылымдағы мемлекет болды. Империя уәлаяттарға (облыстарға) бөлінді. I Сүлеймен (1520–1566) кезінде Осман империясы 21 уәлаяттан құрылды. Уәлаяттар санжақтарға бөлінді. Уәлаяттарды бейлер басқарды. Олар санжақтарға да билік жүргізді. Ол азаматтық және әскери басқару түрінде жүргізілді. Бұлар сонымен бірге өз аймақтарындағы ірі жер иелері болды. Феодалдық иерархиялық жүйеге кірді. II Осман (1618–1622) билік еткен жылдары империя дағдарысының алғашқы белгілері байқала бастады. 1618 жылы түріктер Иранмен соғыста жеңіліс тауып, келісімге келуге мәжбүр болады. II Осман Польшаға қарсы соғыс ашып, тағы да жеңіліске ұшырады. Сұлтан өзінің жеңілістерін янычарлардан көріп, әскери реформа жасауға тырысты. II Осман інісі Мехмедті өлтіртіп, ел арасында беделінен айырылады. II Осман янычарлар бүлігі кезінде қаза табады.

Осман империясында *сот жүйесі* де болды. Сот жұмысын мұсылман қазы (кадилар) жүргізді. Сот ісін жүргізу орталықтандырылып, жоғары сот үзірдің қолында болды. Діни бағыттағы сот істерін *шейх-уль-ислам* жүргізді.

Осман империясы 4 әлеуметтік топтан тұрды: 1) Рухани феодалдар; 2) Әскери феодал; 3) Көпестер мен қала тұрғындары; 4) Шаруалар. Қала тұрғындары мен шаруалардың құқықтары шектеулі болды.

Барлық жер мемлекет меншігі саналды. Жердің едәуір бөлігі феодалдарға уақытша меншікке берілді. Бұл уақытша берілген жер *лен* деп аталды. Леннің иелері *сипахилер* болды. Олар сұлтанның атты әскерінде қызмет атқарып, өздерінің лендерінің мөлшеріне сәйкес жорыққа белгілі бір әскер шығаруға міндетті еді.

I Сүлеймен кезіндегі Осман империясы күш-қуатының артқан себебін анықтаңдар.

Империяның қол астында қалған халықтар түрік езгісіне қарсы күресін тоқтатпады. Болгар және серб партизандары өздерін «*гайдуктер*»



деп атады. Олар мұсылман мекендерін өртеді, тонады, түрік әскерлеріне шабуыл жасап отырды.

Ресей славян халықтары болгар, сербтерді қолдап отырды. Алғаш рет ұйымдасқан көтеріліс 1598 жылы Тырново қаласында болды.

XVI ғасырдың соңында, 1594 жылы серб халқы Австрия мемлекетінің көмегіне арқа сүйеп, түріктерге қарсы көтеріліске шықты. Болгар және серб халықтарының көтерілісшілері арасында бірлік болған жоқ. Осыны пайдаланған Түрік сұлтандығы Косово жеріне албан мұсылмандарын жер аударып, ондағы мұсылмандардың санын көбейтті. Түрік билігінен қашқан сербтер Воеводин жеріне орналасты. Түрік үстемдігі Балқан түбегінде 1389–1878 жылдарға дейін созылды.

### Ойталқы

Түрік империясында халық көтерілістері неге жиі болды?

- 21**
1. Осман империясы деп неге аталды?
  2. Осман империясы жаулап алған елдерді картадан көрсетіңдер.
  3. Осман империясында сот ісі қалай жүргізілді?
  4. Осман империясында қандай әлеуметтік топтар болды?
  5. Неліктен II Осман шексіз монарх бола алмады?
- ?**
1. Осман империясындағы салық түрлері
    - а) харадж
    - ә) оброк
    - б) ұшыр
    - в) лен
    - г) барщина
  2. Оқиғалар мен мерзімін сәйкестендіріңдер
    1. Түріктер Сербияға шабуыл жасады
    2. Түрік әскері Константинополь қаласын қоршады
    3. Осман мемлекеті құрылды
    - а) 1389 жылы
    - ә) 1453 жылы
    - б) 1299 жылы
  3. Тарихи ұғымдар мен мазмұнын сәйкестендіріңдер
    1. Санжак
    2. Сипахи
    3. Вақф
    - а) облыс
    - ә) феодалдық жер иелігі
    - б) мешіт иелігіндегі жерлер





§22–23. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯХАТТАР. ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ  
АШЫЛУЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Бүгінгі сабағымызда Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батысты қалай байланыстырғанын, қытайлық және еуропалық теңіз саяхаттарының айырмашылығын білетін боламыз. Ұлы географиялық ашылулардың алғышарттарын анықтаймыз. Халықаралық сауда мен саяхаттың маңызын түсінеміз.

**Ұлы Жібек жолы. Чжэн Хэ саяхаты.** Шығыс пен Батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолы негізгі екі тармақтан тұрады. Оңтүстік тармақ Солтүстік Қытайдан Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа және Солтүстік Үндістанға бағытталды. Ал солтүстік тармақ Солтүстік Қытайдан Памир және Арал бойы арқылы төменгі Еділге, одан әрі Қара теңізге дейін созылды. Бұған қоса бірнеше қосымша тармақтары да болды. Жібек жолы арқылы Қытайдың жібек матасы батысқа жеткізілді. Рим империясында жібек және шығыстың басқа тауарларына деген сұраныс жоғары еді. Дамыған орта ғасырлардан бастап, Батыс Еуропада да шығыс тауарларын тұтыну артты.

Ұлы Жібек жолы арқылы Қытайдың жібек матасы, фарфоры және шайы, жүн және мақтадан тоқылған маталар, тамаққа қосатын дәмдеуіштер тасылды.

Қытайда Мин әулеті кезінде Чжэн Хэ басқарған жеті саяхат Үндіқытай, Үндістан, Араб түбектеріне және Шығыс Африкаға бағытталды. Бұл сауда мақсатындағы әрі әскери саяхаттар еді. Оның барысында теңізшілер көргендерін қағазға түсіріп, картаға сызып отырды. Олардың жазбаларында жүзуге шыққан уақыттары тіркеліп, тоқтаған мемлекеттер мен қалаларына сипаттама берілген. Чжэн Хэнің саяхаты Африка және Азия елдерінің Қытаймен мәдени, сауда байланыстарын орнатуына мүмкіндік берді.

1405–1407 жылғы бірінші саяхаттың бағыты Сучжоудан шығып, Шри-Ланкаға дейін барған. Екінші және үшінші саяхаттар да осы бағытты

**Негізгі ұғымдар:**

Ұлы Жібек жолы,  
каравелла, үндістер,  
абыздар, храмдар.



Чжэн Хэ



ұстанған. Ал кейінгі саяхаттар қазіргі Сомали, Қызыл теңізге дейін жеткен. Чжэн Хенің теңіз флоты Тынық, Үнді мұхиттарында жүзді. Бұл әлемдік теңіз саяхатының негізін қалады.

**Ұлы географиялық ашылулардың алғышарттары.** Ұлы географиялық ашылулар тауар-ақша қатынастары үнемі өсуінің нәтижесі болып табылады. Тауар-ақша қатынастарының ұдайы өсе түсуіне байланысты ақша орасан зор маңызға ие болды. Ақша қажеттілікті

Қытайлықтардың еуропалықтардан бұрын әлемдік саяхаттарға шығуының себептері жөнінде өз пікірлеріңді білдіріңдер.

қанағаттандырудың бірден-бір құралына және байлықтың ең басты түріне айнала бастады. Сонымен бірге ақшаның көбі шығыстан әкелінетін тауарларға төлеуге жұмсалып жатты. Еуропа шығысқа ағаш, қола, қалайы, кенеп шығарғанымен, арзан сатылды. Шығынын өтемеді. Ал шығыс тауарларын Еуропаға тасу үнемі ұлғая берді. Осының нәтижесінде Еуропада асыл металдардың (алтын, күміс) жетіспеушілігі сезіле бастады. Еуропада алтынға деген мұқтаждықты қанағаттандыратын мүмкіндік болмады. Сонымен бірге ортадағы делдалдардың көбеюі (арабтар, византиялықтар, италияндықтар) шығыс тауарларының бағасын қымбаттатып жіберді.

Батыс және солтүстік-батыс елдерінің саудагерлері үшін алыс шығыс базарына шығу өте қиын еді. Түріктердің Таяу Шығысты басып алуы да саудагерлердің жағдайын нашарлатып жіберді. Сауда кемелері мен базарларда, әртүрлі салықтардың күшейтілуі Жерорта теңізінің шығыс бөлігімен сауда қатынасын жасауды қиындатты және тиімсіз болды. Үндістанға баратын жолдың біреуі ғана түріктерге қарамайтын. Ол Мысыр мен Қызыл теңіз жолы еді. Бірақ бұл жолда арабтар ғана үстемдік жүргізді. Еуропа саудагерлері осы жолмен Александрияға ғана жете алатын. Алайда онда араб саудагерлерімен жасалатын сауда қатынасы шыққан шығынды өтемейтін. Сондықтан Еуропа теңізшілері мен саудагерлері арабтар мен түріктерді айналып өтіп, Үндістанға жететін теңіз жолын іздей бастады.

Алайда онда араб саудагерлерімен жасалатын сауда қатынасы шыққан шығынды өтемейтін. Сондықтан Еуропа теңізшілері мен саудагерлері арабтар мен түріктерді айналып өтіп, Үндістанға жететін теңіз жолын іздей бастады.

Американың байырғы халықтары адамзат өркениетіне қандай үлес қосты? Ойларыңды нақты мысалдармен айтыңдар.

Үндістанға баратын жолды іздеуге италиялық саудагерлер мүдделілік танытқан жоқ. Себебі Жерорта теңізінде үстемдік жүргізгендіктен ол Италияға бұрынғысынша пайда әкеліп отырған еді. Сондықтан да Батыс Еуропа әсіресе Атлант мұхитымен шектесіп жатқан Португалия мен Испания саудагерлері Үндістанға баратын теңіз жолын іздеуге белсене кірісті.

Үндістанға баратын жолды іздеуге италиялық саудагерлер мүдделілік танытқан жоқ. Себебі Жерорта теңізінде үстемдік жүргізгендіктен ол Италияға бұрынғысынша пайда әкеліп отырған еді. Сондықтан да Батыс Еуропа әсіресе Атлант мұхитымен шектесіп жатқан Португалия мен Испания саудагерлері Үндістанға баратын теңіз жолын іздеуге белсене кірісті.





Еуропалықтардың ашық теңізге шығып, алысқа жүзуге ұзақ уақыт бойы батылы бармады. Қолдарында дұрыс карталары мен теңіз құралдары болмаған саяхатшылар Еуропаны қоршаған теңіздерде ғана жүзді. Теңізшілер кеменің қай жерде жүргенін күн ашық кезде, жұлдыздардың орналасуы бойынша толқыны жоқ жағаға түсіп қана білетін болды. Теңізшілерде *құбыланама (компас)* ойлап табылғаннан кейін ашық теңізге шығу қауіпсіз бола бастады. Кеменің жүрген жерін анықтайтын аспап – *астролябия* шықты.

XV ғасырда тез жүретін жеңіл, желкенді кеме – *каравелла* жасалды. Мұндай кемелер жүрдек әрі сыйымды еді. Олардың түзу және көлбеу орнатылған желкендері бар үш мачтасы болды және өзіне керекті бағытқа қарай ыққа да, желге де қарсы жүзе алды. Каравелламен алыс саяхаттарға шығуға болатын еді.

Португалия мен Испанияға теңіздің арғы бетіндегі жерлерді іздестіріп, басып алуға олардың ішкі жағдайлары да өсер етті. Бұл кезеңде ол елдердегі реконкисталық жаугершіліктің заманы аяқталған еді. Тегін олжа мен өскери қақтығыстарды аңсаған соғысқұмарлар мен кедей дворяндардың басым бөлігінің айналысар ісі болмай қалды. Сондықтан олар Африкаға қарсы соғыс қимылдарын жүргізу үшін арнайы жорықтар ұйымдастырды. Өндіріс заттарын көп өндіру үшін арзан шикізат керек еді. Сауданың дамуы да еуропалықтарды жаңа жерлер іздеуге итермеледі. Осындай қажеттіліктер XV–XVI ғасырларда ұлы географиялық ашылуларға себеп болды.

**XV ғасырдағы Америка халықтары.** Қазіргі американдық үндістердің бабалары осыдан 25–30 мың жылдай бұрын Беринг бұғазы арқылы Азиядан Америка құрлығына келген. Өткен ғасырда басталған Америка халықтарының тарихын зерттеу үндістердің таңғажайып әлемін, олардың ежелгі мемлекеттерін және өздеріне тән мәдениетін ашты.

Американы көптеген тайпалар мен халықтар мекендеді. Халқының көпшілік бөлігі аң және балық аулаумен шұғылданды. Солтүстік Американың оңтүстігінде, Орталық және Оңтүстік Американың қыраттарында егіншілік дамыды. Егіншілер жерді егіске дайындар алдында орманды тас балтамен шауып, ағаштарды өртеді. Жерді ағаш кетпенмен өңдеді. Мұнда еуропалықтарға әлі белгісіз жүгері, картоп, күнбағыс, қызанақ, какао, темекі өсірілді.

Американың көп бөлігінің тұрғындары жануарларды қолға үйретуді білмеді, жылқы болмады. Солтүстікте ғана итті, ал оңтүстікте түйе тәрізді ламаны қолға үйретті. Құстан күркетауық, үйрек өсірді.





Басқа құрлықтардағы белгілі бірқатар жетістіктерді – темір, тісағаш пен дөңгелек, мылтықты үндістер білген жоқ. Олар еңбек құралдары мен қаруды ағаш, тас, қоладан жасады.

Бытырап жатқан үндіс тайпалары алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүрді. Шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы жағынан майя, ацтектер, инктер басқа халықтардан жоғары тұрды.

**Майя.** Майя халқы Орталық Америкадағы қалың джунгли орманы басқан Юкатан түбегін мекендеді. Жер қауымға қарады. Қауым әр отбасына орманнан тазартылған жер үлесін бөліп беріп отырды. Қатардағы қауымдастарға шонжарлар мен абыздар үстемдік етті. Олар қауымдастардың егін өнімінің бір бөлігін алатын еді. Тұтқындар мен борыштылардан құралған құлдарды да қанады.

Біздің заманымыздың 1 мыңжылдығында өмір сүрген майяларда қала-мемлекеттер пайда болды. Әр қаланы «ұлы адам» деп аталатын билеуші басқарды. Билік мұрагерлікпен ауысып отырды. Ол өлкенің халқынан салық жинады.

Шонжарлар қала орталығындағы тастан салған сарайларда, ал «төменгі адамдар» – шаруалар мен қолөнершілер қала шетіндегі төбесін қамыс құрағымен жапқан лашықтарда, едені жер үйлерде тұрды. Біздің заманымыздың бас кезінде Майяда жазу пайда болды. Олар иероглифтерді қышқаламмен қағазға түсірді, қолжазбаларды суреттермен безендірді. Храмдардың қабырғаларына да, биік тас бағаналарға да ойып жазу жазды. Абыздар дүғаларды, аңыздар мен тарихи оқиғаларды жазып отырды. Абыздар қауымдастықтағы егіншілік жұмыстарын жүргізу мерзімдерін белгіледі. Егіншілік күнтізбе жасауды қажет етті. Ол ертедегі халықтар күнтізбелері ішіндегі ең дәл күнтізбе болды. Күнтізбе жасау математика жетістіктерімен байланысты еді. Майя қалаларының орнынан астрономиялық обсерваториялар табылған. Абыздар ғаламшардың Күнді



Майя жазуы

айналып шығуын есептеп шығарды. Күннің және Айдың тұтылуын алдын ала болжай білді. Сәулет өнерінде де майялардың жетістіктері зор болды. Олар биік тұғырларға және жасанды төбелерге сарайлар мен текшелі пирамида түрінде храмдар салды. Құрылыстарды бедер өрнекпен, құдайлардың мүсіндерімен және фрескалармен безендірді.

**Ацтектер.** Ацтектер Мексикадағы теңіз деңгейінен 2000 м биіктіктегі қыратта, тау шыңдарының етегінде, ауа райы жұмсақ және топырағы құнарлы, табиғаты сұлу алқапта орналасты. XIV ғасырда солтүстіктен

келген ацтектер үлкен көлдің ортасындағы аралдарға *Теночтитлан* қаласын салды. Аралдарды бөгеттермен жалғастырды. Қаланы түзу көшелер мен каналдар бөліп жатты, оларды жағалай храмдар мен сарайлар бой көтерді.

Алғашқы кезде ацтектерде жер жетіспеді. Сондықтан олар еңсіз түбектерге көл түбінен шығарылған балдыр мен құнарлы қайыр топырақты бірге төгіп отырды. Жауынсыз кездерде егінді каналдан суарды. Бұл «көшпелі егістік» жылына бірнеше рет өнім берді. Ацтектер көрші тайпаларды жаулап алып, өзіне бағынышты етті. Олар бағынышты тайпалардан қыруар төлем мен құлдар алып отырды. Тайпаларды бұрынғысынша жергілікті көсемдер билегенімен, басты қалаларды ацтек өкімдері мен алым жинаушылар басқарып тұрды. Мемлекетті мұрагер билеуші басқарды. Шонжарлар лауазымды қызметтерге қойылып, атқарған жұмысы үшін оларға жалақы төленді. Олар керегінің бәрін қарауындағы бағыныштыларынан алды.

Соғыс кезінде саны 150 мың адамға дейін баратын қуатты әскер жасақтау мүмкіндігі болды. Ацтектер қолөнерде үлкен жетістіктерге жетті. Алтын мен күмістен нақышты әшекейлер соқты, зергерлер қымбат тастарды шебер қырлады, нәзік өрнек салу жұмыстарын орындады. Қолөнершілер өрнектелген ыдыстар жасады, мата тоқыды, матаның астына құс қауырсындарын салып кестеледі. Ол түрлі түсті болып құбылып тұрды.

Қалада қарапайым ацтектер мен шонжарларға арналған мектептер болды. Әдеттегі мектептерде егіншілікке, қолөнерге және соғыс ісіне үйретті. Шонжарлардың балаларына жазуды, тарих пен дінді, мәнерлеп оқуды, есептеуді, астрономияны, поэзияны, шешендік өнерін оқытты.



Ацтек құдайының бет-бейнесі



Өнші-ақындар гимндер, дастандар жазды, табиғат жөнінде өлеңдер шығарды.

**Инктер.** Оңтүстік Американың батысында инктер елі – Перу орналасқан. Инктер көрші тайпаларды бағындырып, олардың еңбегін пайдаланды. Каналдар қазып, егін екті, аспалы көпірлер салды. Қоладан балта, орақ, пышақ, түйреуіш, ине, қоңыраушалар, найзаның ұшы сияқты заттарды құйып, алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасады. Инктерде 4 жылдық мектеп болған, онда бірінші жылы кечуа тілін үйретіп, екінші жылы дінге оқытып, үшінші және төртінші жылдары өмірге қажетті білім берген. Сөйтіп, еуропалықтар келгенге дейін-ақ Америка халықтары өздерінің бай мәдениетін жасаған. Алайда еуропалықтардың басып алуы бұл елдердің табиғи дамуына кедергі жасады. Франсиско Писсаро 1532–1541 жылдар аралығында Инктер мемлекетін жаулап алып, Лима қаласының негізін қалады.

### Ойталқы

Американың байырғы халықтары даму деңгейінің еуропалықтардан ерекшелігі неде деп ойлайсындар?

- ?**
1. Географиялық ашылулардың алғышарттарын атаңдар.
  2. Майя, ацтек, инктер Америка құрлығының қай бөліктерін мекендеген?
  3. Қытай мен еуропалықтар теңіз саяхатының бір-бірінен айырмашылығы неде?
  4. Чжэн Хэ саяхатының еуропалықтардан бұрын жасалуының себебін анықтаңдар.

- ?**
1. Үндістер қолға үйреткен жануарлар
 

а) түйе мен қой	б) лама мен ит
ә) жылқы мен сиыр	в) қой мен жылқы
  2. Мыналардың қайсысы Америка халықтары
 

а) немістер	б) арабтар
ә) ацтектер	в) майялар

**\*** Салыстыру кестесі.

Халықтар	Қоғамдық құрылысы	Шаруашылығы	Мәдени жетістіктері
1. Майя			
2. Ацтектер			
3. Инктер			





## §24. ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Бүгінгі сабағымызда Ұлы географиялық ашылулардың әлемді қалай өзгерткенін білетін боламыз. «Отаршылдық саясат» ұғымының мәнін анықтаймыз.

**Христофор Колумбтың Американы ашуы.**

XV ғасырда португалдық теңізшілер алтын іздеп Африкаға аттанды. Олар Африканың солтүстік жағалауындағы маңызды сауда жолын басып алды. Бұл жолмен алтын тасылатын еді. Бұл Португалияның отарлық экспедициясының бастамасы болатын. Португалдықтар 30 жыл ішінде Африканың батыс жағалауына дейін жетті.

**Негізгі ұғымдар:**

отарлық экспедиция,  
Үндістан, жаңа материк,  
отарлық басқыншылық.

XV ғасырда ежелгі ғалымдардың Жер шар төрізді деген болжамдары теңіз саяхатшыларының назарын аударды. Кейбір ғалымдар батысқа қарай жүзу арқылы Жерді айналып өтіп, Үндістанға жетуге болады деген пікір айтты. Бұл жолды, Африканы айналып өтуге қарағанда, қысқа жол деп қате есептеді. Үндістанға батыс жолмен жетуге әрекет жасаған еуропалық тұңғыш теңіз саяхатшысы *Христофор Колумб* (1451–1506) болды. Колумб Генуя қаласына жақын жердегі тоқыма өнеркәсібінде істейтін Доминико Колумб отбасында дүниеге келген.

Жас кезінде Колумб Жерорта теңізінде, Еуропа жағалауларына саяхат жасаған сауда кемелерінде болып, теңіз жағдайларын жақсы біліп алады. Колумб Генуяда тұрғанда географиялық карта сызумен шұғылданады. Ол бұл мамандықты меңгеріп алған соң, інісі Бартоломей Колумбпен бірге Лиссабонға келеді.

Біраз ізденістерінің нәтижесінде Христофор Колумб өзінің Үндістан мен Қытайға апаратын теңіз жолын іздеу сапарын Африканы айналып жүретін шығыстан емес, өлі зерттелмеген, Атлант мұхитын басып өтетін батыстан бастау керек деп шешті.

Ол Жердің шар іспетті екенін білетін-ді. Егер олай болса Батысты бетке алып жүзе берсе, қайткен күнде де Үндістаннан шығатынын жорамалдады.

Оның бұл жоспары ол кезде «ақымақтың ісі» саналатын. Өлі ешкім сырын білмейтін



Христофор Колумб



мұхит арқылы кіп-кішкентай кемесымақпен жүзіп өтемін деу шынында көзсіз ерлік еді. Ұзақ жылға созылған қиындықтардан кейін, ақыры Колумб алтын мен жаңа жер байлығына құштар испан корольдерінің назарын аударды.


Сонымен, Колумб жол бастаушы «Санта Мария» және «Нинья», «Пинта» деп аталатын үш кемемен 1492 жылы Испания жағалауындағы Палос қаласынан сапарға шығады. Бұлар аттанғанда ауа райы ашық болды. Пассат желі бірқалыпты соғып, кемелер батысқа қарай еркін сырғи жөнелді. Бұрын мұндай ашық теңізге шығып көрмеген теңізшілер алғашқыда үрейлене бастады. Кенет көкжиектен жасыл белдеу көрінгенде олар қатты қуанып қалады. Алайда ол жер емес, бетін балдыр басқан Сорогос теңізі болып шығады. Бұл Колумбтың Атлантикадан ашқан бірінші жаңалығы еді. Күн артынан күн жылжып өтіп жатады. Көкжиекке ұласқан көк теңізден басқа көзге ілінер ештеңе көрінбейді. Теңізшілердің ішінде торығу байқалды. Дегенмен олар Колумбтың есебі бойынша осы кезде Үндістанға жетуге тиіс екендерінен мүлде бейхабар болатын. Алайда жуық маңда көрінетін жер жоқ еді. Колумб ғажайып ұстамдылық танытып, тұнжыраған теңізшілердің көңілін көтеріп, оларға алтын мен дәмді тағам бергізеді. Ақыры одан да ештеңе шықпай, теңізшілер мұны тыңдауын қойып, «егер енді үш күннен кейін жер көрінбейтін болса, кемеңіз бетін кері бұрамыз» деген шарт қояды. Колумб амалсыз көнеді.



Христофор Колумбтың  
теңіз саяхаты







### Үлы географиялық ашылулар

Айтылған мерзім бітер күннің түнінде сағат екіде, кеме вахтасында тұрған теңішінің «Жер! Жер көрінді!» деген айғайы естілді. Бұл бір шағын арал еді. Оны Колумб Сан-Сальвадор деп атады. Одан кейін бұлар Кариб теңізіндегі жұпар Куба, ғажайып Гаити аралы, тағы-тағы толып жатқан аралдарды басып өтті. Теңізшілер бұл өңірден алғаш рет жүгері, картоп, темекі сияқты Еуропада жоқ өсімдіктерді кездестірді. Бұларды қай жерде болсын тобылғы өнді, сұлу келген бойшаң адамдар қарсы алды. Дегені қабыл болып тұрған, өзін Үндістандамын деп ұйғарған Колумбтың айтуынша, бұларды саяхатшылар үндістер деп атап кетті. Колумб ешкім білмейтін жаңа құрлық емес, Үндістанға баратын батыс жолын таптым деп топшылайды.





Ақыры үшінші, одан кейінгі төртінші сапарында – өмірінің соңғы жылдарында өзінің «бөтен бір дүние бөлігін» ашқандығы жайында ойланатын болды.

Колумб Американы ашқаннан кейін испандықтар жаңа жерді жаулап ала бастайды, онда өз қоныстарын салып, жергілікті халқын құл етеді, қырып-жояды.

Ұлы географиялық ашылулардың жағымды және жағымсыз жақтарын жұп болып тапқылаңдар.

Колумбтың өзі көп кешікпей король сарайында жүріп жазаға тартылады да, оның қалай өлгенін ешкім білмей қалады.

Ал тарихтың әр нәрсені өз орнына қоятыны белгілі. Біз қазір Колумб есімін құрмет тұтып, оны жаңа жер ашқан қаһарман теңізші деп білеміз.

Мұхиттың арғы жағындағы қазынасы мол, жаңа жерлер испандарды қызықтырды. Сол жерге барып орнығам деушілерге король 1497 жылдан бастап рұқсат берді. Бұл байлығы мол жерге көпестер, кедейленген дворяндар, үкіметке наразылар, айыптылар көшіп кетпекші болды. Король үш экспедиция ұйымдастырып, көп адам жіберді. Солардың ішінде Колумб ашқан жерді көруге 1499 жылы *Америго Веспуччи* де аттанды.

**Америго Веспуччи** 1501 жылы Португалия королінің келісімімен «жаңа жерге» екінші рет барды. Веспуччи Пинсон, одан кейін Кобрал ашқан Бразилия жағалауын зерттеп қайтады.

1503 жылы Веспуччи үшінші рет «жаңа жерге» саяхатқа шығады. Ол енді Бразилия жағалауымен Үндістанға өтпек болады да, 20° оңтүстік ендікке дейін жүзіп барып Колумб ашқан, одан кейін көптеген Испания саяхатшылары зерттеген «жаңа жер», «бұл Азия аралдарының тізбегі емес, осы күнге дейін белгісіз материк» деген дұрыс қорытындыға келеді.

1507 жылы лотарингиялық картограф М. Вальдземюллер жержүзін Еуропа, Азия, Африка материктеріне бөліп, жаңадан Америго ашқан жерді оның басқа материктермен ұқсастығына қарай «Америка деп атау керек» дейді. Ол кезде Американы «Тоты құстар жері» дейтін. Сөйтіп, жаңа құрлықтың жартысы Америго Веспуччи есімімен аталып кетті.

Ол материкті негізінде тұңғыш ашқан атақты Христофор Колумб еді, бірақ ол өмірінің ақыр соңына дейін жаңа материк ашқанын білмеді. Ол жердің жаңа материк екендігін дәлелдеген Америго Веспуччи болды.

Осыдан кейін еуропалықтар Американың жаңа материк екеніне сенді. Енді отаршылар Америка байлығын иемденуге жанталасып, жергілікті халықты қырғынға ұшыратты, бірсыпырасын Еуропаға апарып, құлдыққа сатты. Аралдардың кейбір байырғы халықтарын еуропалықтар осылай-



ша құртып жіберді. 1500 жылы португалдық теңізші Педру Кабрал Бразилияны ашты. Бұдан кейін еуропалықтар Мексиканы, Перуді, Оңтүстік және Солтүстік Американың басқа жерлерін өздеріне қаратып, бейбіт халықтарын тонап, олардың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетін, салт-сана, әдет-ғұрпын аяққа басты. Сөйтіп, Колумб, Васко да Гама, тағы басқалардың белгісіз жерлерді ашуы география ғылымы үшін үлкен жаңалық болса, ал еуропалықтардың одан кейінгі саяхаты басып-жаншуды, отарлау саясатын көздеді.

Колумб батыс теңіз жолымен Үндістан, Қытай, Жапон аралдарын ашты деп барып, жаңа жерді – Американы ашып жүргенде, *Васко да Гама* Африканы айнала жүзіп, Үндістанды ашты, содан бастап Португалияның Азияны отарлауы басталды.

**Васко да Гама.** Васко да Гаманың нақты қай жылы туғаны белгісіз, дегенмен кейбір деректерге қарағанда 1469 жылы туған. 1492 жылы Васко да Гама корольдің тапсырмасын орындап, оның Францияда қалған алтын тиенген кемесін Португалияға алып келеді, содан оның аты әйгілі болады.

1497 жылы 8 маусымда Васко да Гаманың төрт кемелі экспедициясы Лиссабон портынан шығады.

Бір апта жүзген Васко да Гама эскадрасы Канар аралдарына келеді. Содан кейінгі сапары сәтті болып, қарашада Африка жағалауына жетті. Бұл жерді адмирал «Әулие Елена» қойнауы деп атайды. Мұнда саяхатшылар сегіз күн аялдап, айналаға географиялық зерттеулер жүргізеді. Адмирал өз күнделігінде «Африка жағалауындағы тұрғындар құлаққа тағатын мыстан басқаны бағаламайды және өздері шетінен батыл келеді» деп жазады. Бұдан өрі Африка материгінің оңтүстік нүктесі «Қайырлы үміт» мүйісін айналып өтіп, белгісіз теңізбен жүзе береді. 1498 жылы қаңтарда эскадра Замбези өзені сағасына жетіп, мұнда бір ай бөгеледі. Үнді мұхитынан жүзіп өтуге дайындық жасайды. 1498 жылғы мамырда оның кемелері Үндістанға келіп жетті.

Васко да Гама Үндістаннан Португалияға келген соң, король оны Үндістанды жаулап алуға 20 соғыс кемесін беріп аттандырды. 1502 жылы ақпанда Лиссабоннан шыққан бұл әскери экспедиция күзге қарай Каликутке жетеді. Каликут раджасы мұндай жауға қарсылық көрсетпей, олардың айтқанын істеп, сауда жасауға келісім береді. Васко да Гама



Васко да Гама





төрт сағат ішінде қала маған бағынсын деп раджаға елші жібереді. Ол бұған жауап қайтармайды, өйткені бейбіт жатқан елге сауда жасау үшін келген еуропалықтар соғыс ашады деп ойламаған-ды. Айтулы төрт сағат өткен соң Васко да Гама оның айлақтарындағы бүкіл кемелерді басып алып, қалаға зеңбіректен оқ жаудырады. Ғасырлар бойы тұрған сәулетті күмбезді үйлердің күлін көкке ұшырып, қырғынға ұшыратады. Мұндай озбырлық, елді қанға бояу отаршылардың ежелгі әдеті болатын. Васко да Гама бұдан әрі Цейлон, Суматра, Ява аралдарына дейін барып бейбіт елді қырғынға ұшыратты. Мұны көрген қытай халқы өзіне қарайтын аралдардан португал басқыншыларын қуып шығады.

Португалияның географиялық зерттеулері Васко да Гаманың осы екінші экспедициясымен аяқталды. Енді олар біржола отарлау саясатына көшті. 1519–1522 жылдары Азияға батыс жолмен жету мақсатымен Испания ірі теңіз саяхатын ұйымдастырды. Экспедицияны ержүрек, тәжірибелі теңізші **Фернан Магеллан** басқарды. Бес кемеден құралған экспедиция Оңтүстік Америка жағалауына жетіп, материк пен Отты жер аралы арасындағы бұғаз (қазіргі Магеллан бұғазы) арқылы Оңтүстік Американы айналып өтеді. Одан әрі Тынық мұхитты кесіп өтіп, Филиппин аралдарына жетеді. Осында жергілікті тұрғындармен қақтығыс кезінде Магеллан қаза табады. Оның серіктері Тынық мұхитпен жүзіп, Оңтүстік Африканы айналып, Испанияға жалғыз ғана кемемен қайтып оралады. Дүниежүзін айналып өткен тұңғыш саяхат Жердің шар тәрізді екенін, мұхиттың біртұтастығын және жер бетінің басым бөлігін су басып жатқанын біржолата дәлелдеді.

**Географиялық ашылулардың нәтижелері.** Географиялық ашылулар сауданың бұрын болып көрмеген дәрежеде ұлғаюына себепкер болды. Жеке материктер арасында байланыс орнап, дүниежүзілік сауда өріс алды. Еуропа елдері Америка құрлығын отарлай бастады. Отар елдерден еуропалықтар көптеген өнеркәсіп тауарын, қару-жарақ, мата және басқа да бұйымдар алып тұрды. Еуропаға енді Америкадан темекі мен какао, Азиядан шай мен кофе жеткізіле бастады. Отарлардан Еуропаға көптеген алтын мен күміс әкелінді. Осы бағалы заттардың көбі Испания мен Португалия корольдері мен феодалдарына тиді. Бірақ бұл елдер мешеу болатын, олардың өз өнеркәсібі жоқтың қасы еді. Сондықтан алтын феодалдардың басқа елдерден сатып алған бұйымдарының төлеміне жұмсалып жатты.



Фернан Магеллан



Отарлардан тоналып алынған бағалы заттар көпестердің, банкирлердің, аса дамыған Еуропа елдерінің ірі кәсіпорын иелерінің қалталарына түсті.

Географиялық ашылулар және отарлық басқыншылық Еуропада тауар өндіруді жеделдетуге біршама ықпал етті. Алайда Американың, Азия мен Африканың халықтары үшін бұл отарлық езгіге түсудің бастамасы еді.

### Ойталқы

Ұлы географиялық ашылуларсыз отарлық басқыншылық болар ма еді?

1. Еуропалықтардың батысқа саяхатқа шығуына не себеп болды?
2. Картаны пайдалана отырып, португалдықтардың Африканың батыс жағалауын бойлай жасаған экспедициясы және Үндістанға баратын теңіз жолын ашуы жөнінде айтып беріңдер.
3. Испандықтардың шағын отрядының Американың көлемді жерлерін басып алуының себептері неде?
4. Жаулап алушылар Америкадағы байырғы халықтарды қандай жолмен қанағанын айтып беріңдер.
5. Ұлы географиялық ашылулардың Еуропа және отар елдер халықтары үшін қандай нәтижелері болды?
6. 113-беттегі картаны пайдалана отырып, маңызды саяхаттар мен географиялық ашылулардың хронологиялық кестесін толтырыңдар.

Уақыты	Экспедиция басшысы	Нәтижесі мен ашқан жаңалығы

- \* Ұлы географиялық ашылулардың адамзаттың өлем туралы түсінігіне қалай әсер еткені жөнінде өз пікіріңді білдір.



§25. БАТЫС ЕУРОПАДА ҚАЙТА ӨРЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ  
ҚАЛЫПТАСУЫ

Бүгінгі сабағымызда қайта өрлеу мәдениетінің қалыптасуымен танысамыз. Қайта өрлеу дәуірі өнердің дамуын қалай өзгерткенін білетін боламыз. Антикалық мәдениетпен байланыс орнату арқылы қайта өрлеу мәдениетіне сипаттама береміз.

**Негізгі ұғымдар:**

қайта өрлеу мәдениеті, Флоренция, қайта өрлеу дәуірінің қайраткерлері.

**Италия – қайта өрлеу орталығы.** XIV ғасырдың екінші жартысынан ортағасырлық Батыс Еуропаның мәдени өмірінде жаңа ерте буржуазиялық мәдениеттің тууына байланысты маңызды бетбұрыс болды. Италияда капиталистік қатынастардың алғашқы белгілері пайда

бола бастады. «Қайта өркендеу» (өрлеу) деп аталған ерте буржуазиялық мәдениет те тұңғыш осы елде қалыптасты.

«Қайта өрлеу» мәдениетінің қалыптасуына әсер еткен жағдайларды нақты көрсетіндер.

XV ғасырдың аяғында және XVI ғасырда *қайта өрлеу* мәдениеті толық гүлдену деңгейіне жетті. Сол дәуірде дүниеге келген тамаша мәдениет туындылары адамзат баласын әлі күнге дейін

таңғалдырып келеді. Италияда бұл кезеңде мәдениеттің барлық түрі өте тез дамыды. Италияның түрлі аудандарында жергілікті көркемсурет мектептері ашылып, қайта өрлеу дәуірінің перзенттері – кейінгілерге үлгі болған ұлы суретшілер дүниеге келді.

Мәдениеттің қоғамдық өмірдегі рөлі артып, адамдардың күнделікті рухани қажетіне айнала бастады. Зәулім үйлер мен салтанатты сарайлар салынып, ірі монумент ескерткіштер орнату бүкілхалықтық игілікті іс саналды.

Италиядағы басты мәдениет орталықтарының бірі – Флоренция қаласы. Ол Римнен Альпіге баратын сауда жолының үстіне орналасты. Қалада қолөнер кәсібі мен сауда өте жақсы дамыды. Кеме жасау және су қатынасы ісі де алға басты. Мекен ендігін анықтау үшін құбыланамаларды, географиялық карталарды, приборларды қолдану ашық теңіздерде ұзақ сапарларға шығуға мүмкіндік берді. Бұл XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында жүзеге асқан географиялық жаңалықтардың ашылуына мүмкіндік берді.



*Джотто ди Бондоне.*

«Иоакимнің бақташыларға оралуы». Дель Арена капелласының фрескасы (фрагмент) 1305–1313 жылдар аралығы



Сағат жасау ісі жетіле түсті. Италия қалаларында мұнара сағаттары пайда болды. Сауданың дамуына байланысты, көпестер мен банкирлердің кеңселері, ірі шеберхана үйлері көптеп салынды. Өсіресе банкирлер байыды, олардан папалар мен корольдің өзі де қарызға ақша алып тұрды. Қала байлары мен ірі өндіріс иелері, папалар мен корольдер сән-салтанатты, өшекейленген өдемі үйлерде тұрды. Олар ата-бабаларының және өздерінің суреттерін салдырып, оны «мәңгілікке» қалдырғысы келді. Қала билеушілері суретшілерді қолдап, оларға тапсырыстар берді.

Флоренция бүкіл Италияның мәдени орталығына айналды. Осы Флоренцияда итальян ақышы, өз заманының ірі суреткері Данте (1265–1321) өмір сүрді. Ол өзінің атақты «Құдіретті комедиясын» жазды. Бұл қалада көптеген мүсіншілер өздерінің ғажайып туындыларымен мүсін өнерін жаңа сатыға көтерді.

Уақытына қарай алғанда Италияның қайта өрлеу дәуірінің алғашқы суретшісі Дантенің кіші замандасы *Джотто ди Бондоне* (1266 немесе 1267–1337) болды. Ол өз картиналарында адамдардың кейпін, қимылын, бет-ажарын шебер әрі табиғи түрде бейнелеп берді. Ертедегі итальян қайта өрлеу дәуірінің мүсіншісі *Донателлоның* (1386–1466) еңбектері күш-жігерге, күштарлық пен шынайылыққа толы еді.

*Леонардо да Винчи* (1452–1519) – Италияның қайта өрлеу дәуірінің (итальянша *ринашименто*, французша *ренессанс* – *қайта өрлеу*) аса ірі қайраткері және оның негізін қалаушылардың бірі.







Леонардо да Винчи.  
«Мона Лиза» («Джоконда») 1503 ж.  
Париж. Лувр

Леонардо да Винчи тек ұлы суретші ғана емес, ұлы математик, физик, астроном, архитектор және инженер болған.

Леонардо сурет пен мүсін өнеріне машықтану үшін Флоренцияда оқыды. Ол жас кезінен еңбек етіп үйренді, қиыншылыққа төзімді болды. Кейін өз шәкірттеріне де осы қасиетін дарытуға тырысты. Шәкірттерін «Кім көп еңбек етсе, сол адам бақытты болады» деп үйретті.

Леонардо да Винчи сурет салуды өнердің басты түрі деп есептеді. «Адам суреттің көмегімен дүниені таниды. Тәжірибе – дүниетанудың бірден-бір қайнар көзі» деген тұжырым жасады.

Ұлы суретші инквизиция қаһарынан тайсалмай, адамның дене құрылысын зерттеумен шұғылданып, мәйіттерге «ота» жасаумен де айналысты.

Көшелер мен алаңдарды аралап, адамның бет әлпетіне зейін қоя қарады, ерекше бет құбылыстарын қағазға түсірді. Өсіресе адамдардың көңіл күйін жақсы танытатын реніш, қуаныш, қайғы сәттері оны өте қатты қызықтырды. Леонардо да Винчи жарық пен көлеңке арасындағы байқала бермейтін бояу үйлесімін бейнелеуде, адам сезімін көрсетуде тамаша шеберлікке қол жеткізді. Ол: «Жарыққа қарап, оның нұрына зер сал, сөйтін тұрып көзінді қас қағым сәтке жұмып, қайта аш, сонда саған жаңа ғана өзің көрген жарық енді басқаша болып байқалады» деп жазған болатын.

Леонардоның «Мона Лиза» (немесе «Джоконда») деген картинасы бүкіл дүниежүзіне мәлім. Жүзінде әрең ғана білінетін, бірақ соншалықты жұмбақ күлкі ойнаған бұл әйел беймәлім сыр сақтаған, әлдебір құпия жайдың боларын алдын ала сезіп отырғандай болып көрінеді.

Леонардо да Винчи өзінің болжамымен өз заманынан бірнеше ғасыр озық кетті. Ол Милан герцогіне былай деп жазды: «Мен ешбір дыбыс шығармастан, тар және бұралаң жерасты жолдарын салу әдістерін білемін. Алуан түрлі зеңбіректер жасай аламын. Соғыс теңізде болса... Ең сұрапыл атыстарға шыдайтын киімдерді де, жарылғыш заттарды да, түтін шығармайтын құралдарды да жасай білемін, ал бейбітшілік уақыттарда қоғамдық және жекеменшік үйлерді салу, суды бір жерден екінші жерге өткізу үшін сәулетші ретінде өте пайдалы болармын деп сенемін».

Оның жобасы бойынша Миланды ауызсумен қамтамасыз ететін канал қазылды. Леонардо сан қырлы өнер-ғылым салаларымен айналысты.



Сәулет өнері, әскери анатомия, жарық пен көлеңке, құстардың ұшуы, судың ағысы мен өлшемі сияқты қыруар мәселелерді зерттеді.

**Микеланджело.** Қайта өрлеу дәуірінің ұлы қайраткері *Микеланджело Буонарроти* (1475–1564) – итальян мүсіншісі, кескіндемеші, архитектор өрі ақын, XVI ғасырдағы және одан кейінгі Еуропа өнерінің дамуына зор үлес қосты.

Ол адамды сом денелі, батыл, қайтпас жігерлі етіп бейнеледі. Микеланджело Римде «Вакх» мүсінін жасап, көне заман ескерткіштерімен әуестенді. Ол «Христосты жоқтау» атты дәстүрлі готикалық жүйеге жас арудың өлген ұлына деген шексіз қайғысын білдіретін жаңа, гуманистік мазмұн енгізді. 1501 жылы Микеланджело Флоренцияға қайтып келіп, Медичи озбырлығының бұғауын бұзған республика азаматтарының ерлігін бейнелейтін шығармалар туғызды. Ол сомдаған орасан зор Давид мүсіні арқылы құдіретті күш, ерлік, өр тұлға, қайтпас жігер туралы өзгеше пайымдау жасалды. 1505 жылы II Юлиан папа Микеланджелоны Римге шақырып, оған папа қабіріне құлпытас жасауды тапсырды. Жобалар өзгере бергендіктен, құрылыс ұзаққа созылып, тек 1545 жылы ғана аяқталды. Құлпытасқа арнап Микеланджело бірнеше мүсін жасады. Оның таңдаулылары «Моисей», «Көтеріліске шыққан құл» және «Хал ұстіндегі құл» болып табылады.

Өмірінің соңғы отыз жылында ол мүсін мен кескіндемеден бірте-бірте алшақтап, негізінен, сәулет өнерімен және поэзиямен айналысады. Микеланджело қартайған шағында да поэзиядан қол үзбеді. Оның лирикасы терең ойлы, асқақ трагизмге толы болды. Ақын адамзаттың ғұмыр бойы сұлулық пен жарасымдылыққа ұмтылған махаббаты туралы, қатал дүниедегі суреткердің жалғыздығы жөнінде, озбырлықтың салтанат құрғанын көргендегі мейірбан жүректің шарасыздығы жайында толғанады. Микеланджело алып ғимараттар салумен көп шұғылданды. Сондай құрылыстардың бірі – Римдегі *Әулие Петр храмы*. Бұл храмды Италияның ең атақты сәулетшілері бірнеше ондаған жылдар бойы салды. Микеланджело храмның ең үлкен күмбе-



Рафаэль Санти.  
«Сикст мадоннасы».  
1513–1514 жылдар. Дрезден.  
Сурет галереясы





зінің жобасын жасады. Әулие Петр соборы Қайта өрлеу дәуірінің аса озық архитектуралық ескерткіші болып табылады.

**Рафаэль Санти.** Қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті суретшілерінің бірі *Рафаэль Санти* (1483–1520) болды. Ол адам бойындары барлық тамаша қасиеттерді – сымбатты да қайратты денені, асқан ақылдылықты, ізгі мінезді бейнелеуге тырысты. Жас шағында Рафаэль Флоренцияда тұрып, жұмыс істеді. Ол өзінің ең таңдаулы картиналарының көбін осында жазды. Көп ұзамай оны Римге шақырды. Римде ол портреттер салды, Әулие Петр соборының құрылысына басшылық етті.

Рафаэльдің туындылары шаттық қуанышын бойына жиып, бақыттан дамыл тауып жатқандай. Рафаэльдің Мадоннаны бейнелеген көп картинасы сақталған. Рафаэльдің ең даңқты картинасы – «*Сикст мадоннасы*». Мұны суретші Италияның шағын қалаларының біріндегі *Әулие Сикст* монастыры үшін салды. Бұл ғаламат шығарма адамға деген шексіз сүйіспеншілікке толы: суретші адамзат бақыты үшін өзінің ең қымбаттысы – баласын да құрбан ете алатын адамды дәріптейді.

Қайта өрлеу дәуірінің ұлы шеберлері осы күнге дейін адам баласы мақтаныш ететін, қайталанбас туындылар қалдырып кетті.

#### Ойталқы

Қайта өрлеу дәуірі ұлы суретшілерінің еңбектері неліктен қазіргі күнге дейін құнды деп ойлайсыңдар?

- 21 1. «Қайта өрлеу» дәуірі неліктен Италияда дамыды?  
2. Италияда мәдениеттің дамуында қандай жаңалықтар байқалды?

? 1. Қайта өрлеу орталығы қай ел

- |           |             |
|-----------|-------------|
| а) Италия | в) Франция  |
| ә) Чехия  | г) Германия |
| б) Ресей  |             |

2. «Құдіретті комедияның» авторы

- |                      |                  |
|----------------------|------------------|
| а) Данте             | в) Рафаэль Санти |
| ә) Джотто ди Бондоне | г) Шекспир       |
| б) Донателло         |                  |

3. Римде әулие Петр соборының құрылысына басшылық еткен аса көрнекті суретші

- |                      |                      |
|----------------------|----------------------|
| а) Джотто ди Бондоне | в) Леонардо да Винчи |
| ә) Рафаэль Санти     | г) Россини           |
| б) Микеланджело      |                      |





4. Суретшілер мен олардың еңбектерін сәйкестендіріңдер.

- |                            |                        |
|----------------------------|------------------------|
| 1. Леонардо да Винчи       | а) «Хал үстіндегі құл» |
| 2. Микеланджело Буонарроти | ә) «Сикст мадоннасы»   |
| 3. Рафаэль Санти           | б) «Мона Лиза»         |

5. Ерекшелік пен ұқсастықтарын айқындаңдар.

Леонардо да Винчидің шығармашылығының ерекшеліктері	Ұқсастықтары	Рафаэль Сантидің шығармашылығының ерекшеліктері

### §26. ГУМАНИЗМ ИДЕЯЛАРЫ

Бүгінгі сабағымызда гуманистік идеялардың ортағасырлық мәдениеттің дамуына тигізген ықпалын анықтаймыз.

XV ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың бірінші жартысында Еуропа елдерінде ағарту ісі дами бастады. Осы кезде Батыс Еуропада көптеген гуманист-жазушылар шықты. Гуманизм – адамгершілікті, адамға сүйіспеншілік идеяларын білдіретін көзқарастар жүйесі. Ағартушылар ізгілік, әділеттілік пен ғылыми-таным негіздерін тарату арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге тырысты. Солардың бірі – ағылшын гуманист жазушысы **Томас Мор** (1478–1535) еді. Ол Лондон қаласында, сот отбасында дүниеге келді. Өте білімді адам болды, ежелгі тілдерді жақсы білді. Әкесінің жолын қуып, заң қызметкері болып шықты. Біреудің басына түскен қайғы-қасіретке немқұрайды қарай алмайтын Мор кедейлерді қорғады.

#### Негізгі ұғымдар:

Томас Мор,  
Т. Кампанелла,  
ұлы суретшілер.

Мордың 1516 жылы *«Мемлекетті жақсы ұйымдастыру және жаңа Утопия аралы туралы алтын кітабы»* шықты. Бұл кітапта сол кездегі қоғамдық құрылысты, Англиядағы қайыршылық жағдайды қатты сынады. Қоғамдағы кемшіліктердің негізі жекеменшікте, ал оның өмір сүру негізі адамдардың ақымақтық



Томас Мор



Қазақтың ортағасырлық қай тұлғасының дүниетанымы Томас Мор ілімімен сәйкес келетін жайды өз ойларыңмен айтыңдар.



Томмазо Кампанелла

әрекеті, менменшілдікте, мансапқорлықта жатқанын айтты. Мор өзінің ойлап тапқан, «Утопия аралындағы» («Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған арал») бақытты елді, оның тамаша қалаларын, гүлденген даласын, ғажап тәртіптері мен заңдарын суреттеп жазады. Утопияда қанау жоқ, бай да жоқ, кедей де жоқ. Аралдың барлық адамдары еңбек етуге міндетті.

Томас Мор еңбек құрал-жабдықтары ортақ, әділетті қоғамдық құрылысты армандады. Бірақ оны қалай құрудың жолын білмеді. Солай бола тұра, Томас Мор өзі қиялдаған қоғамның өмірін нақты мысалдармен батыл және дәл көрсете білді.

Томас Мордың идеясы жекеменшік жоқ, барлық адамдар тең өмір сүретін қоғам құру туралы қиял болды. Сондықтан Мордан кейін жүзеге асырылмайтын, өмірден қол үзген қиял утопия деп аталып кетті.



Дюрер Альбрехт. «Төрт салт атты». 1498 ж. Гравюра

Италиялық философ, ақын, саяси қайраткер Томмазо Кампанелла (1568–1639) шын мәнінде теңдік пен еркіндікке негізделген қоғам туралы армандады. Әділетті қоғамдық құрылыстың қандай болатынын түсіндіруге тырысты. Ол 1602 жылы мінсіз қоғам туралы утопиялық «Күн қаласы» еңбегін жазды. «Күн қаласы» қоғамдық ой-пікірдің дамуына өзіндік үлес қосты.

Сурет өнеріндегі гуманизм. Дюрер Альбрехт (1471–1528). Ол Германияның алдыңғы қатарлы суретшілерінің көшбасшысы болды. Дюрер суретші, инженер әрі сәулетші болды, көне тілдерге жетік әрі ақын еді. Ол аса үлкен портрет шеберлерінің бірі болды. Дюрердің таңдаулы гравюраларының бірі – «Төрт салт атты» деп аталады. Онда төңірдің жер бетіндегі адамзаттың үштен бірін жазалау-





ға жіберген – Индет, Соғыс, Ашаршылық және Ажал кейпіндегі салт аттылар бейнеленген.

**Рембрандт Харменсван Рейн (1606–1669)** – сурет өнерінің ұлы шебері, голланд кескіндемешісі әрі график. Рембрандт шығармашылығы Голландия өнеріндегі реалистік бағыттың даму кезеңінде, яғни өмір құбылыстарын шынайы, нақтылы қалпында бейнелеуге ұмтылу кезінде қалыптасты.

Рембрандттың негізгі көңіл қойғаны – адам, оның мінез-құлқы, ақылы мен толғаныстары. Суретші тұрмыстық және діни тақырыптағы картиналарды, байлардың әйелі мен баласының портреттерін салды. Ол жүз шақты автопортрет қалдырды. Рембрандт діни және өзіне жақын адамдарды бейнелей отырып, адам бет әлпеті сырының шексіз екендігін көрсетті.

Суретшінің аса үлкен жетістігі жарық пен көлеңкені батыл пайдалануы еді. Ол жарықтың көмегімен бейнелеуде ең маңызды жақтарына көңіл аударады. Рембрандт ең әйгілі картиналарының бірі – *«Адасқан ұлдың қайта оралуы»* қайтыс боларының алдында салған еді. Шығарма адамға деген сүйіспеншілік, сенім, күйзеліс пен толғаныс сезімдерінен құрылған.



*Рембрандт. «Адасқан ұлдың қайта оралуы». 1668–1669 жылдар. Санкт-Петербург. Эрмитаж қоры*

Рембрандттың жаңашыл шығармалары Голландия бейнелеу өнері мен өзінен кейінгі дәуірлердегі дүниежүзілік реалистік кескіндеме өнерінің дамуына зор ықпал етті.

**Веласкес Диего (1599–1660).** XVI ғасырдың аяғынан басталған Испания өнерінің өркендеу кезеңі жүз жылдай уақытқа созылды. Бұл кезең Испания мемлекетінің «алтын ғасыры» деп аталды. Осы кезеңде көптеген жазушылар мен суретшілер шықты.

Веласкес корольдің, оның отбасының және жоғары мәртебелі шонжарлардың салтанатты портреттерін салды, бірақ ол тапсырыс берушілерге ешқашан жарамсақтанбады. Олардың сырт пішінін шынайылықпен көрсете отырып, мінез-құлықтарын да батыл бере білді. Суретші біреуді әшкерелеуге ұмтылмаса да, жалғандыққа, шындықты әсірелеуге бармады. Король оның картиналарында жасық, бейшара адам болып көрінеді.





Дегенмен король де, ақсүйектер де өз портреттеріне ризашылық білдірді. Өйткені олар өздерін «тірі кейпінде» бейнелегенін ұнатты.

«*Инфанта Маргарита*» – Веласкестің өйгілі суретші атанған кезінде дүниеге келген портрет. Автор осы шығармасы арқылы адамның өзіне ғана тән ерекше мінез сипатын қылқалам құдіретімен асқан сүйіспеншілікпен бере білген.

**Ойталқы**

XVII ғасырдың ұлы суретшілері сурет өнеріне қандай жаңалықтар енгізді деп ойлайсыңдар?

?? Италиядағы қайта өрлеу дәуірінің өнері қандай еуропалық елдердің суретшілеріне ықпалын тигізді?

? 1. Ағылшынның гуманист жазушысы

- а) Томас Мор
- ә) Диего Веласкес
- б) Джотто ди Бондоне
- в) Микеланджело
- г) Беллини

2. Жоқшылықта өліп, кедейлер зиратында жерленген сурет өнерінің ұлы шебері

- а) Рембрандт
- ә) Диего Веласкес
- б) Микеланджело
- в) Донателло
- г) Мартин Лютер

3. Суретшілер мен олардың еңбектерін сәйкестендіріңдер

- 1. Рембрандт Харменс ван Рейн
- 2. Дюрер Альбрехт
- 3. Диего Веласкес
- а) «Хал үстіндегі құл»
- ә) «Адасқан ұлдың қайта оралуы»
- б) «Инфанта Маргарита»

\* «Қайта өрлеу дәуірінің ұлы суретшілері» кестесін толтырыңдар.

Ұлы суретшілер	Өмір сүрген кезеңі мен елі	Атақты туындылары	Сурет өнеріндегі жаңалықтары
Рембрандт			
Диего Веласкес			
Дюрер Альбрехт			



## §27. ШЫҒЫСТЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Бүгінгі сабағымызда Шығыстағы Ренессанс әлемдік мәдениетті қалай байытқанын білетін боламыз. Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін анықтаймыз.

**Қытай мәдениеті.** V–VI ғасырларда Қытай мемлекетінде өнер, әдебиет және ғылым дами бастады. Адамдардың табиғат жөніндегі танымы кеңейіп, халық емшілігі, аспан әлемі туралы көптеген ғылыми жаңалықтар ашылды. Каллиграфиялық жазудың негізі қаланды. Будданың бейнесін салу, *пагода* тұрғызу (бірнеше қабат биік мұнаралар) қолға алынды.

**Негізгі ұғымдар:**

қытай мәдениеті,  
үнді мәдениеті,  
Орталық Азияның  
сәулет өнері мен  
ғылымы, ұлы  
ғұламалар.

VIII–X ғасырлар аралығында Қытайда білім беру, оқу ісі дами бастады. Көптеген мектептер ашылып, халықты жазу, оқуға үйрету қолға алынды. Қытайда ақындар мен жазушылар көбейді. Ақындар Ли-Бо (701–762), Ду Фу (712–770), Бо Цзюй (772–846) еңбектері дүниежүзілік классикалық қорға қосылды.

**Үндістанда ғылым және мәдениеттің дамуы.** Ортағасырлық Үндістанда ғылымның математика, астрономия және медицина салалары дамыған. Үнді математигі Арьябхата Пифагор теоремасын білген, синус және косинустар теоремасын ашқан. Ол аспан әлемін зерттеп, Жердің Күнді айналатынын алғаш рет айтқан ғалым. Медицина саласында өсімдіктерден дәрі жасауды ойлап тапқан. Операция жасау әдістерін білген. Көз ауруларын да емдеген. Үнді дәрігерлері адам тамырының соғуы мен денсаулығының арасында тығыз байланыс бар екендігін дәлелдеді.

V ғасырда өмір сүрген үнді жазушысы Калидасаның «Шакунтала» деген драмасы дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылды. V–VII ғасырлардағы үнді философиясының көрнекті өкілдері – *Нагарджун, Джаймини, Васубандху*. Олар идеалистік көзқарас ұстанды.

VI–XVII ғасырларда Үндістанда сәулетшілер мен құрылысшылар көптеген сәулетгі сарайлар тұрғызды. Олардың ішінде тау өңірінде салынған Аджант сарайының орны ерекше. Аджант сарайы тастан қашап салынып, ішіне көптеген Құдай мүсіндері орналастырылған. Үндістан жеріне Орталық Азиядан сәулет үлгілері кең таралды. Ұлы Моғолдар мұсылман сәулет өнерін дамытты. *Тәж-Махал кесенесі* қазірге дейін тамаша әсемдігімен таңғалдыруда. Қазақтың ұлы тарихшысы, «Тарих-и-Рашиди» кітабының авторы Мұхаммед Хайдар Дулати осы кезеңде өмір сүрді.





Стамбұлдағы  
Сүлеймен мешіті

**Түрік мәдениеті.** Түркияда жазба өдебиеттің алғашқы үлгілері XIII ғасырда пайда болды. Көне шығармалардың қатарына *Ахмед Факихтің* «Тағдыр кітабы» жатады. Оның шәкірттері *Шейад Хамза* «Жүсіп пен Зылиха» қиссасын жазды. Түрік тіліндегі ең алғашқы шығарма – сопы Ашик паша жазған «Қуғындалушының кітабы» (поэма) болды.

XIV–XV ғасырларда поэзияда Низами Гәнжаунің «Бес дастаны» («Құпия қазына», «Хұсрау мен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті ару», «Ескендірнама») үлгісімен романтикалық сарындағы шығармалар жазған бірқатар авторлар (Ахмед, Жүсіп, Синан т.б.) дүниеге келді. *Лют-фи Такади* математика, астрономия ғылымдарына талдау жасап, философия пәндері бойынша бірқатар еңбек жазды. Географ адмирал *Пири Реис* 1513 жылы дүниежүзінің картасын, ал 1523 жылы «Бахрийе» атты теңіз атласын жасады.

Орталық Азияның ортағасырлық сәулет өнеріндегі өзіндік ерекшеліктерін сипаттаңдар.

XV–XVII ғасырларда түрік сәулетшілері (Синан т.б.) сәулет өнерінің композициялық құрылымы мен көркемдігіне ерекше көңіл бөлді. Түркия қалаларында медресе, мешіт, кесене,

монша, хауыздар салу кең өріс алды. XV–XVII ғасырлар аралығында сән және қолданбалы өнердің керамика, жібек жібін иіру, кілем тоқу, металл өндіру, қару-жарақ жасау сияқты салалары өрістеді. Түркі халықтарының музыкасында өзара ұқсастық бар. Мысалы, мани, қошма, тюркю өндері Орталық Азия, Қазақстан, Өзірбайжан музыкасымен әуендес болып келеді. Музыка аспаптары: кеманча, ребаб, тамбур, уд, ковар, дюдюк, зурна, дөф, давул т.б.





**Сәулет өнері.** Орталық Азияда көптеген ескерткіштер балшықтан салынғандықтан сақталмаған. Тек саманилер дәуірі ескерткішінің бірі Бұхара қаласындағы Исмаил Самани кесенесі күйдірілген кірпіштен салынғандықтан сақталып қалған.

X ғасырдағы Орталық Азия сәулет өнері, негізінен, мешіттер мен мұнаралардан тұрады. Соның бірі – Бұхара қаласындағы Қалаян мешітінің жанындағы мұнара 1127 жылы Қарахандар әулетінен шыққан Арслан ханның бұйрығымен салынған. Хорезм қаласында XI–XIII ғасырларда салынған бірқатар сәулет ескерткіштері сақталған. Олар: *Боран қала*, *Наиб қала*, *Қабат қала*, сонымен қатар Үргеніш қаласындағы *Фахруддин Рази кесенесі*, Бұхара маңындағы *Раб-и-Мелик керуен сарайы*, *Текеш* Хорезмшах жерленген кесене.

Самарқан, Бұхара қалаларында кітап миниатюрасы дамыды. Бұхарадағы кітап миниатюрасы және ағаш пен тасқа ою-өрнек салу мектебі кеңінен өріс алды. XIV ғасырдың соңында – Өмір Темір дәуірінде Орталық Азияда қала салу, суландыру жүйелерін құру, керуен сарайлар, медреселер, діни ғимараттар тұрғызу ерекше қолға алынды. Сол дәуір ескерткіші – Түркістандағы *Қожа Ахмет Ясауи кесенесі*. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті дүниежүзілік өркениетке өз үлесін қосты.



Бұхара қаласындағы  
Исмаил Самани кесенесі

129



9-3465





Ұлықбек

Орталық Азия көрнекті ғұламалары еңбектерінің бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған себебі неде?



Әбу Райхан Бируни

**Ғылыми білімдердің дамуы.** Орта ғасырдағы Орталық Азия елдерінің көрнекті ғұлама ғалымдары: *Әбу Райхан Бируни, әл-Хорезми, Әбу Әли ибн Сина, Ұлықбек, әл-Фараби* т.б.

Әбу Райхан Бируни (973–1048) – ортаазиялық энциклопедист ғалым. 973 жылы Қият қаласының іргесіндегі ауылда дүниеге келді. Ол 150-ге жуық кітап жазған, оның 45-і астрономия мен математикаға арналған. Бируни еңбектерін араб тілінде жазды. Оның «Үндістан», «Масғұд каноны» т.б. еңбектері бірқатар шетел тілдеріне аударылған. Бируни география саласында қыруар еңбек жазып қалдырды. Ол географиялық карта жасады. Бирунидің географиясы геология, минералогиямен тығыз байланыста баяндалды.

Әл-Хорезми (795–850) – алгебра ғылымының негізін салушы. Математика саласындағы ең ірі еңбегі «Китаб Мұхтасар әл-джәбр уә-л-ва мұқабала» деп аталады. Заманында бұл еңбегі жоғары бағаланып, оны «Алгоритм атасы» деп атаған. Хорезмидің «Астрономия кестесі», «Күн сағаты туралы трактат» еңбектері жоғары бағаланған.

Әбу Әли ибн Сина (980–1037) әл-Фарабидің шәкірті болған. Аристотельдің еңбектерін өзі оқып түсінуге ұмтылған. Ол – «Дәрігерлік ғылым каноны» атты 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедияның, «Білім кітабы» деп аталатын философиялық анықтамалықтың, араб және парсы тілдерінде жазылған терең ойлы өлеңдердің авторы. 1000 жылы Бұхара қаласынан Үргенішке келіп, Бирунимен кездесіп, ғылыми кітаптарының көбін осы қалада жазады. Ибн Сина өсімдіктердің өсу барысын бақылап, олардың емдік қасиеттерін анықтаған. Бала ауруларын зерттеп, оларды өзі шөптен жасаған дәрі-дәрмектермен емдеп отырған.

Ибн Сина денсаулықты алдын ала сақтай білудің әдіс-амалдарын насихаттады. Ол тағамды



талғай білуге, денені шынықтыру мен таза ұстауға ерекше мән берді. Бұл ережелер бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

**Әдебиет.** Орта ғасырдағы атақты ақындардың бірі *Фирдоуси* (940–1030) болды. Парсы, төжік халқының ұлы ақыны атанған ол «Шаһнама» поэмасын жазу үшін 30 жылдан астам уақытын жұмсады. Бұл шығармада өз елін жаулап алушыларға қарсы халық күресі баяндалады. Аты аңызға айналған батырлардың ерліктері мадақталады. Ақын «өмірлік нанын өз еңбегімен табушылар» туралы құрметпен жазады.

XI ғасырда Қарахан дәуірінде өмір сүрген ақын, ойшыл ғалымдардың бірі – *Жүсіп Баласағұни*. Оның 1069 жылы жазылған атақты шығармасы, XI ғасырдағы түрік әдебиетінің ескерткіштері қатарына жататын «Құтадғу білік» – «Құт негізі – білік» поэмасы саясат, мемлекет басқару, әскери іс жөніндегі философиялық трактат болып саналады.

Парсы-төжік классикалық әдебиетінің негізін салушы *Әбу Абдоллах Рудаки* (860–941) де орта ғасырда өмір сүрген ірі тұлғалардың бірі. Ақын өзінің өлеңдерінде зор адамгершілік сезімді жырлады, білімді бағалауға, адамдарға, жақсылық істеуге шақырды. Оның шығармаларының көркемдік қуатының қайнар көзі шексіз даналығы мен қарапайымдылығында жатыр.

Түркістан (Ясы) қаласынан шыққан ғұлама Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) атты ортағасырлық түркі поэзиясының ғажайып үлгісі ретінде бағаланған еңбек қалдырды.

Орта ғасырлардағы Орталық Азия әдебиетіндегі қоғамдық бағыт ұлы ойшыл ақын *Әлішер Науаидың* (1441–1501) шығармаларында айқын көрініс тапты. Ол философиялық ойдың дамуына ықпал жасады. Науаи «Екі тілдің таласы» атты кітабында лингвистикалық терең талдауларға барды.

XVI ғасырда Орталық Азия әдебиетінің игі дәстүрін жалғастырушы Бабыр болды. Ол өзінің «Бабырнама» атты көлемді туындысында әдеби мемуарлық шығармашылықтың негізін салды. «Бабырнама» Орталық Азия халықтарына ортақ құнды мұра саналады.

**Түркі халықтарының эпостары.** XIV–XV ғасырлардағы ерте түркі тіліндегі Осман тарихының шежіресі Орталық Азия халықтарының жазба мәдениетінің негізіне жатады. «Оғызнама», «Китаб Дәдәм Коркут», «Манас», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Алпамыс» сияқты эпостық шығармалар мен «Көрұғлы» дастаны ерекше орын алады. Романтикалық хикая әңгімелер, қиял ғажайып, күлдіргі ертегілер, соның ішінде түркі халықтарына ортақ Қожанасыр әңгімелері өмірге келді.





**Ойталқы**

Орта ғасырларда шығыс елдерінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі қандай болды?

- 21
- Қытай мен Үндістан мәдениеттерінің жетістіктерін көрсетіңдер.
  - Түрік мемлекетінде мәдениеттің қандай салалары дамыды?
  - Авторы мен шығармаларын сәйкестендіріңдер.
 

I. Ахмет Факих	a) «Жүсіп пен Зылиха»
II. Шейад Хамза	ә) «Бес дастан»
III. Низами Гәнжауи	б) «Тағдыр кітабы»

- \*
- Салыстыру кестесін толтырыңдар.

Ғұламалар	Еңбектері	Маңызы
1. Әл-Хорезми		
2. Ибн-Сина		
3. Әл-Бируни		
4. Фирдоуси		
5. Рудаки		
6. Әлішер Науаи		

2. Орталық Азия елдерінде орта ғасырлардан бері келе жатқан сәулет өнерінің ескерткіштері туралы слайд дайындаңдар.

3. Шығыстың ортағасырлық мәдениеті әлемдік өркениетті қалай байытқаны жөнінде шағын эссе жазыңдар.



§28. РЕФОРМАЦИЯНЫҢ СЕБЕПТЕРІ.  
МАРТИН ЛЮТЕР МЕН ТОМАС МЮНЦЕР

Бүгінгі сабағымызда адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтаймыз. Мартин Лютер мен Томас Мюнцер ілімдерімен танысамыз.

**Реформацияның себептері.** Реформация (латынның «қайта құру», «жаңарту» деген сөзінен шыққан) – христиан дінінің үшінші үлкен бағыты протестанттықты дүниеге әкелді. Протестантизм (латынша *protestatio, protestor*) – қарсылық, келіспеушілік деген мағынаны білдіреді. Реформациялық қозғалыс – XVI ғасырдағы Еуропаның қоғамдық өміріндегі ірі оқиға. Сондықтан Еуропа елдерінің мәдени-тарихи дамуындағы басты кезең *реформация дәуірі* саналады. Реформацияның Германияда басталуының өзіндік себептері болатын. XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдағы географиялық ашылулар әлемдік сауда жолдарының бағытын өзгертті. Еуропа елдері үшін басты сауда жолы Жерорта теңізінің маңызы төмендеп, оның орнына жаңа бағыт Атлантика мен Солтүстік теңіздің маңызы күшейді. Осыған байланысты Германияда экономикалық құлдырау басталды. Капиталистік өндірістің дамуы тежелді, ішкі сауда қатынасы баяулады. Ауылшаруашылық өнімдерінің тек сыртқы саудаға шығатындары ғана дамыды.

**Негізгі ұғымдар:**

реформация, индульгенция, бытыраңқылық, Мартин Лютер, Томас Мюнцер.

Еуропаның ірі елдерінде сауда мен өнеркәсіптің дамуы елдің саяси бірігуіне әкелсе, Германияда жергілікті орталықтардың (князьдықтар, графтықтар) төңірегіндегі мүдделер елдегі бытыраңқылықты күшейтті. XII ғасырдан бастап ішкі ыдырау жолына түскен Германия империясы XVI ғасырдың қарсаңында дербес өзара байланыстары жоқ бытыраңқы аймақ күйінде қалды. Дербес бірлестіктердің арасында талас-тартыс, бәсекелестік орын алды. Жергілікті жерлердегі билеуші князьдар биліктерін күшейтіп, өз ақшаларын шығарды. Алым-салықты өздеріне қалдырып, сот істерін де өздері шешіп

Реформациялық қозғалыстың Германияда басталуының себепін нақты ашып көрсетіндер.



отырды. Сөйтіп, елдің бытыраңқылығы экономиканың құлдырауына әкеліп соқтырды. Неміс саудагерлері мен кәсіпкерлері мемлекеттің көмегі мен қолдауынан айырылған еді.

XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың бас кезінде Германияда *католик шіркеуінің* ықпалы күшейді. Оның ұлан-байтақ жер иеліктері болды. Ол жерлерден түсіп жатқан табыстар Рим папасының қазынасына жөнелтілетін. Католик шіркеуі *индульгенциялар* сату арқылы көп табыс тауып тұрды. Қоғамдағы тәртіп мәселесінің қатаң сақталуына үлес қосып отырған болып, князьдықтардан жер, мал-мүлік, ақшалай сыйлықтар алып отырды. Католик шіркеуі өзіне қарсы пікір айтқандарды Құдайдан безген деп жариялап, қатаң жазалады.

Германиядағы феодалдық бытыраңқылықты, өкімет билігінің әлсіздігін пайдаланып, католик шіркеуінің басшылары қоғамдық қатынастарда да өз үстемдігін орнатты. Дінбасылары князьдарды бағыныштылықта ұстауға тырысты. Католик шіркеуі орталықтарының қыруар жерді иемденуі жері жоқ неміс рыцарьларының да наразылығын туғызды.

Шіркеу табыстарының ауыртпалығы қарапайым еңбекші халыққа, яғни шаруаларға, қолөнершілер мен саудагерлерге түсетін. Католик шіркеуінің өкімет билігіне ұмтылуы неміс князьдарының наразылығын туғызды. Сөйтіп, XVI ғасырдың басында Германияда барлық әлеуметтік топтардың Рим папасына, шіркеу орталықтарына қарсы наразылықтары шегіне жетті.

#### Ойталқы

Германия, Испания, Италия сияқты елдерде католик шіркеуінің ықпалы неге күшті болды деп ойлайсыңдар?



Мартин Лютер

Католик шіркеуінің озбырлығы халық наразылығын туғызды. Католик шіркеуінің озбырлығына қарсы қозғалыс Германия тарихына *реформация* деген атпен енді. Реформация – XV ғасырдағы Батыс және Орталық Еуропадағы католик шіркеуіне қарсы қуатты қоғамдық-саяси және діни қозғалыс. Ол қозғалыс шіркеудің әлеуметтік-саяси құрылымына өзгерістер енгізуді талап етті. Қозғалысты дін саласының білімдары, университет профессоры *Мартин Лютер* (1483–1546) бастады. Ол «Шіркеу мен дінбасылар адам мен Құдай арасындағы дәнекер емес және құпия күш арқылы олар адамның күнәсін кешіріп, жанын тазарта алмайды», – деп мәлімдеді.



М. Лютер сол кездегі ең ірі мыс өнеркәсібі орталықтарының бірі Эйслебене қаласында (Саксония) дүниеге келген. Лютердің жастық шағы өзінің жағдайына наразы бюргерлердің арасында және католик дін иелеріне қарсылық үдей түскен кезеңге тура келді. Лютер он сегіз жасында Эрфурт университетіне түсіп, гуманистер үйірмесінің мүшелерімен жақын танысады. Ол біраз уақыт солардың ықпалында болды. Университетті бітірген соң Августин монастырына орналасады, оның дүниеге көзқарасы осы жерде біржолата қалыптасты. Ол: «адамдар күнәдан шіркеу қаулыларының, папа үкімдері мен нұсқауларының күшімен құтылмайды, күнәдан құтылудың басты жолы – Киелі кітапты оқу, оған толық сену», – деді. Лютердің пікірінше, шіркеу мен дін иелерінің міндеттері тек Киелі кітаптың мазмұнын түсіндіру, христиандарды сол арқылы «сенімге» жетелеу еді.

Т. Мюнцер мен М. Лютердің ілімдері ортағасырлық қоғамның барлық топтарының мүддесіне сай келді ме? Ойларыңды дәлелдендер.

1517 жылы Лютер шіркеу озбырлығы мен папа индульгенциясына қарсы көзқарасын білдіретін үндеуін – «95 тезисін» таратты. 1520 жылы Лютер папа зорлығына қарсы күресті бүкіл неміс ұлтының ісі деп жариялады.

Лютер өділетсіздікке қарсы күш қолдануды жақтамады. Өділеттілікке тек үгіт-насихат, түсіндіру, көзін жеткізу сияқты заңды жолдармен жету керек екенін айтты. Шыдамдылық танытуға үгіттеді.

Мартин Лютердің бұл пікіріне дін уағызшысы *Томас Мюнцер* (1490–1525) қарсы көзқарас ұстанды. Ол барлық езгіге, зорлық-зомбылыққа шыдағандарға Құдайдың мейірім-шапағат жасайтыны туралы түсінікті жоққа шығарды. Мюнцердің пікірінше, адамдардың өзінен тыс, олардың өмірдегі тіршілігінен басқа ешқандай өмір жоқ. Мюнцер монастырьларды, дворяндар мен князьдарды қамалдарымен қоса күл-талқан етуге шақырды. Ол әлеуметтік-экономикалық теңсіздік болмайтын қоғамдық құрылысты уағыздады.



Томас Мюнцер

Мюнцерді қолдаған кедей шаруалар мен қолөнершілер 1524 жылы көтеріліске шықты. Көтерілісшілер *анабаптистер*, яғни «басқаша шоқынушылар» деп аталды. Олар байлар мен шіркеудің байлығын күшпен тартып алып, жерде жұмақ орнатпақ болды. Бұл қозғалыс көп қиыншылықпен 1525 жылы басылды. Мюнцер өкімет қолына түсіп, өлім жазасына кесілді.



Шаруалар соғысы жеңілгеннен кейін Германияда князьдық өкімет күшейді. 1530 жылы «Аугсбургтік дін ұстану» деген құжат қабылданды. Ол бойынша шіркеудің бастығы папа емес, жергілікті князь деп есептелді. Діни әдет-ғұрыптарға жұмсалатын шығынды арзандату көзделді. Бұл «арзан шіркеу» қоғамда жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазия талабы еді.

1534 жылдың басында Вестфалиядағы Мюнстер қаласында көтерілісшілер қайтадан бас көтерді. Олар сайлауда жеңіске жетіп, қаладағы билікті қолдарына алды. «12 ақсақалдың» кеңесі құрылып, шіркеу мен монастырьлардың, қашқан қала байларының мал-мүлкін тәркіледі. Ақшаны жойды, азық-түлік пен тұтыну бұйымдарын ортақ меншікке айналдырды. Барлық халық қара жұмысқа және қала қорғанысына күштеп тартылды.

Жылдың аяғына қарай жағдай қиындады: азық-түлік қоры таусылды. Жекеменшікті жоюға болмайтындығына халықтың көзі жете бастады. 1535 жылы көктемде Мюнстерді епископ әскері басып алды. Мюнстер коммунасының басшылары өлтірілді.

1555 жылы князьдар мен императордың арасында Аугсбург бітімі жасалды. Ол бітім бойынша князь өз халқының қайсы дінді ұстанатынын белгілейтін болды. Сөйтіп, реформациядан кейін Германияның бытыраңқылығы одан әрі күшейді.

**Ойталқы**

Германиядағы шаруалар көтерілістері неге өз мақсатына жете алмады?

1. Германияда католик шіркеуінің ықпалы неге күшейді?
2. Католик шіркеуіне қарсы қозғалыстың мақсаты не еді?
3. Салыстыру кестесін толтырыңдар.

Мартин Лютердің ұстанымы	Томас Мюнцердің ұстанымы

3. Тарихи ұғымдар мен олардың мазмұнын сөйкестендіріңдер.
 

1. Реформация	а) католик шіркеуіне қарсы қозғалыс
2. Анабаптистер	ә) басқаша шоқынушылар
3. Индульгенция	б) кешірім туралы грамоталар





## §29. РЕФОРМАЦИЯНЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНЕ ТАРАЛУЫ

Бүгінгі сабағымызда реформацияның Еуропа елдеріне қалай таралғанын, қандай өзгерістерге жеткізгенін білетін боламыз. Кальвин ілімінің негізінде адамның дүниетанымы мен қоғам өміріндегі дін рөлін талдаймыз. «Кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарымен танысамыз.

**Реформацияның Еуропа елдеріне таралуы.**

Еуропаны шарпыған реформациялық қозғалыс Германиядан кейін Швейцарияда күшті қарқынмен жүрді. Швейцария реформациясының көсемі *Ульрих Цвингли* еді. У. Цвингли 1522 жылы «67 статья» деген еңбегін жариялады. Ол Лютердің көзқарастарын жетілдіріп, демократиялық бағытта дамытты.

Швейцариядағы реформациялық қозғалыстың ірі өкілі француз *Жан Кальвин* (1509–1564) саналды. Ол кальвинизм деген ілімнің негізін қалады. Оның мәні – Құдай адамдардың тағдырын алдын ала белгілеп қояды. Құдай адамның бір тобын құтқарып, екінші тобын өлімге кеседі. Сондықтан барлық адамдар екі топқа: *таңдаулылар және шеттетілгендер* болып бөлінеді. Дүние мен жеке адамдардың тағдырын Құдайдың күдіретті күші анықтайды. Ендеше, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер Құдайдың еркімен болатын заңдылық. Әрбір діншіл адам Құдайдың таңдаулысымын деп ұғынуы және оны еңбектегі жақсы табыстарымен дәлелдеуі тиіс деп атап көрсетілді.

Кальвин: «Шіркеу дегеніміз – таңдаулы адамдардың қауымы», – деді. Оның діни жетекшілерінен басқалары сайланып отырды. Жекелеген қауымдар одақтарға бірігіп, ұлттық шіркеу құрды. Женевада Кальвин шіркеуді басқара отырып, жергілікті протестанттық партияның жетекшісі ретінде 25 жыл бойы қалалық кеңеске ықпал жасады. Ол протестанттық діни академияны

**Негізгі ұғымдар:**

Кальвин,  
протестанттық,  
католицизм.

Кальвиннің «Шіркеу дегеніміз – таңдаулы адамдардың қауымы» деген сөзін қалай түсіндіңдер? Оның осы пікіріне орай өз ойларыңды айтыңдар.



Жан Кальвин





құрды. Оның тыңдаушылары бүкіл Еуропаға кальвинизм ілімін таратты. Реформациялық қозғалыс Еуропаның басқа елдерін де қамтыды. Кальвинизм – XVI ғасырдағы реформацияның нәтижесінде Жан Кальвин негізін қалаған протестанттық діни ілім. Ол өмір сүрудің тақуалық принципін уағыздады.

Англияда король VIII Генрих билік еткен жылдары шіркеулерді жаптырып, мүліктерін тәркіледі. Шіркеу билігін король өз қолына алды. Жаңа ағылшын шіркеуі құрылды. Алайда Мария Тюдор қайтадан католик шіркеуін қалпына келтірді. Оның орнына билікке келген I Елизавета Англияда протестанттықты түпкілікті қалыптастырды. Король епископтарды өзі тағайындады және оларға лордтар палатасының кеңесіне қатысуына құқық берді. Сонымен бірге протестанттықтан католиктік ілімге өту мемлекеттік сатқындықпен тең деп бағаланды. Дұға ағылшын тілінде оқылатын болды.

Франциядағы реформациялық қозғалыстың өзіндік ерекшелігі бар еді. Бұл елде қозғалыстың дамуына қолайлы жағдайлар болмады. Себебі, католицизм ұлттық бірігудің, король өкіметінің символы саналды. Францияда шіркеу билігі корольдің қолында еді. Ол шіркеу иелерін өзі тағайындап отырды. Дегенмен Францияда да католиктер мен реформациялық ілімді қолдаушылар арасында ұзаққа созылған тартыс жүрді. Бұл 1562–1598 жылдары гугеноттар соғысына ұласты. Францияда католицизм мемлекеттік дін болып қала берді. Еуропада реформациялық қозғалыс Швеция, Норвегия, Дания елдеріне де таранды.

Контрреформация – XVI–XVII ғасырлардағы Батыс Еуропаға тараған реформацияға қарсы діни саяси қозғалыс. Католиктер реформацияға контрреформациямен жауап берді. Протестанттық ілімінің Еуропа құрлығында одан әрі дамуына тежеу қойды. Протестанттыққа қарсы күресте католиктік күштерді біріктіру және папаның беделін өсіру қажет болды. Осы мақсатта испандық дворян Игнати Лойоланың басшылығымен Иезуиттер ордені құрылды. Иезуиттер ордені – бір орталықтан басқарылатын, қатал тәртіпке негізделген, басшыларға сөзсіз бас июдi талап ететін орден. Олар қоғамдық өмірдің барлық саласына белсене араласып отырды.

#### Ойталқы

Реформация қозғалысының қандай тиімді жақтары болды деп ойлайсыңдар?





1. Реформациялық қозғалыс қандай елдерге тарағанын картадан көрсетіңдер.
2. Жан Кальвиннің ұстанымын төменде берілген кластер арқылы көрсетіңдер.



3. Реформациялық қозғалыстың әр елдердегі ерекшеліктерін салыстыру кестесі арқылы айқындаңдар.

Англия	Франция



## §30. ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕРДІҢ ДАМУЫ

Бүгінгі сабағымызда ортағасырлар кезіндегі ғылыми білімдердің дамуымен, адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің маңызымен танысамыз. Ұлы ғұламалар мен олардың еңбектерін оқып білеміз. Кейінгі орта ғасырлар кезеңіндегі Жердің құрылысы туралы ғылыми жаңалықтардың жаратылыстану ғылымдарының дамуы үшін маңызын анықтаймыз.

**Негізгі ұғымдар:**

*ғылыми революция,  
ғарыш өлемі, ғылыми  
көзқарастар мен  
жаңалықтар.*

**Ғылымның дамуы.** Географиялық ашылулар тұсындағы *Колумб пен Васко да Гаманың* саяхаттарынан кейін, басқа теңізшілер де дүниежүзінің түкпір-түкпіріне қауіпті теңіз саяхаттарына шығуды тоқтатқан жоқ. XVII ғасырдың басында Австралия құрлығы ашылды. Орыстар Солтүстік Азияның зерттелмеген жерлеріне еніп, Тынық

мұхит жағалауына шықты. Батыл саяхатшылар құрлықтың, теңіздер мен мұхиттардың көп бөлігін зерттеді. География ғылымы тамаша табысқа жетті.

Ашық теңізде кемеңің қай жерде жүргенін дұрыс анықтау үшін планеталар мен жұлдыздардың қозғалысын жақсы білу керек болды. Дінбасылар Птолемейдің Жер қозғалмайды деген ілімін қуаттады. Бұл ілім Жер мен адамды Құдай жаратты, ол Күн мен ғаламшарларды Жерді айналып жылжуға мәжбүр етті деген діни қиялға қайшы келмеді.

**Коперник Николай.** Ғарыш өлемі жөніндегі діни көзқарастарға Польшаның ұлы ғалымы Николай Коперник (1473–1543) күйрете соққы берді. Ол 1507 жылы Жер және басқа планеталар Күнді айналып жүреді деген тұжырымын ғылыми жолмен дәлелдеді. «*Аспан денелерінің айналысы туралы*» атақты еңбегін жазды.



Николай  
Коперник

Коперник өзінің ашқан жаңалықтарын ұзақ уақыт жариялай алмады. Жаңа ілім оны шіркеудің қуғынына ұшыратып қана қоймай, жаппай кінәлауға және келемежге душар етуі мүмкін еді. Күн жерді айналады дегенге бүкіл дүниежүзі сенетін. Тек Коперник мұны ақиқатқа қайшы деп есептеді. Коперниктің ұзақ жылғы еңбегі – «Аспан денелерінің айналысы туралы» кітабының бір данасы ғана тек 1543 жылы ол қайтыс болар күні жарық көрді. Достары кітабының бірінші данасын қолына ұстатқан кезде ол өлім халінде жатыр еді.



Коперниктің ашқан жаңалығының тарихи маңызы зор. Ол басқа ғаламшарлар және Күн Жерді айналады деген адасушылықтан құтқарып, ғылымда еркін ойлауға жол ашты. Католик шіркеуі бұл қағиданың адамдарға тигізетін ықпалынан шіркеуге нұқсан келеді, беделін түсіріп, адамдардың қорқыныш сезімін азайтады деп қауіптеніп, оларды және оның жақтастарын қатты қудалап отырды. Осыған қарамастан Коперниктің ашқан жаңалықтары ғылымда бүтіндей төңкеріс жасады.

Шіркеу неге ортағасырлық ғұламаларды қудалап отырды?

Коперниктің ілімі негізінде ғаламшарлар қозғалысының заңдылықтарын неміс астрономы *Иоганн Кеплер* (1571–1630) ашты. Католиктердің қудалауы салдарынан Кеплер 1600 жылы Прагаға келіп, даниялық астроном Т. Брагемен бірге жұмыс істеген. Прагада оның оптиканы астрономияға қолдану туралы «Виттелого толықтыру» (1604), «Диоптика» (1611) атты трактаттары және «Жаңа астрономия» (1609) атты құнды еңбегі жарық көрген. Кеплердің жаңалықтары астрономияның ілгері дамуында елеулі рөл атқарды.

Коперниктің ілімі негізінде ғаламшарлар қозғалысының заңдылықтарын неміс астрономы *Иоганн Кеплер* (1571–1630) ашты. Католиктердің қудалауы салдарынан Кеплер 1600 жылы Прагаға келіп, даниялық астроном Т. Брагемен бірге жұмыс істеген. Прагада оның оптиканы астрономияға қолдану туралы «Виттелого толықтыру» (1604), «Диоптика» (1611) атты трактаттары және «Жаңа астрономия» (1609) атты құнды еңбегі жарық көрген. Кеплердің жаңалықтары астрономияның ілгері дамуында елеулі рөл атқарды.

**Бруно Джордано** (1548–1600). Римде ескерткіштер көп. Солардың арасында түнде жарық түсірілмейтін, туристерді де онша маңайлата қоймайтын біреуі бар. Ол жан-жағын ескі үйлер қоршаған тар ауланың ортасында, 1600 жылы лаулап от жанған жерде тұр. Осы отқа Джордано Бруно мен оның тамаша кітаптары өртелген екен. Джордано жас кезінде монастырь мектебінде оқыды. Ол уақытта бүкіл әлемнің орталығы – Жер, ал Күн мен барлық ғаламшарлар Жердің төңірегінде айналады деп түсіндірілетін. Шіркеу діндарлары мұнымен келіспегендердің бәрін қуғынға ұшыратты, ал қарсы тұрғандардың көзін жойды.

Бруно көп жылдар бойы Италия, Франция, Англия, Германияны шарлады. Қайда барса да ол нағыз оқымыстылар үйреткен, өзі шіркеу діндарларына қарсы болған жайттарды білгісі келді. Кейіннен Бруноның өзі де кітаптар жазып, студенттерді оқыта бастады. Ол Польшаның ұлы оқымыстысы Коперниктің Жер Күнді айналады деген көзқарасын құптады. Бруноның батыл ойлары одан әрі өрістей түсті. Ол тіршіліктің Жерде ғана еместігін, әлемнің шексіздігін, оның көптеген дүниеден тұратындығын түсініп қана қоймай, басқаларға да үйретті. Бруно поптар мен шіркеу діндарларын келемеж етті, адамдарды Жер мен аспан сырын ұғынуға шақырды. Ол жалынды өлеңдерінде де, ғылыми



Дж. Бруно



кітаптарында да осылар жайлы жазды. Оқыған лекцияларында да тебірене сөйледі. Оның атақ-даңқы Еуропаның көптеген университеттеріне тарады.

Бірақ шіркеу діндарлары ержүрек ғалыммен келісімге келе алмады. Бір жансыз Бруноның досы болғансып жүріп, оны шіркеу жазалаушыларының торына түсірді.

Бруно сегіз жылдай түрмеде жатты. Оны біресе азаптап қорқытты, біресе өз пікірінен қайтуға көндірмек болды. Бірақ оны қорқыту, көндіру, жасыту тіпті мүмкін емес еді. Ақыры Бруноны «қан төгілмейтін» өлім жазасына кесті. Бұл – тірідей отқа өртеу болатын.

Ақпан айының таңертеңгілік мезгілі еді. Рим қоңырауының күңіренген үні жер жарды. Садақшылар көшесінен гүлдер алаңына қарай шеру тартып, өндеткен монахтар келе жатты. Бұл олардың қаза болған адамдарға оқыған дұғасы еді. Монахтар бүлікші-оқымысты ғалым Джордано Бруноны жазалауға өкелді. Бруноның ерлігі әлі күнге ұмытылған жоқ және ешқашан ұмытылмақ емес.

**Галилео Галилей (1564–1642).** Үлкейткіш оптикалық түтік-телескоппен ең алғаш аспанға көз салған адам әйгілі итальян оқымыстысы *Галилео Галилей* еді.

Голландияда дүрбі түтігі жасалғандығын Галилей 1608 жылы білді. Оған осындай дүрбімен түнгі аспанды бақыласа қайтер еді деген батыл ой келді. Галилейдің өзі *ғылым тарихында тұңғыш екі телескопты* құрастырды. Ол телескоптар, әрине, әлі де жетілдірілмеген еді. Кескінді кішісі бар болғаны 3 есе, үлкені 32 есе ғана үлкейтетін. Соған қарамастан Галилей осындай қарапайым құралдармен-ақ ұлы жаңалықтар ашты.



Галилео Галилей

1609 жылы күзде ол алғаш рет өз телескопын Айға бағыттап, оның бетінің тегіс еместігін, яғни таулары мен аңғарларын айқын көрді. Сөйтіп, Ай сол замандағы кейбіреулердің ұйғарымындай тептегіс хрусталь шар емес, ол да Жерге ұқсас дүние болып шықты. Телескоптың көмегімен Шолпан ғаламшарының да Ай төрізді өзінің пішінін, яки фазасын өзгертіп отыратыны байқалды. Бұл құбылысты Николай Коперниктің тұжырымдағанындай, Шолпан жерді айнала қозғалады демей, күнді айнала қозғалады деп қана түсіндіруге болатын еді. Бөрінен қызықтысы, алып Юпитер ғаламшары болды. Коперник ілімі бойынша, Жер мен басқа да ғаламшарлар Күнді қалай айналса, төрт серігі де Юпитерді солай





айналатын болып шықты. Галилей телескоптың көмегімен көптеген жаңалықтар ашты. Бұлардың бәрі Коперник пен Джордано Бруноның ілімін дәлелдеді. Ол жаңалықтар әлемнің қозғалмайтын кіндігі Жер мен күдіретті Құдайлар тұратын «аспан» жайлы шіркеу қабылдаған Аристотель мен Птолемей іліміне соққы болып тиді.

Коперник ілімін шіркеудегілер сандырақ, бос сөз деп жариялады, ол ілімді таратқан және қорғаған адамды қатал жаза күтіп тұрды. Бірақ Галилей шіркеулік қараңғылықпен батыл күресіп, Коперник ілімінің дұрыстығын дәлелдей берді. 1633 жылы діншілдер 70 жастағы қарт оқымыстыға сот ұйымдастырып, оны ауыр азаптау арқылы өз көзқарасынан бас тартуға мәжбүр етті. Бірақ оқымыстының өз көзқарасынан бұлай қайтуы сырт көзге ғана еді. Ұлы оқымыстыны өмірінің ақырына дейін үй тұтқыны етіп ұстап, өрі оған астрономиядан қандай да бір кітап жариялауға рұқсат бермесе де, ол механика саласынан жаңалықтар ашып, ғылымның дамуына игі әсер етті. Діншілдердің ізіне түсуіне қарамастан, Галилей өзінің ғылыми көзқарасының беріктігін көрсете білді. Кейінірек Галилейдің өз пікірінен бас тартқандығы туралы аңыз шықты. Жердің айналатынына сенбейтінін мойындаған болып, тізе бүккен қалпынан тұра беріп: «Дегенмен, Жер айналады!» деп дауыстады делінеді. Бұл аңызда адамның еркін ойын тұншықтыруға болмайтындығы бейнеленеді. Әлем құпиясын түсіндіру және табиғат заңдарын айқындау үшін ғалымдар алдынан жаңа, даңғыл жол ашылды.

#### Ойталқы

Н. Коперниктің, Д. Бруноның, Г. Галилейдің ғылыми жаңалықтары әлемдік ғылымның дамуына қандай мүмкіндіктер ашты деп ойлайсыңдар?

1. XVII ғасырда ғылымның дамуына не ықпал етті?
2. XV–XVII ғасырларда әлем құрылымы жөніндегі жаңа көзқарастар қалай пайда болды?
3. Дүниенің құрылымы жөніндегі Птолемей мен Коперниктің пікірлерін салыстырыңдар. Коперниктің ғылыми жаңалығы несімен бағалы?
4. Джордано Бруно әлемнің құрылымы жөніндегі түсінікке қандай жаңалық енгізді?
5. Коперник пен Бруноның көзқарасын Галилей қалай дәлелдеді және дамытты?

1. Ғылыми көзқарасы үшін отқа өртелген ғалым
  - а) Николай Коперник
  - в) Франсуа Рабле





- ә) Джордано Бруно  
 б) Галилео Галилей
- г) Уильям Шекспир
2. Ғылым тарихында тұңғыш рет телескопты құрастырушы  
 а) Леонардо да Винчи  
 ә) Галилео Галилей  
 б) Николай Коперник  
 в) Джордано Бруно  
 г) Томас Мор
3. Тұлғаларға қатыстысын сәйкестендіріңдер
1. Н. Коперник
  2. Д. Бруно
  3. Г. Галилей
- а) аспан денелерінің айналысы туралы еңбек жазды  
 ә) жас кезінде монастырь мектебінде оқыды  
 б) 1633 жылы діншілдер оны соттады

- \* 1. Төмендегілердің ғылыми көзқарастарындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарын айтыңдар.

Ғұламалар	Ұқсастықтары	Ерекшеліктері
Н. Коперник		
Д. Бруно		
Г. Галилей		

2. XV–XVII ғасырлардағы ғалымдардың ашқан ғылыми жаңалықтары. Өлемнің құрылымы туралы Николай Коперник, Галилео Галилей, Джордано Бруно ілімдері жайлы реферат жазыңдар.



## ОРТА ҒАСЫРЛАРДЫҢ АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

*Орта ғасырлар тарихы адамзат өмірінің аса маңызды кезеңінің бірі болды.* Орта ғасырлар феодалдық құрылыстың орнауынан басталады. Қоғамның негізгі өндіргіш күші – халық бұқарасы орта ғасырларда еңбек өнімділігін арттыра түсті.

Бұл кезеңде әлем халықтарының өмірге, оның мән-мақсатына деген ой-пікірін, көзқарасын тұжырымдауға зор үлес қосқан жаңа христиан және ислам діндері қалыптасты. Христиан дін-басылары күпірлерді қудалауға ұшыратты. Батыс Еуропа халықтарын Шығыс елдеріне айдап салып отырды.

Орта ғасырларда католик шіркеуін түбірімен қайта құруға бағытталған қозғалыс – *реформация* өріс алды. Оның жақтастары папаның діндарларды басқару құқын мойындаудан бас тартты. Шіркеу жерлерін тартып алуды, монастырьларды жабуды, әулиелерге табынуды жоюды, индульгенция сатуға тыйым салуды, киелі кітапты адамдардың бәрі бірдей оқуға рұқсат берілуін талап етті. Реформация Еуропаның көптеген елдерінде (Солтүстік Германия, Швейцария, Нидерланды мен Англия, Дания мен Швецияда т.б.) жеңіске жетті.

Орта ғасырларда адамға деген жаңа көзқарастан туындаған гуманистік идея өмірге келіп, нығая түсті.

Орта ғасырларда Осман түріктері Византия империясын басып алып, еуропалықтардың Шығысқа баратын жолын жауып тастады. Еуропалықтар өз қазыналарын молайтып отыру үшін Шығысқа теңіз арқылы бет түзеді. Соның арқасында *ұлы географиялық ашылулар* жасалды. Нәтижесінде еуропалықтардың әлем туралы білімі мен ой-өрістері кеңейе түсті. Орта ғасырларда адамзат тарихындағы ұлы жаңалықтардың бірі – кітап басып шығару ісі қолға алынды. Ол білім, ғылым, өнердің кең қанат жаюына мүмкіндік туғызды. Жоғары оқу орындары – университеттер ашылды. Мәдениет қалың халық бұқарасының игілігіне айнала бастады. Көптеген таңғажайып ортағасырлық өнер туындылары дүниеге келді. Ғылым-білімнің дамуы сағат, домна пеші, оқ-дәрімен атылатын қару сияқты құрал-саймандардың ойлап табылуына себепші болды.



Орта ғасырларда мемлекеттік биліктің демократиялық жүйесі қалыптаса бастады. Бұл жүйе адам құқықтарына негізделген заңдар жиынтығын (Юстиниан кодексі, «Яса» т.б.) бекітті.

Орта ғасырларда халықтар мен мемлекеттердің даму деңгейі бірдей емес еді. Ерте орта ғасырлар мен дамыған феодализм кезінде Шығыс елдері шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы жағынан Еуропа елдерінен едәуір алда болып келді. Ал кейінгі орта ғасырларда әсіресе қайта өрлеу дәуірінде даму жағынан Еуропа алға озып шықты.

Батыс Еуропа елдері жаңа капиталистік қатынастарға аяқ басқанда Шығыста феодализм үстемдік құра берді. Ал Африка мен Австралия, Америка мен Азиядағы көптеген елдерде алғашқы қауымдық құрылыс сақталып қалды.

Қорыта айтқанда, орта ғасырлар адамзат тарихындағы шаруашылық пен мәдениеттің қарышты қадаммен алға жылжу кезеңі болды.





## ТАРИХИ ТЕРМИНДЕР

- Аббат** – 1. Католик шіркеуіндегі барлық дін қызметкерлерінің құрметті аты.  
2. Еркектер монастырының басшысы.
- Абсолютизм** – бір адамның (император, король, патша) шексіз билігі. Жоғарғы өкімет билігі толық бір адамның ғана қолында болған басқару түрі.
- Альморавид** – Солтүстік Африкадағы берберлік тайпалар қозғалысы кезіндегі (XI–XII ғғ.) Өулет пен мемлекеттің аты.
- Анабаптистер** – басқаша шоқыншылар.
- Аннал** – қысқаша жылнама.
- Аңқау Жак** – ортағасырлық Францияда дворяндардың шаруаларға қойған келемеж аты.
- Аутодафе** – 1. Күпірлерді жазалау үкімін жиналған көпшілік алдында салтанатты түрде жариялау. 2. Испанияда күпірлерді көпшілік алдында өртеу.
- Өулет** – бір атадан тараған ұрпақтар. Өулет ұғымы елдегі ең жоғары билік лауазымы мұрагерлік жолмен берілген замандардағы билеушілер шежіресін тарату үшін қолданылады.
- Барон** – Батыс Еуропадағы феодалдың атағы. VI–VII ғасырларда ауқатты адамдардың бәрі осылай аталды, ал XI–XII ғасырларда корольдің тікелей вассалы – ірі феодалдар ғана барон аталды.
- Барщина** – орыстың «еңбекпен өтеу салығы» деген сөзі, шаруаның феодал иелігінде тегін істелетін еңбегі.
- Басқақ** – монгол хандарының жаулап алынған жерлердегі салық жинау және халық санын есепке алумен шұғылданатын өкілі.
- Бас штаттар** – феодалдық Франция мен Нидерландыдағы сословиелік өкілдіктің жоғарғы органы. Қалалардың өсуіне, өлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуіне және таптық күрестің күшеюіне байланысты пайда болды. Францияда 1302 жылы Жүзжылдық соғыс қарсаңында шақырылды.
- Бей** – Таяу және Орта Шығыс елдерінде ру-тайпалық, кейінірек ақсүйектерге ғана берілетін феодалдық атақ.
- Бенефиций** – уақытша сыйлыққа берілген жер үлесі.
- Билль** – конституциялық актілердің аты (мысалы, құқық туралы билль).
- Бург** – жау шапқыншылығынан қорғану үшін салынған Батыс Еуропадағы бекініс орны. Кейініректе бург әскери және өкімшілік орталықтарға, сондай-



ақ епископтар резиденцияларына айналды. XIV–XV ғасырларда орталық өкіметтің күшеюіне байланысты және артиллерияның шығуы нәтижесінде бург өз мәнін жойды.

**Буржуазия** – табыс көзі жалдамалы жұмысшылардың еңбегін қанау болып табылатын өндіріс құрал-жабдықтарының иесі, капиталистік қоғамның үстем табы.

**Буеи** – Жапониядағы әскери-поместьелік дворяндар.

**Вақф (вақуф)** – Дели сұлтандығындағы мешіттер мен медреселердің жер иеліктері. Ол мекемелер жабылып қалған жағдайда жер қайтадан мемлекет қарамағына көшіп отырған.

**Вандализм** – мәдениетті, рухани байлықты хайуандық жолмен құрту.

**Вандалдар** – Римді талан-таражға салған герман тайпасы. Олар 455 жылы Римді басып алып, ондағы көптеген теңдесі жоқ өнер туындыларын құртып жіберді. «Вандал» деген сөз дәрекі, шапқыншы, мәдениетті құртушы деген мағынада қолданылады.

**Варварлар** (гректің «жатжерлік адам» деген сөзінен шыққан) – надан, қатыгез адамдар. Гректер мен римдіктер осылай атаған германдықтар шапқыншылығы құлиеленушілік құрылысты жойды.

**Вассал** (фр. «тәуелді», «бағынышты») – ірі феодалдан жер иелігін алып, сол үшін әртүрлі міндеттер атқаратын феодал.

**Ватикан** (латынның «төбе», «қырқа» деген сөзінен шыққан) – Рим қаласының ішіндегі діни қала-мемлекет, Рим папасының мекені.

**Византий** – Босфор бұғазының Еуропа жағалауына орналасқан ежелгі грек елді мекені. 324 жылы император Константин астананы Римнен осында көшірді. 330 жылдан бастап жаңа астана Константинополь деп аталды. 1453 жылы түріктер жаулап алған соң, қала Стамбұл деп атала бастады.

**Византия** – 395–1453 жылдар аралығында өмір сүрген құлиеленуші, кейінірек – феодалдық мемлекет. Орта ғасырларда ресми түрде «Ромейлер империясы» деп аталған.

**Вилландар** – феодалдық тәуелділіктегі шаруалар. Англияда олар басыбайлы болды, ал Франция, Германияда, Италияда вилландар жер иелену кезінде тәуелді болғанымен, жекебас бостандықтары болды.

**Вира** – ерте ортағасырлық Русьтегі ауыр қылмыс өтемі.

**Габсбургтер** – 1516–1700 жылдары Австрия, Чехия мен Венгрияда, Испания мен оның иеліктерінде билік құрған әулет. 1438–1806 жылдардағы «қасиетті Рим империясының» императорлары.

**Гайдуктер** – түріктер үстемдігіне (XV–XIX ғ.) қарсы қарулы күреске қатысушы оңтүстік славян халықтары.



**Герцог** – Батыс Еуропада корольден кейінгі сатыда тұрған ірі аймақ иесі.

**Гильдиялар** (немістің «бірлестік» деген сөзінен шыққан) – көпестер бірлестігі. Англияда қолөнершілер бірлестігі – цехтар да солай аталды.

**Готика** («гот» деген герман тайпасының атынан шыққан) – XII ғасырда Францияда қалыптасып, кейінгі орта ғасырларда бүкіл Батыс Еуропаға тараған көркемдік, негізінен, сәулет өнерінің стилі.

**Гугеноттар** – француз халқының католик дініне қарсы тобы.

**Ғибадатхана** – Құдайға табынатын орын.

**Дарғы, Даруға** – Алтын Ордаға бағынышты қалалардың билеушілері.

**Дворяндар** – мұрагерлік артықшылықтарды пайдаланған жер иеленуші ақсүйектер сословиесі. Дінбасылармен бірге феодалдық қоғамның үстем табы болды. Капиталистік қатынастардың даму барысында дворяндардың басым көпшілігі жаңа жағдайға бейімделіп, буржуазия табының негізін қалады.

**Держава** – ірі мемлекет.

**Домен** (француздың «иелену» деген сөзінен шыққан) – Батыс Еуропадағы феодалдық помещьенің тікелей феодалға тиісті бөлігі. Онда феодал тәуелді шаруалар мен жері, мал-мүлкі жоқ адамдардың еңбегін пайдаланған.

**Епископ** – христиан дініндегі шіркеу округінің басшысына берілетін жоғары атақ.

**Жакерия** – Франциядағы феодализмге қарсы бағытталған 1358 жылғы шаруалар көтерілісі.

**Замок** – феодалдың берік қорғалған мекенжайы, оның жерлерінің әкімшілік орталығы.

**Иезуиттер** – католик сопылардың ордені. Оны 1534 жылы Парижде ықпалды католик сопылары құрған. Орденнің мүшелері қоғамдық өмірге белсенді араласып отырды. Тыңшылық жасау, пара беру, сатып алу, өсек тарату, жала жабу әрекеттері арқылы беделді адамдарды католик дінінің мүддесіне пайдаланды.

**Икона** – католик және православие шіркеулерінде Иисус Христостың, Құдай-ананың діндарлар табынатын суреттері.

**Инданизм** – Үндістанда кең тараған дін, шамамен біздің заманымыздың V ғасырында қалыптасқан.

**Индальгенция** (латынның «кешірімділік», «мейірімділік» деген сөзінен шыққан) – папаға немесе шіркеуге сіңірген еңбегі үшін католик шіркеуінің Рим папасының атынан беріп отыратын күнәні кешіретін куәлігі.

**Инквизиция** (латынның «тергеу» деген сөзінен шыққан) – Рим папасының XIII ғасырда күшірлермен күрес үшін құрған арнаулы соты. Ол католик шіркеуінің





өзіне қарсы пікір білдіруші адамдарды әсіресе озық ойлы оқымыстыларды жазалау мекемесі болды.

**Ислам** – бағыныштылық, өзін жаратушы Аллаға бағыштау. Дүниежүзінде кең тараған діндердің бірі.

**Испания** – Осман түріктері империясындағы барлық еңбек етіп жүрген адамдарға салынған ақшалай салық.

**Кадастр** – мүліктің жергілікті жария тізімдемесі.

**Кальвинизм** – негізін Жан Кальвин (1509–1564) қалаған протестанттық ұйым.

**Капитализм** – өндіріс құрал-жабдықтарына жекеменшіктікке және капиталдың жалдамалы еңбекті қанауына негізделген қоғамдық-экономикалық формация (қатынас).

**Каролингтер** – Франк мемлекетіндегі корольдердің, кейінірек – императорлардың әулеті. Ұлы Карлдың (768–814) атынан шыққан. Әулет 751 жылы Меровингтердің орнына келді, X ғасырда биліктен айырылды.

**Католик** (гректің «әлемдік», «бүкіл дүниежүзілік» деген сөзінен шыққан) – 1054 жылы христиан дініндегі халықтар екіге бөлінгеннен кейінгі Батыс Еуропа халықтары ұстанған христиан дінінің бір түрі.

**Конституциялық монархия** – монархтың Парламентпен шектелген мемлекеттік билігі.

**Коммуна** – өзін-өзі басқаратын қалалық қауым.

**Кортес** – Испаниядағы сословиелік өкілдіктің органы.

**Күпірлер** (гректің «ерекше діни ілім» деген сөзінен шыққан) – үстем діннің басты қағидалары мен ұйымдық құрылымын мойындамайтын ерекше діни нанымды ұстанушылар.

**Қалан** – монғолдар билігі орнаған жерлердегі екіншілерге салынған салық.

**Қапшыыр, қопчур** – монғолдардың қол астындағы халықтардың мал басынан төлеп тұрған салығы.

**Құрылтай** – Шыңғысхан әулетінің басшылығымен өтіп тұрған монғол ақсүйектерінің кеңесі.

**Лен** – вассалдың қожасынан қызмет ету үшін алып отырған жер үлесі.

**Ливон ордені** – 1237 жылы құрылған рыцарьлардың католиктік және әскери-саяси ұйымы.

**Лорд** – ортағасырлық Англиядағы жер иеленуші феодал. Бірте-бірте ол ағылшын дворяндарының ең жоғарғы, ортақ атағына айналды.

**Лютерандық** – негізін Мартин Лютер (1483–1546) қалаған протестанттық



діни ілімнің бір түрі. XVI ғасырдағы реформация барысында Германияда қалыптасты. Германия мен скандинавиялық елдерде кеңінен тараған.

**Магистрат** – қалалық басқарма.

**Майордом** (латынның «үлкен үй» деген сөзінен шыққан) – Франк мемлекетіндегі V ғасырдың аяғы – VIII ғасырдың ортасындағы сарай меңгерушісі, ең жоғарғы мемлекет басшысы.

**Мануфактура** (латынның «қол ісі» деген сөзінен шыққан) – қол еңбегі қолданылған ірі кәсіпорындар.

**Меровингтер** – Франк мемлекетінде 481–751 жылдары билік құрған корольдер әулеті. Аса көрнекті өкілі – Хлодвиг (481–511).

**Миссал** – дұға сөздері жазылған кітап.

**Мозаика** – бір-біріне тығыз қиыстырылып түрлі түсті өйнек пен металл сынықтарынан, тастардан құрастырылған бейне немесе өрнек.

**Монарх** (гректің «жеке-дара билеуші» деген сөзінен шыққан) – монархияның басында тұрған тұлға (патша, король, император, фараон, сұлтан, шах т.б.).

**Монархия** – мемлекеттегі жоғарғы формалды түрде (толық немесе жартылай) жеке-дара мемлекет басшысының – монархтың қолына шоғырланған билік түрі, сондай-ақ биліктің осындай түрі орнаған мемлекет.

**Монах** (гректің «жалғыз» деген сөзінен шыққан) – жападан-жалғыз өмір сүруші; діни қауымға кірген және монастырь жарғысының талабына сай сопылық құруға уәде берген адам.

**Натуралды шаруашылық** – өнімді айырбас үшін емес, тек өз қажетіне ғана арнап өндіретін томаға-тұйық шаруашылық.

**Ника** (гректің «жеңу» деген сөзінен шыққан) – 532 жылғы 11–17 қаңтар аралығында Шығыс Рим империясы – Византияның астанасы Константинопольде болған халық көтерілісі.

**Нормандардың Англияны жаулап алуы** – Нормандия герцоги Вильгельм басқарған норман феодалдарының 1066 жылы Англияға басып кіруі.

**Нотабель** – Франциядағы жоғарғы дінбасшыларының, қала тектілерінің өкілі.

**Оброк** – феодалдық басыбайлы шаруаның азық-түлікпен немесе ақшалай төлейтін жер салығы.

**Ордонанс** – Франция, Англиядағы корольдің жарлығы.

**Пайғамбар** – діни ұғымда Құдайдың айтқан сөздерін адамдарға жариялау үшін арнайы жіберген адамы.

**Папалық** – Рим папасы басқарған католик шіркеуінің діни монархия орталығы.



- Парламент** (ағылшын, француздың «сөйлеу» деген сөзінен шыққан) – буржуазиялық мемлекеттегі жоғарғы заң шығарушы өкілдік орган. Сословие өкілдерінің органы ретінде Англияда парламент алғаш XIII ғасырда құрылды.
- Патриарх** (гректің «әке», «басшы» деген сөзінен шыққан) – кейбір елдердегі православиелік шіркеудің басшысы.
- Подъячий** – XVI–XVIII ғасырдың басындағы Ресей өкімшілігіндегі төменгі шен. Дьяктардың басшылығымен подъячийлер орталық және жергілікті мемлекеттік мекемелерде негізгі ісқағаздарын жүргізумен айналысты.
- Райя** – Осман түріктері империясындағы бүкіл салық төлеуге міндетті халық.
- Ратуша** – Еуропа елдеріндегі ортағасырлық қалалық басқару мекемесі.
- Реакция** – озық қоғамдық қатынастарға қарсы бағытталған кертартпа әрекет.
- Реализм** – көркемдік әдіс, яғни нақты өмір құбылыстарын көркем шығармашылықтың өзіне тән бейнелеу құралдары арқылы шыншылдықпен суреттеу тәсілі.
- Реконкиста** (испанның «қайтарып алу» деген сөзінен шыққан) – VIII–XV ғасырлардағы Пиреней түбегі халықтарының арабтар жаулап алған жерлерін қайтарып алуы.
- Ренессанс** (француздың «қайта өрлеу» деген сөзінен шыққан) – Батыс және Оңтүстік Еуропа елдеріндегі ортағасырлық мәдениеттен жаңа заман мәдениетіне өту дәуірі. Ол Италияда шамамен XIV–XVI ғасырларда, басқа елдерде – XV–XVI ғасырларда орын алды.
- Реформация** (латынның «қайта құру», «жаңарту» деген сөзінен шыққан) – XVI ғасырдағы Батыс және Орталық Еуропадағы католик шіркеуіне қарсы, оның әлеуметтік-саяси құрылымына өзгерістер енгізуді талап еткен қуатты қоғамдық-саяси және діни қозғалыс.
- Ронин** – Жапониядағы кедейленген самурайлар.
- Рыцарь** – (немістің «атты жауынгер» деген сөзінен шыққан) – атты әскер қатарында сеньорына қызмет етуге міндетті феодал.
- Самурай** – Жапониядағы ұсақ дворяндардың әскери-феодалдық сословиесі.
- Санжак** – Осман түріктері империясындағы облыс.
- Санскрит** – ежелгі және орта ғасырлардағы үнділіктердің әдеби тілі.
- Сарациндер** – Батыс Арабия халықтарының аты.
- Сасани әулеті** – III–VII ғасырларда Таяу және Орта Шығыста билік құрған Иран әулеті.
- Сейм** – орта ғасырлардағы Польша, Литва, Чехия және бірқатар Шығыс Еуропа елдеріндегі сословиелік-өкілдік мекеме.





- Сеньор** (француздың «үлкен» деген сөзінен шыққан) – орта ғасырлардағы Батыс Еуропадағы жер иесі, феодал. Тар мағынада – вассалдың мырзасы, қожасы.
- Сервтер** (латынның «күл» деген сөзінен шыққан) – орта ғасырлардағы феодалдарға басыбайлы шаруалар тобы.
- Сегун** – жапонның әскери қолбасшысы. Ол өкімет басшысы да болды.
- Сипахилер** – Осман түріктері империясындағы сұлтанның жер иеліктерін алып, ол үшін әскер жасақтап, феодалдың атты әскері қатарында әскери міндет атқарды.
- Сойырғал** – Темір ұрпақтарының кезіндегі шартты түрде сыйға беріліп тұрған жер үлесі.
- Статут** – Англия және тағы басқа кейбір елдердегі заңның аты.
- Сунна** – мұсылман қауымы өмірінің әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын, Мұхаммед пайғамбардың сөзі мен істерін дәріптейтін аңыз-өңгіме жинағы.
- Сюзерен** – өзіне тәуелді феодалдардың иесі болып саналатын ірі феодал, сеньор (барон, граф, герцог, князь).
- Тағар** – Ақ Ордада, Моғолстанда әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету (жабдықтау) үшін жиналған салық.
- Тамғаш** – Алтын Ордаға бағынышты қалалардың билеушілері.
- Тархан** – 1) ортағасырлық түрік халықтарындағы феодалдардың, сондай-ақ кейбір салықтан босатылған адамдардың атауы; 2) мемлекеттік салықты төлеуден босатылған Закавказье, Орталық Азия, Қазан, Астрахан және Қырым хандықтарының жері мен мүлкі.
- Таурат** – иудаизм мен христиандықтың қасиетті кітабы.
- Тевтон ордені** – XIII–XVI ғасырларда неміс католиктері құрған діни-рыцарьлық ұйым.
- Технология** – өндірістің әдіс-тәсілі туралы ғылым.
- Тиран** – әрекеттері зорлық-зомбылыққа негізделген басшы.
- Тордесильяс келісімі** – Рим папасының төрелік етуімен 1494 жылы жасалған келісім. Ол бойынша Атлант мұхитының дәл ортасынан батысына қарай жаңадан ашылған жерлер испандықтар иелігіне, ал шығысқа қарайғы жерлер португалдықтар иелігіне өтті.
- Тоталитарлық** – жойқын билік.
- Университет** (латынның «жиынтық» деген сөзінен шыққан) – құрамында ғылыми білім негізін қалайтын әртүрлі пәндерді қамтитын бірнеше факультеттері бар жоғары ғылым-білім ордасы.



**Уния** – мемлекеттердің бір одаққа бірігуі.

**Утопия** (гректің «жоқ жер» деген сөзінен шыққан) – бұл терминді ең алғаш ағылшын ойшыл-гуманисі Томас Мор қолданды. Ол өзінің бірде-бір кемшілігі, қайшылығы жоқ қоғамын орнатпақшы болды. Ол қоғамды «утопия» деп атады.

**Ұшыр (үшір)** – Осман түріктері империясындағы халықтың өнім түсімінен төлеген салығы.

**Феод** – феодалдық қоғамдағы жер иелігінің негізгі түрі. Жер әкеден балаға мұрагерлікке берілді. Жерге оның қожасының толық меншігі орнады.

**Феодализм** – өндірістік қатынастардың негізін феодалдар тобының жерге жекеменшіктігі құрайтын қоғамдық-экономикалық формация. Феодалдар шаруаларды жерді пайдаланғаны үшін міндеткерліктер өтеуге, яғни еріксіз жұмыс істеуге мәжбүр етті.

**Феодалдық рента** (француздың «қайтарып беру» деген сөзінен шыққан) – феодалдың жалға берген жерінен жинап отыратын салығы.

**Флот** – теңіз кемелерінің жиынтығы.

**Фреска** – үйдің қабырғасына сылағы кешпей тұрғанда бояумен салынатын кескіндеме.

**Халиф** – Мұхаммед пайғамбар өлгеннен кейін арабтар мемлекетінің басшысы болған орынбасарлары.

**Халифат** – халифтер басқарған исламдық Араб мемлекеті, оның құрамына кірген елдер.

**Харадж** – ислам дінін қабылдаған елдердегі жер салығы.

**Хартия** – қоғамдық-саяси мәнді бағдарламалық құжат.

**Хроника** – жылнама, тарихи оқиғалар тізбегі.

**Цехтар** – феодалдық қаладағы қолөнершілердің бірлестігі, экономикалық-саяси және соғыс одағы. Негізгі мақсаты – қолөнершілердің мүддесін қорғау. Цехтардың өз жарғысы, таңбасы, туы болды.

**Чомпилер** – орта ғасырлардағы Италияның Флоренция қаласындағы тоқыма кәсіпорындарының жұмысшылары. 1378 жылы маусым айында олар көтеріліске шығып, қала басшыларының алдына жағдайларын жақсарту жөнінде талап қойды. Көтеріліс жеңіліп, жұмысшылардың талаптары орындалмай қалды.

**Инжу** – Шыңғысхан өулетінен шыққан билеушілерге бөлініп берілген жер үлесі.

**Эпицикл** – дүниенің геоцентрлік жүйесінде ғаламшарлардың қозғалысын түсіндіру үшін енгізілген қосымша шеңбер.

**Юстиниан заңдары** – Византия императоры I Юстинианның (527–565) заңдар



жинағы. Заңдар императордың шексіз билігін, құлиеленушілік құрылысты нығайтуды, меншік құқын қорғауды көздеді.

**Янычар** – сұлтандық Түркиядағы полицейлік және жазалаушылық қызметтерін жауынгерлік қызметімен қоса атқарған, артықшылық жағдайдағы (1826 жылға дейін) жаяу әскер. Алғаш құлдыққа айдап әкелінген жастардан құрылды.

**«Яса» («Жасақ»)** – Шыңғысханның 1206 ж. ұлы хан болып сайланған кезінде жарияланған заңдары мен ережелерінің жиынтығы.





## ӘДЕБИЕТТЕР

*Агаджанов С.Г.* XI–XII ғасырлардағы салжұқтар мемлекеті және Орта Азия. – М., 1991 (орыс тілінде).

*Алексеев В.М.* Отыз жылдық соғыс. – Л., 1961 (орыс тілінде).

*Альтамира-и-Кревеа Р.* Испания тарихы. – М., 1951 (орыс тілінде).

*Бодо Харенберг.* Адамзаттың даму хроникасы. Бельгия, 1996 (орыс тілінде).

*Большаков О.Г.* Халифат тарихы. – М., 2000 (орыс тілінде).

*Васильев Л.С.* Шығыс елдері тарихы. – М., 2001 (орыс тілінде).

*Виппер Ю.Р.* Орта ғасырлар тарихы. – М., 1993 (орыс тілінде).

*Григорий Турский.* Франктер тарихы. – М., 1987 (орыс тілінде).

*Гумилев Л.Н.* Қиял патшалығын іздеу. – А., 1992.

*Гурьевич А.Я., Харитонович Д.Э.* Орта ғасырлар тарихы. – М., 1964 (орыс тілінде).

*Гутнова Е.В.* XIII ғасырдағы ағылшын парламентінің құрылуы. – М., 1960 (орыс тілінде).

*Зардыхан Қинаятұлы.* Шыңғысхан және Қазақ мемлекеті. – А., 2010.

*Жапония тарихы.* 2 томдық. – М., 1999 (орыс тілінде).

*Левандовский А.П.* Жанна д'Арк. – М., 1982 (орыс тілінде).

*Любимов Л.* Батыс Еуропа өнері. – А., 1982.

*Магидович И.П.* Географиялық ашылулар тарихының очерктері. – М., 1957 (орыс тілінде).

*Монғолдың құпия шежіресі.* – А., 1998.

*Орта ғасырлардағы Үндістан тарихы.* – М., 1968 (орыс тілінде).

*Орта ғасырлар тарихының хрестоматиясы.* 3 томдық. – М., 1963–1965 (орыс тілінде).

*Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы.* – М., 1987 (орыс тілінде).

*Орта ғасырлар тарихы.* С.Д. Сказкиннің редакциялық басшылығымен. 2 томдық. – М., 1978–1979 (орыс тілінде).

*Орта ғасырлардағы және жаңа кезеңдегі Түркия тарихы.* – М., 1992 (орыс тілінде).

*Пирени А.* Нидерланды революциясы. – М., 1957 (орыс тілінде).

*Полянский Ф.Я.* Феодализм жағдайындағы тауарлы өндіріс. – М., 1969 (орыс тілінде).

*Тортаев С.Ә.* Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы. Оқулық. – А., 2009.

*Тропикалық Африка тарихы.* – М., 1984 (орыс тілінде).

*Фильшинский И.М.* Арабтар және араб халифаты тарихы. – А., 2001 (орыс тілінде).

*Франция тарихы.* – М., 1972 (орыс тілінде).

*Шабани Риза.* Иран тарихы. – А., 2002.



*Оқулыққа С.М. Мәшімбаев, С.Ә. Тортаев, М. Мәженова, В. Ткаченконың 2016 жылы жарық көрген «Орта ғасырлардағы дүние жүзі тарихы» басылымының материалдары пайдаланылды.*

#### ЭЛЕКТРОНДЫ ҚОРЛАР

<http://www.shpl.ru/>  
[www.inion.ru](http://www.inion.ru)  
<http://www.rsl.ru>  
<http://elibrary.rsl.ru>  
<http://www.britannica.com>  
<http://ru.wikipedia.org/wiki>  
<http://www.gaudeamus.omskcity.com/>  
[www.megabook.ru](http://www.megabook.ru)  
<http://smallbay.ru/>  
<http://philosophy.ru>  
<http://old-ru.ru>  
<http://grachev62.narod.ru/>  
<http://militera.lib.ru/>  
<http://www.ruspiano.net>



## МАЗМУНЫ

Кіріспе .....	3
<b>Бірінші тарау. РИМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ</b>	
§1. «Орта ғасырлар» түсінігі .....	4
§2. Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі және Батыс Рим империясының құлауы .....	8
§3. Византия – Римнің мұрагері .....	13
§4. Киев Русінің құрылуы .....	19
<b>Екінші тарау. ФЕОДАЛИЗМ</b>	
§5. Феодалдық қоғамның негізгі белгілері мен ерекшеліктері .....	24
§6. Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы .....	28
§7. Ортағасырлық қалалар мен өнер дамуының ерекшеліктері .....	33
<b>Үшінші тарау. ИСЛАМ ТАРИХЫ</b>	
§8. Ислам дінінің пайда болуы. Араб халифаты .....	39
§9. Мұсылман әлемі мәдениетінің дамуы .....	44
<b>Төртінші тарау. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ</b>	
§10. Крест жорықтарының себептері, барысы мен салдары .....	49
§11. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа және мұсылман әлемі ...	55
<b>Бесінші тарау. МОНГОЛДАР</b>	
§12. Монғол империясы .....	61
§13. Еуразия этносаяси картасының қалыптасуына монғол шапқыншылығының әсері .....	67
<b>Алтыншы тарау. XIV–XVI ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМ</b>	
§14. Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісі .....	73
§15. Феодалдық соғыстар .....	76
§16–17. Еуропадағы орталықтанған мемлекеттердің құрылуы .....	79
<b>Жетінші тарау. БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТАҒЫ АБСОЛЮТИЗМ</b>	
§18. Франциядағы абсолютизмнің қалыптасуы .....	86
§19. Англия мен Ресейдегі абсолютизм .....	89
§20. Қытай мен Жапония абсолютизм кезеңінде .....	95
§21. Осман империясының дамуы .....	100



**Сегізінші тарау. САУДА, ҚОЛӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛЕМДІ ИГЕРУ**

§22–23. Халықаралық саяхаттар. Ұлы географиялық ашылулардың қажеттілігі .....	105
§24. Ұлы географиялық ашылулар және олардың нәтижелері.....	111

**Тоғызыншы тарау. ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ**

§25. Батыс Еуропада қайта өрлеу мәдениетінің қалыптасуы .....	118
§26. Гуманизм идеялары .....	123
§27. Шығыстың ортағасырлық мәдениеті.....	127

**Оныншы тарау. РЕФОРМАЦИЯ**

§28. Реформацияның себептері, Мартин Лютер мен Томас Мюнцер .....	133
§29. Реформацияның Еуропа елдеріне таралуы.....	137

**Он бірінші тарау. ҒЫЛЫМИ РЕВОЛЮЦИЯ**

§30. Ғылыми білімдердің дамуы .....	140
Орта ғасырлардың адамзат тарихындағы маңызы .....	145
Тарихи терминдер .....	147

**О қ у б а с ы л ы м ы**

**Айтбай Роза Түймебайқызы  
Қасымова Әлия Қажымахметқызы  
Ешмұқамбетов Алтай Оралханұлы**

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ**

**Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық**

**Редакция меңгерушісі *Ә. Пірманов*  
Редакторы *Г. Нұрланқызы*  
Көркемдеуші редакторлары *А. Ысқақов, В. Пак*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Ү. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева***

**ИБ №067**

Теруге 24.01.2018 берілді. Басуға 25.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 11,7.  
Есептік баспа табағы 9,92. Таралымы 80 000 дана. Тапсырыс №3465.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

